


42005
326 1/2




ЖЕТІНШІ СӨЗ

ТУРСЫН СУЛТАНОВ
КАЗАК ХАНДЫҒЫНЫҢ
ТАРИХЫ








Жемишчи сар
Жемишчи
Жемишчи
Жемишчи
Жемишчи сар
Жемишчи

1549057



seminari cöz
seminari cöz
seminari cöz
seminari cöz
seminari cöz
seminari cöz


Ұрас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен
туады: біреуі - ішсем, ұрсым, ұйқтасам деп
туғайды. Бұлар - тәңнің құнары, бұлар болмаса,
тәң ұранға қонақ үй бола алмайды. Нәм өзі
өспейді, қуат тапмайды. Біреуі - білсем екен
дегендік. Не көрсө соған талпынып, ұралтыр-
ұралтыр еткен болса, оған қыздырып, аудына
салып, Әкім таптып қарап, тамағына, бетіне
басып қарап, сырнай-көрней болса, аяғына
ұмтылып, оған ұрғызтқырғанға ит ұрса да, мал
шұласа да, біреу күлсе де, біреу ұрыласа да туға
ұрығып, "ол немене?", "бұл немене?" деп, "ол неге
ұйып?" деп, "бұл неге бүгілді?" деп, көзі көрсек,
қулағы естігеннің бәрін сурап, тыныштық
көргейді. Мұның бәрі - ұран құнары, білсем
екен, көрсем екен, ұйырсем екен деген.

Дүниенің көрінген нәм көрінбеген сырғы
түсімен, ең болмаса денем білмесе, адамдықпен
орны болмайды. Оны білмесе соң, ол ұран адам
ұраны болмай, айуан ұраны болады.

Әзілме құдай тағала айуанның ұранынан
адамның ұранын ірі ұрағатқан, сол әсерін
көрсетіп ұрағатқанды. Сол қуат ұрытпаса, ми
толмаған есіз бала күнделі "бұл немене, ол
немене?" деп, бір көрсені сурап білсем екен деген,
ұйқы, тамақ та есіңізден шығып кететүген
құнарлылығы, ұрғызтқан соң, ақыл кіргені,
орнын тауып іздеп, кісіні тауып суранып,
ғылым тапқандардың ұрығына
неге салмайды еміз?

Сол өрістепіп, өрісіңізді ұдартып, құнарланғып
ұрыған қазынаңызды көбітсек керек, бұл ұранның
тамағы ғи. Тәңнен ұран артық ғи, тәңні
ұранға бас ұрғызса керек ғи.

Абай. Қара сөздер. Ұрғызтқыр сөз.



ТҰРСЫН СҰЛТАНОВ

ҚАЗАК
МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ
ҚҰРЫЛУЫ.
ҚАЗАК
ХАНДЫҒЫНЫҢ
ТАРИХЫ

АЛМАТЫ • МЕКТЕП



55549

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰАТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЧЕСКАЯ БИБЛИОТЕКА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КІТАПХАНА


АТАНЫҢ ҰЛЫ ЕРЛЕРГЕ
МАЛЫҢДЫ БЕР ДЕ БАСЫҢ ҚОС.
БАСЫҢДЫ ҚОС ТА БЕК СЫЙЛАС.
КҮНДЕРДІҢ КҮНІ БОЛҒАНДА
БАСЫҢ ЖАУДА ҚАЛАР МА!

Шалкиіз-жырау




ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ









ҚЫПШАК
ДАЛАСЫ


Қазақ хандығы XV ғасырдың екінші жартысында Шығыс Дешті Қыпшақты билеген Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тараған әулеттің бір тармағы Шибан әулеті билігінің құлауы нәтижесінде пайда болды. Жоғарғы билік сол әулеттің тағы бір тармағына жататын Орыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандардың қолына көшті. Қазақ хандығының құрылуы көшпенділердің жаңа мемлекетінің пайда болуының бірегей мысалы бола алады. Бұл құбылыстың табиғатын тереңірек түсіну үшін бірнеше ғасырға кейін шегініп, Шыңғыс хан империясының және Шыңғыс ұрпақтары ұлыстарының құрылу кезеңіне қайта бір оралып көрейік. Ең алдымен «Дешті Қыпшақ» термині жайлы бірер сөз айта кеткен жөн.

Жаңа дәуірдің екінші мыңжылдығының басында Ертістен күнбатысқа қарай созылып жатқан ұлан-асыр кең дала Шығыста қыпшақ атымен белгілі болған түркі тілдес көшпенді тайпалардың қонысына айналды. Орыстар оларды *половцевтер*, Орталық Еуропа *қумандар* деп атады. Қыпшақ тайпаларының ықпалды болғандығы сондай, шығыстағы Ертістен батыстағы Днестрге дейінгі ұлы дала XI ғасырдан бастап **Дешті Қыпшақ** (парсы тілінде Қыпшақ даласы), орыстарда **Половцевтер даласы**, Еуропада **Кумания** аталды.

Дешті Қыпшақ Батыс Дешті Қыпшақ және Шығыс Дешті Қыпшақ болып екіге бөлінді. Батыс Қыпшақ даласы шығыстан батысқа қарай Жайық өзенінен (XVIII ғасырдан бастап Орал) Днестрге шейін, оңтүстіктен солтүстікке қарай Қара және Каспий теңіздерінен Елек қаласына (оның қалдықтары қазіргі Саратов қаласының маңында) шейін созылып жатты. Шығыс Дешті Қыпшақ шекарасы шығыста Ертіс, батыста Жайық, солтүстікте Тобыл, оңтүстікте Балқаш көлі мен Сырдарияның орта тұсына тірелетін өңірлер болды.

В. В. Бартольдтың айтуы бойынша, Даланы хандар биледі, бірақ барлық қыпшаққа ортақ хан болып көрген емес; Қыпшақ даласының әр аймағында — батысында да, шығысында да, — билік бір мезгілде бірнеше ханның қолында болды. XII ғасырда Шығыс Дешті Қыпшақтың мұсылман емес өлкесінің астанасы Сырдарияның орта тұсының оң жағалауына орналасқан Сығанақ қаласы болды. XIII ғасырдың басында Шығыс Дешті Қыпшақ хандарының бірі Күнжек болатын. Рашид ад-Диннің «Шежірелер жинағына» жүгінсек, Шығыс Дешті Қыпшақты монғолдар басып алған кезде, Күнжек өз ұлы, құралайды көзге атқан мерген Құмырмыш-Күнжи екеуі қолға түсіп қалады да, Шыңғыста хан шатырын ұстаушыларының басшысы қызметін атқарады. Бұл бір айрықша шатыр болушы еді, ол билеушінің төбесіне ұсталып, Шығыс елдерінде монарх мәртебесінің сыртқы рәмізі ретінде бағаланатын. Шығыс қыпшақтарының сол бір соңғы билеушісінің одан арғы тағдыры беймәлім.





АЛТЫН ОРДА
ЖӘНЕ ОНЫҢ ҮДЫРАУЫ


Шыңғыс хан 1227 жылы тамызда қайтыс болды, бірақ жаулап алу жорықтарын оның ұрпақтары әрі қарай жалғастыра береді. 1235 жылы ханзадалар мен ақсүйектер бас қосқан бүкілмонғолдық құрылтайда солтүстік-батыс елдерін жаулап алып, оларды Шыңғыс ханның өзінен бұрын, 1227 жылдың басында өлген үлкен ұлы Жошының ұлысына қосып беру жайында ұйғарым жасалады, әкесі тірі кезінде табыстаған ұлыс әлі де Жошы ұлысы аталатын. Монғол әскерлерінің бас қолбасшысы болып Жошының екінші ұлы Бату (Батый) тағайындалады.

Жеті жылға (1236—1242) созылған Бату шапқыншылығы кезінде Еуразияның бейнесі адам танымастай өзгерді. Еділ бойы болгарларының мемлекеті жойылды, батыс қыпшақтарының әулеті құрып бітті, олардан басқа да бірқатар дербес елдер мен билік басындағы әулеттердің аты біржола өшіп тынды. Тарихта тұңғыш рет Ертістен басталатын Ұлы Дала, шын мәнінде тіпті шығыстағы Енесайдан күнбатыстағы Дунайға дейінгі ұлан-ғайыр қоныстың бәрі бір ғана әулеттің — Жошының еркек кіндік ұрпақтарының — қолына көшіп, солардың иелігіне айналды.

Жошы ұрпақтары иелігінің солтүстік шеті енді Болгар қаласы (қазіргі Татарстан аумағы) мен Башқырд облысы, оңтүстік шекарасы Кавказдағы Темір Қакпа (Дағыстандағы Дербент қаласы) болды; Жошы ұлысының оңтүстік-шығыс аумағы Жоғарғы Ертістен Алакөлге дейін, одан әрі Көкше теңіздің (XVIII ғасырдан бастап — Балқаш) оңтүстігі арқылы Сырдарияға қарай ойысқан байтақ өлкені құрады. Одан әрі шекара Сырдарияның орта тұсы өңірі арқылы, Арал теңізінің оңтүстігі, Солтүстік Хорезм мен Үргенішті қоса (Әмударияның төменгі саласы) Үстірт жазығы мен Маңғыстауға қарай созылып кете береді.

Жошы ұлысының алғашқы билеушісі Бату, әкесінің інілері Үгедей мен Шағатай өлген соң (1241 жылдың соңы, 1242 жылдың басы), XIII ғасырдағы парсы жылнамашысы Жувеинидің айтуы бойынша, «барлық ханзадалардың үлкені (*аға*)» болып есептеледі де, аса зор беделге ие болады, тіпті кей тұста жоғарғы билеушінің дәрежесіне дейін көтеріледі. Сөйте тұра ол өмірінің соңына дейін Монғол империясындағы екінші адам болып қала берді де, дербес мемлекеттің басшысы бола алған жоқ. 1227—1255 жылдары билік жүргізген Батудың тұсында да, одан кейінгі оның алғашқы мұрагерлері Сартақ, Ұлақшы, Беркелер билеген кезде де, Жошы ұлысы Монғолиядағы Қарақорым орталығына қарайтын ұлан-байтақ Монғол империясының бір құрамы ғана болып қала берді.

Жошы ұрпағы саяси тәуелсіздікке тек Батудың немересі Мәңгі-Темір (1267—1280) билеген жылдары ғана қол жеткізді. Жошы ұлы-



сы билеушілерінің ішінен сол ғана алғаш рет өз атынан «ұлы хан дәргейіндегі» атақпен теңге шығарып, жарлық үлестіретін болды. Айталық, орыс дінбасыларына тапсырылған жарлықта оның 1267 жылы тамыз айында берілгені көрсетілген.

Сөйтіп, XIII ғасырдың 60-жылдарының соңына қарай Жошы ұлысы жалпы империялық орталықтан бөлініп, өз алдына дербес мемлекет болып шығады. Ұзақ жылдар бойына әр түрлі билеушілер басқарып келген монғолдың осынау жаңа мемлекеті мұсылман авторларының жазбаларында да, орта ғасырлардағы ресми құжаттар мәтіндерінде де әр түрлі, көбіне тіпті ел билеушілердің атымен байланысты сөздермен аталып келген. Толық емес тізімнің бір түрі мынадай: Жошы ұлысы, Дешті Қыпшақ, Қыпшақ, Бату үйі, Берке елі, Ұлық ұлысы, Солтүстік патшалық, Тоқмақ, Тоқмақ ұлысы, Өзбек мемлекеті, Өзбек ұлысы.

Жошы әулеті билеген мемлекет зерттеме әдебиетте **Алтын Орда** атымен белгілі болып келді. Осы жерде айта кететін бір нәрсе, «Алтын Орда» атауы ол кезде жоқ болатын. Бұл атау Алтын Орда мемлекеті әбден ыдырап біткеннен кейін — XVI ғасырдың екінші жартысында, тек қана орыс әдебиетінде пайда болды. Осының өзінде орыс нұсқаларындағы «Алтын Орда» атауы тек қана Жошы хандығының орталық және батыс өңірін ғана білдіріп қоймай, хан ордасы деген ұғымды қоса атқарған. Біртұтас Жошы ұлысының аты ретінде «Алтын Орда» ұғымы тарихи еңбектер беттерінде тек XIX ғасырда ғана біржолата орнықты.

Жошы әулеті иелігінің құрамында әр түрлі тілде сөйлетін, мәдениеттің әрқилы деңгейінде тұрған, түрлі дін ұстанған көшпенділер де, отырықшы халықтар мен тайпалар да болды. Мәдениетті елдермен араласу, Шыңғыс әулетіне қараған әскери-көшпенді ақсүйектердің мұсылман дәстүріне бейімделуі Жошы ұлысының алғашқы негізгі құрылымын өзгерткен жоқ. Экономикалық тұрғыдағы әр түрлілік болмаса, Жошы ұрпақтарының мемлекеті саяси құрылымы жағынан шын мәніндегі көшпелі мемлекет қалпында қала берді де, үш әскери-әкімшілік округке: оң қанат, сол қанат және орталық болып бөлінді, өз кезегінде олар да ұлыстар не ордалар деп аталған ұсақ үлес-иеліктерге бөлініп отырды.

Алтын Орданың алғашқы астанасы Бату ханзада XIII ғасырдың 50-жылдарының басында Еділдің төменгі саласы Ақтұба өзенінің сол жағалауына салдырған Сарай (парсы тілінен) қаласы болды. XIV ғасырдың 30-жылдарының басында Сарай әл-Жадид (Жаңа Сарай) салынып, Алтын Орда мемлекетінің астанасы сонда көшірілді (1395 жылы Әмір Темір әскері қиратқан бұл қаланың қалдығын Ресейдің Волгог-

рад облысына қарайтын Царев селосы маңынан табуға болады). Әйтсе де Сарай да, Сарай әл-Жадид те Алтын Орда хандарының тұрақты ордасы бола алған жоқ. Алтын Орданың тұңғыш билеушілері Бату мен оның інісі Беркеден бері қарай екі резиденциялы жүйе қалыптасқан болатын: Сарай қаласы (кейіннен Сарай әл-Жадид) қала тірлігі мен сауда орталығы болып қала берді де, елдің саяси өмірінің орталығы — ханның көшпелі резиденциясы, елдің тіршілік-мүддесі, билік-жарлық, қысқасы мемлекет ісінің барша басқару жүйесі орналасқан хан ордасы болып саналды.

Бұл жағдай XV ғасырда Алтын Орда түгел ыдырағанға дейін сақталып келді. Алтын Орда жайында өзінің «1394—1427 жылдар аралығындағы Еуропа, Азия, Африкаға саяхатында» Иоганн Шильтбергер былай деп жазады:

«Мен сондай-ақ Ұлы Татар (Жошы ұлысын ол осылай атаған. — Т.С.) жерінде де болдым. Бұл елдің королі мен шонжарлары қысы-жазы қатын бала-шағасымен, мал-мүлкімен көшіп жүреді, отарларын айдап, басқа да қазына-мүлкін артып алып, осынау теп-тегіс жазық елде бір жайылымнан екінші жайылымға қарай жылжиды да отырады».

Басқа кез келген мемлекеттің тарихындағы сияқты, Алтын Орданың тарихында да әр түрлі аумалы-төкпелі бұлғақ кезеңдер, жұрт берекесі кеткен дәуірлер болған. Жошы ұлысы монғолдарының өздерінің арасындағы ішкі талас-тартыстар сонау XIII ғасырдың аяғында-ақ басталған болатын. XIV ғасыр басында сәл-пәл толас алды да, 1312 жылы Тоқтай хан өлген соң ол талас-тартыс қайта күшейе түсті. Өлген ханның өсиеті бойынша оның тағына өз ұлы Елбасар отыруға тиісті еді. Бірақ билік басындағы би-сұлтандардың көпшілігі бірауыздан Өзбек ханзаданы хан етпек болды да, ақыры Елбасардың жақтастарын құрта отырып, соны таққа отырғызды.

Өзбек ханның замандастары мұсылман авторлары жазбаларында оның сырт көркі келісті, мінезі жайсаң, жаужүрек қайсарлығымен көзге түскен, алысты болжайтын көреген, Шыңғыс ханның заңдары мен жарғыларына (*йаса ва йусун*) ізетпен қарайтын әмірші деп сипаттайды. Өзбек хан монғол және түркі тілдерін білген.

Өзбек хан билеген (1313—1341) кезеңде Алтын Орда мемлекетінің өмірінде елеулі өзгерістер болады. Бәрін тәптіштеп тізіп жатпай-ақ, бұл жерде оларға себепші болған үш жағдайға ғана тоқтала кетпекпін.

1. 1321 жылы Өзбек хан ислам дінін қабылдап, мұсылманша Мұхаммед деген ат алды да, Сұлтан Мұхаммед Өзбек хан атына ие болып, ислам дінін Алтын Орда мемлекетінің ресми діні етті.

2. Өзбек хан билік құрған кезеңдегі 1335 жылғы Алтын Орда оқиғаларын суреттеген мұсылман авторларының жазбаларында өзбекий-

ан (өзбектік, өзбектіктер) сөзі мен мемлекеті өзбек (өзбектіктер мемлекеті) сияқты сөз тіркесі алғаш рет қолданыла бастады. Бірте-бірте Алтын Орданың мұсылман әміршісі Өзбек хан есімі Жошы ұлысының әр түрлі тайпалы тұрғындарының жинақтама атына айнала бастады.

3. Өзбек хан билеген уақытта хандық билік күшейе түсті, саяси орталықтану жолға қойылып, жаңа қалалар, оның ішінде Алтын Орда мемлекетінің екінші астанасы болған Сарай әл-Жадид салынды. Мұсылман-сүннет Өзбек ханның өзі де сол 1395 жылы Әмір Темір (Орта Азияны 1370—1405 жылдары билеген) әскері тас-талқан етіп қиратқан Сарай әл-Жадид қаласында жерленеді.

Алтын Ордадағы хан билігі Өзбек ханның ұлы Жәнібек хан билеген (1342—1357) тұста да әжептәуір күшті болды. Жәнібектен кейін таққа оның ұлы Бердібек отырып, 1357—1359 жылдары билік жүргізді. Ол барып тұрған қорқау, билікқұмар болды. 1413 жылы жазылған «Мунтахаб ат-тауарих-и Муини» мен 1426 жылы жазылған «Муизз ал-ансаб» авторларының айтуынша, өзі билік құрған кезде Бердібек таққа таласар деген қауіппен өзінің ет жақын туыстары, Жошы ұлысының өзімен кіндіктес ханзадаларының көпшілігінің көзін жояды. Бір әңгімеде Тайдула ханша Бердібекпен емшектес сегіз айлық баласын көтеріп келіп, осы бір кінәсіз сәбидің жанын қиюды жалына сұрағанда жауыз Бердібек баланы оның қолынан жұлып алып, міз бақпастан жерге бір ұрып өлтіргендігі жайында айтылады.

Сұлтандар (XIV ғасырдан бастап Жошы ұлысы мен Шағатай ұлысында Шыңғыс ханнан тараған әулеттің әрбір мүшесі сұлтан атала бастады) тұқымын тұздай құрту саясатының ақырында 1359 жылы Жошының тікелей Бату ханнан тараған бір бұтағы біржола құрып бітеді. Бұл 1255 жылы өлген Батудан соң жүз жыл ішінде болған жағдай.

Алтын Орда ішінде бұлғақ пен сарай төңкерістері кезеңі басталады. XIV ғасырдың 60—70-жылдарында Жошы ұрпағы билікті бірінің қолынан бірі тартып алып, өзара қырқыс барысында біреуі жарты жыл, біреуі бір жыл, екі жыл, ең ұзақ билегені үш жылға жетпей биліктен тайдырылып отырды.

Осынау саяси кикілжің мен қырқыстар барысында Жошы ұлысының аумағында бірқатар иеліктер пайда болып, оларды Сарайдағы ханмен бір мезгілде билік жүргізген жергілікті әміршілер биледі.

Бердібек өлгеннен кейін Жошы ұлысының оңтүстік-шығыс аймағына әмір-билігі түгел тараған Алтын Орданың сол қанаттағы сұлтандары да бөлектене бастады. Орданың батыс қанаты бірнеше дербес бөліктерге бөлініп кетті: Төменгі Еділ бойы Сарай хандарының бақылауында қалса, Қара теңіз жағасы мен Қырым — әмір Мамайға, ал Еділ Болгариясы Болат Темір, кейіннен Асан ханзадалардың құзырына көшті.

70-жылдардың орта шенінде сол қанаттың (Шығыс ордасы) басшысы Орыс хан бүкіл Жошы ұлысының басын қосуға әрекет жасап көрді. Сөйтіп ол Алтын Орда байтағы Сарай қаласын басып алғанымен, жоғары билікті ұстап тұра алмай, ақыры хижраның 777 жылы немесе 1375—1376 жылдары Сырдария жағалауындағы өз астанасы Сығанақ қаласына қайтып оралды.

Жошының үлкен ұлы Орданың баласы Орыс ханның қолынан келмеген бұл істі XIV ғасырдың 80-жылдарында Жошының он үшінші ұлы Тоқай Темірдің ұрпағы Маңғыстау ханзадасы Тоқтамыс жүзеге асырды.

1376 жылы Тоқтамыс Орыс хан ордасынан қашып шығып, Әмір Темірдің қол астына барып кірді, сөйтіп әлденеше рет оның қолдауымен өз жауларына қарсы күресті жаңғыртып отырды. Жауының басы Орыс хан еді, 1377 жылы ол өлген соң соның баласы әрі мұрагері Тоқтақия болды. Бірақ Тоқтақия небары үш ай билік құрып, сол 1377 жылы дүние салды. Жошы ұлысының шығыс қанатының астанасы Сығанақта (қала қалдығы Сырдарияның орта тұсының оң жағасында) таққа Орыс ханның тағы бір баласы Темір Мәлік отырды.

Темірлік автор Мойын ад-Дин Натанзи мінездемесіне (XV ғасырдың басы) иланар болсақ, Темір Мәлік «ойын-сауыққа құмар болып, арақ-шараптан бас ала алмағаны сондай, уақытының көбін дерлік естүссіз мас болып өткізеді. Соның салдарынан патшалықтағы жағдай мейлінше құлдырап, бағу-қағусыз қалған».


Сығанақ тағына қайткенде де өз адамын отырғызу ойынан айнымаған Әмір Темір Тоқтамысты тағы да қолдап, жас ханзаданы әскер беріп, қайтадан Сырдария жағасына айдап салады. Бұл жолы Темір оған Хынк-оғлан деп аталатын асыл тұқымды *арғымақ* сыйлап, «Жолың бола қалса осы атпен жауыңды қуып жетерсің, ал қаша қалғандай болсаң сені ешкім қуып жете алмайтын болады», — дейді.

Айтқандай-ақ, көп әскермен Тоқтамысқа қарсы келген Темір Мәлік оны ойсырата жеңеді. Маңғыстау ханзадасы алды-артына қарамай қашып, Темір сыйлаған арғымақпен мәртебелі қамқоршысына бір өзі қайта оралады.

Сөйтіп, жылнамашылардың айтуы бойынша, сол Хынк-оғлан аталатын ат Тоқтамыс сұлтанның «аман қалуына себепші болады».

Темір бұл жолы да төзімділік танытып, осымен нешінші рет Тоқтамысқа тағы әскер беріп, Сығанақ тағын тартып алуға жұмсайды.

Бұл жолы тағдыр ханзадаға оң қабақ танытты. Бұрынғысынша маскүнемдік пен ойын-сауыққа салынып, «түске дейін ұйықтап жатын» Темір Мәлік әскерінің қол астындағылардың көңілі оның қарсыласына ауа бастап, «ұлыстың үлкен бір бөлігі топ-тобымен Тоқта-







мыс жағына шығып кетеді». Хижраның 780 (1378—1379) жылының қысын Темір Мәлік Қараталда өткізуде еді. Осы кезде Тоқтамыс оған шабуыл жасап, ұрыс Темір Мәлік әскерінің толық талқандалуымен аяқталды. Шайқастың алғашқы сәтінде оның өзі тұтқынға алынып, өлтірілді. Ең басты әмір, «әмірлердің әмірі» Балтышақты Тоқтамыстың алдына бұғаулап алып келді. Балтышақтың ерлігі мен адалдығы жайында көп естіген Тоқтамыс оған:

«Егер сен мені өз патшаң ретінде құп алар болсаң, мен сені құрметке бөлеп, патшалық пен байлықты басқартқан болар едім» — деп ұсыныс жасайды.

Ашудан қалшылдап кеткен Балтышақ:

«Егер менің қолым байлаулы болмаса, саған келістіре жауап берер едім; сені менің патшамның орнында көрген көз ағып неге кетпейді; егер билік шынымен сенің қолыңда болса, онда мені де жазалауға әмір ет, патшамның басын менің басымның үстіне, денесін денемнің үстіне қойсын, одан бұрын өлу маған бұйырмаған екен, ендеше көрге одан бұрын кірейін» — деп жауап береді.

Тоқтамыс Балтышақ әмірдің тілегін орындайды.

Сол жеңістен кейін Тоқтамыстың қасына ерген Темірдің әмірлері оны Сығанақта хан тағына отырғызып, ескі дәстүр бойынша «оның құрметіне нисар (ақша және басқа асыл дүниелер шашу) ұйымдастырады».

Бірақ бойын даңққұмарлық кернеген Тоқтамыс бір ғана Сығанақ тағын қанағат тұтып отыра алмады. Қара-құрым қол жинап алған ол көп ұзамай тағы да жаугершілік жолға түсіп, Темірдің қолдап-қуаттауымен Алтын Орда астанасын жаулап алу мақсатымен Еділ бойына аттанады.

Тағдыр бұл жолы да Тоқтамысқа оң қабақпен қарады.

Ол кезде Алтын Орданың үлкен бір бөлігі әмір Мамайдың қолында еді, сондықтан Жошы ұлысын түгел билемекке ниет еткен Тоқтамыстың ең басты дұшпаны да сол болды. Дмитрий Донскойға қарсы Русь жорығына дайындалып жатқан Мамай маңғыстау ханзадасы жақтан келетін қауіпті аңғармай қалып еді.

1380 жылы Мамай Руське қарсы жорыққа шықты, бірақ Куликов даласында Дмитрий Донскойдан жеңіліп қалып, әскерінің қалған қалдығымен ұнжырғасы түсе еліне оралады. Мамайдың дәл осы қиынқыстау сәтінде Тоқтамыс оған қарсы жорығын бастады. Алтынордалықтардың өз арасындағы қанды шайқас Қалқа өзенінің бойында өтті де, Тоқтамыстың толық жеңісімен аяқталды. Жеңілген Мамай осы шайқастан соң тарих аренасынан біржола кетті де, көп ұзамай Тоқтамыс хан Жошы иеліктерінің Хорезмнен (төменгі Әмудария) басқа жерін түгел өз қол астына біріктірді, Хорезмді 1379 жылы Темір жаулап алды.

Енді Жошы ұлысының өзінде Тоқтамысқа қарсы келер пәлендей қауіпті күш жоқ еді. Алтын Орданың бар билігін өз қолына алған Тоқтамыс енді Руське қарсы жорыққа дайындала бастады.

Көп әскер жиып алып, 1382 жылдың жазында Тоқтамыс Еділден өтіп, Мәскеуге қарай беттеді. Бұл кезде орыс ішінде бірауыздылық жоқ еді. Мәскеу князі Дмитрий Донской орыс княздерінің басын біріктіруге, жауынгерлік жаңа ерлік — «татардан» қорғану жолына күш салып көрді, бірақ олардан қолдау таба алмады.

1382 жылдың 23 тамызында Тоқтамыс Мәскеуге жетіп, оны қоршауға алды. Қоршау ұзаққа созылды. Сондықтан Тоқтамыс қулыққа басты: ол Мәскеу тұрғындарын алдап, егер олар қарсыласуды тоқтатса, бәріне де кешірім жасалатынын, өмірлеріне де, мал-мүліктеріне де ешкімнің тимейтінін, тіпті сый-сыяпат көрсетілетіндігін айтып, үгіттей бастады. Қала тұрғындары хан сөзіне сеніп, қақпаны ашқанда, Тоқтамыс хан әскерлері Мәскеуге лап қояды, талан-таражға салып, жартылай өртеп жібереді. Көп адам қырғынға ұшырайды. Мәскеуден мол олжаға батып, сол маңдағы тағы біраз қалалар мен мекендерді тонап, Тоқтамыс ат басын оңтүстікке бұрып, Ордаға оралады.


Сол бір тонаушылық жорығы Тоқтамыстың кеудесіне нан пісіріп, өз күшіне деген сенімін еселеп арттыра түседі. Ол Алтын Орданы және оның ұлы державалық саясатын қалпына келтіруге көшеді. Бұл енді әмір Темірмен сөзсіз қағысу деген сөз еді. Тоқтамыс сол қақтығысқа дайындалып, тіпті қарсыласын соған ашық итермелей түсті.

Ең алдымен ол, бұрын айтқанымыздай, Темірдің қолына қараған Хорезмнің ісіне араласа бастады. Бұл кезде Иран шаруасымен жүрген Темір өзі үнемі қолдап келген адамының бұл жаулық ісіне көңіл бөле қоймайды.

Хижраның 788 (1386—1387) жылының қысында, Темір Кавказдағы Қарабақта жүргенде Тоқтамыс қалың әскерімен Дербент арқылы Дағыстандағы Самур өзеніне келіп жетеді. Сол жерде Тоқтамыс пен Темірдің ұлы Мираншах әскерлерінің арасында айқас басталады. Екі әскер бірін-бірі жеңе алмай, Тоқтамыс Ордаға оралады.

Келесі, хижраның 789 (1387—1388) жылы Тоқтамыс қалың қолмен Сығанақтан өтіп, Түркістандағы Темір иеліктерінің шекаралық қамалы — Сабран қаласына таяп келеді. Тоқтамысқа қарсы Әндіжанның Темірдің баласы — ханзада Омар Шейх аттанады. Ұрыс Отырар маңында өтеді. Омар-Шейх жеңіледі де, Тоқтамыс Бұхараға қарай тартады. Бірақ Бұхара түбінде қатты қарсылыққа душар болып, қаланы тастайды да, Мәуереннахрдың (Сырдария мен Әмударияның аралығы) шеткі аймақтарын тонауға кіріседі.

Бұл тонаушылық жорық жайындағы хабар сол кезде Батыс Иранда — Шираз қаласында жүрген Темірдің құлағына жетеді. Темірдің









төзімі де таусылуға айналған еді, енді ол Тоқтамысты тәубесіне келтіретін уақыт әбден жетті деп түйеді де, оған оңдырмай соққы беруді ойластырады.


Ең алдымен Темір хорезмдіктердің Тоқтамысты қолдаған опасыздықтарына орай тиісті жазасын беру үшін Хорезмге аттанады. Хорезмнің астанасы Үргенішті тез алған Темір, хорезмдіктерге деген ашу-ыза үстінде сол хижраның 790 (1388) жылы тұрғындарды түгел Самарқанға көшіріп, Үргенішті жермен-жексен етіп, орнына арпа-бидай егуге әмір береді.

Тоқтамысқа қарсы өз жорығын Темір 1390 жылдың 1391 жылға караған қысында Самарқаннан бастайды. Темір Дешті Қыпшақ жерінде Тоқтамыс әскерінің соңында түсе отырып, ақыры Черемшан өзенінің бір тармағы Құндырша өзенінің бойындағы алқапта сол аттас Құндырша елді мекенінде (Самара облысы) жауласқан екі әскер бетпе-бет келеді. Бұл жойқын да қанды қырғын алма-кезек жеңіске жете отырып, ақыры Тоқтамыстың біржола жеңілуімен тынады. Темір өз жеңісіне қанағаттанып қана қоймай, олжаға да қарық болады.

1391 жылғы Тоқтамыстың жеңілісі қаншама жойқын бола тұрғанымен, оның өз басының да, Алтын Орда мемлекетінің де тағдырын түпкілікті шешкен жоқ-ты. Оның есесіне 1395 жылы Темір Тоқтамысты күйрете жеңіп Алтын Орда ханының түбіне жетті. Бұдан кейін Тоқтамыс Жошы ұлысының тағына қайтып орала алған жоқ, кейбір деректер бойынша 1404, басқа бірінде 1406 жылы қазаға ұшырайды.

XV ғасырдың басында Жошы ұлысының басын біріктіремін деген тағы да бірнеше талапкер болды. Бірақ Тоқтамыстан кейін Жошы ұлысының бәрін бойсұна мойындатардай билікке ешкім жете алмады. Ол ол ма, XV ғасырдың 30—70-жылдары орталығы төменгі Еділ бойында болған Алтын Орда мемлекеті біржола ыдырап, оның күйреген орнында бірнеше жаңа түркі мемлекеттер: Қырым хандығы, Қазан хандығы, Астрахань хандығы, Сібір хандығы, Қазақ хандығы, тағы басқа бірқатар саяси бірліктер пайда болды.

Бірақ тарихына осы кітап бағышталып отырған Қазақ хандығы құрылмастан бұрын-ақ Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында 1428—1468 жылдар аралығында Жошының ұлы Шибан әулетінен шыққан Әбілхайыр хан билік құрып тұрған болатын. Орыс хан ұрпақтары Керей мен Жәнібектің қол астындағы бірқатар тайпалар бұл мемлекеттің негізгі халқынан бөлініп, Шығыс Дешті Қыпшақта үстем билік орнату жолында ұзақ та ауыр күрес жүргізді. Бірақ бұл жайында кейінірек арнайы тарауда әңгімелейтін боламыз.





АЛҒАШҚЫ ҚАЗАК
МЕМЛЕКЕТІНІҢ
АЛҒАШҚЫ
ТАРИХШЫСЫ


Әрбір тіршілік иесінің талқаны таусылар күн болады. Бірақ ажалмен бірге бәрі құрып кетпейді. Ажал дегеніміздің өзі түрі өзгерген өмірдің тағы бір болмысы: адам өзгелердің есінде өмір сүреді, өзінің ақыл-ойы, тілегі, өз қолымен жасаған дүниенің бәрі ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, қызмет ете береді. Бұған мысалды көптеп келтіруге болады. Солардың ішінде Қазақстанның, көршілес егемен Орталық Азия мемлекеттерінің, сондай-ақ Таяу Шығыс елдерінің жұртшылығы болып бес жүз жылдық мерейтойын салтанатпен атап өткен Мырза Хайдар Дулаттың өмірі, өлімі және мәңгілік тарихи мұралары да бар. Ондай мерейтой өтуінің де заңдылықтары бар: Мырза Хайдар — айрықша бөлек тұлға, ал оның әйгілі «*Тарихи Рашиди*» аталатын еңбегі — XVI ғасырда парсы тілінде жазылған мұсылман елдері тарихи әдебиетінің ең бір құнды да қызықты жәдігері.


Бұл еңбекті жазған адамның толық аты-жөні — Мұхаммед Хайдар ибн Мұхаммед Хұсайын Гурган. Бірақ өзінің жазғанындай, ол достары арасында Мырза Хайдар есімімен белгілі болды. Ортағасырлық мұсылман авторларының көпшілігінің деректерінде де ол осы есімімен кездеседі, бұрынғы-соңғы Еуропа ғалымдарының үлкен-кішісі де оны осы есімімен атайды.

Мырза Хайдардың туған мерзімі жайлы дерек жоқ. Өз шығармасында ол тек қана хижраның 905 жылы (1499 жылдың 8 тамызы — 1500 жылдың 27 шілдесі) туғанын бірнеше рет жазады. Өкінішке орай, не туған жері, не айы, не туған күні аталмайды.

Мырза Хайдар белгілі де беделді дулат руынан шыққан, сондықтан ғылыми әдебиетте ол көбіне-көп **Мырза Хайдар Дулат** аталып жүр. Оның ата-бабасы кезінде ел билеген әулетті әмірлер болған, Шағатай ұлысының шығыс өңірінде — қазіргі Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Қырғызстан, Шыңжаң аумағында патшалық еткен әулеттердің ханзадаларын қаласа таққа отырғызып, қаламаса тақтан түсіріп отырған да солар еді. Ортағасырлық мұсылман деректерінде бұл өлке **Моғолстан** аталады.

Оның әкесі Мұхаммед Гурган («Хан тұқымының күйеуі») өзін 1495 жылы Ұра-Төбеге басқарушы етіп тағайындаған моғолдың аға ханы (ұлы хан) Сұлтан Махмұттың (Моғолстанды 1487—1508 жылдары билеген) жақын досы еді. Сондықтан біз Мырза Хайдар сол кезде Шағатай ұрпағы Махмұт хан тұрған Ұра-Төбе мен Ташкенттің бірінде туған деп шамалап айта аламыз. Нағашы жағынан Мырза Хайдар Дулат Шағатай ұрпағы Махмұт ханның әкесі Жүніс ханның (Моғолстанды 1463—1487 жылдары билеген) немересі болып келеді. Яғни, Үнді жерінде Ұлы Моғол империясын құрған атақты Темір ұрпағы Бабырдың (1483—1530) бөлесі.





Мырза Хайдардың өз айтуы бойынша, оның шешесі, Хуб Нигар-ханым, моғол ханы Жүністің үшінші қызы мұның мүлдем сәби кезінде «өз өмірінің қазынасын о дүние сақтаушысының қолына табыстаған». 1508 жылы әкесі Мұхаммед Хұсайын Гурган да Шайбан ханның бұйрығымен Гератта өлтіріледі. Сөйтіп Мырза Хайдар сегіз жасында жетім қалады. Ол ол ма, өз өмірін аман сақтау үшін әлдене себеппен бара қалған Бұхарадан Бадахшан арқылы Кабулға қашуға мәжбүр болады да, 1509 жылы сонда келіп жетеді. Кабул мен сол маңды билеп тұрған Темір ұрпағы Бабыр оны өз ұлындай қарсы алып, тәрбиешілер тағайындайды. 1512 жылы Мырза Хайдар Бабырдан кетіп, өзінің тағы бір немерелес бауыры Шағатай ұрпағы Сұлтан Саидқа қосылады, сөйтіп онымен бірге Қашқарға қоныс аударады. Сол жақта 1514 жылы Сұлтан Саид хан орталығын Яркенд етіп Яркенд хандығы аталған Моғол мемлекетін құрады.

Ойға жүірік, жан-жақты майталман шебер Мырза Хайдар өзінің ержүректілігімен де, әскери талантымен де көзге түседі. «*Тарихи Рашидидің*» болашақ авторы тағдырына Бабыр мен Сұлтан Саид ханның тигізген әсерінің арқасында ол мұсылманша жан-жақты білім алады, ғылым мен өнер саласы бойынша өз заманының әдеби һәм мәдени дәстүрін бойына сіңіріп өседі. Бұл жайлы ол өз еңбегінің алғы сөзінде анық айтқан. Бұл туралы Бабыр да:

«Өз әкесінің қазасы өзбектерден болғанын кейін, ол маған келіп үш-төрт жыл қолымда болды. Содан кейін ол Қашқардағы ханға баруға рұқсат сұрады.

Алтын, күміс, қорғасын ба — бүгінде,

Өз негізін табады ақыр түбінде.

Қазір ол әбден ақыл тоқтатқан, бірқалыпты жақсы жолға түскен көрінеді. Жазу-сызуға, сурет салуға, жебе, жебенің ұшын, садақ адырнасының сақинасын жасауға қолы әуелден епті болатын. Өлеңге деген икемі де бар. Оның маған жазған сәлем хатынан сөз мәнері дұрыс екеніне көз жеткіздім» — деп жазады.

Мырза Хайдар түрік, парсы тілдерінде еркін сөйлеген, жаза да білген, Айаз аталатын поэтикалық лақап аты да бар-тын. Өзінің 1529—1530 жылдары Бадахшанда болуына орай түрік тілінде жазылған «*Жахан-нама*» поэмасы да бар.


Текті атадан шығуы мен өз басының айрықша қабілеті Мырза Хайдардың қызмет сатысымен жоғарылап отыруына да әсер етті: Саид хан құрған мемлекетте ол мәртебелі орынға ие болды. Ол 1527—1528 жылдардың қысында моғолдардың Кафиристанға жіберген әскери экспедициясын сәтті басқара білді, ханның Бадахшан, Ладак, Кіші Тибетке жасаған жорықтарына (1529—1533) белсене араласты.



1533 жылғы 9 шілдеде Сұлтан Саид хан өлген соң, оның орнына таққа дулат руына ерекше жауыға қарап дағдыланған баласы Әбдірашит отырады. Мырза Хайдар амалсыз бұл елден кетіп, Бабырдың баласы — Үндістандағы ұлы Моғолдар императоры Хумаюнның (1530—1556 жылдары билік жүргізген) қол астына қызметке кетуге мәжбүр болады. 1541 жылы Мырза Хайдар үшін әскери айламен Кашмир уәлаятын (облыс) өзіне қаратып алып, сонда өзі үшін шын мәнінде ешкімге тәуелсіз княздік құрудың мүмкіндігі туады. Үнді тарихшыларының дерегі бойынша, жеке басының жұғымдылығын дипломатиялық қабілетпен ұштастыра білген Мырза Хайдар өз иелігіндегі өңірдің тәуелсіздігін сақтап қана қоймай, сол бір император Хумаюнның тұсындағы бұлғақты кезеңнің өзінде елдің шығысына қарай біршама жаңа жерлерді жаулап алу арқылы, өз өңірін кеңейте түседі.

Мырза Хайдар Дулат Кашмирдегі жергілікті тұрғындар көтерілісі кезінде қазаға ұшырайды. Оның өлімі мынадай жағдайда болып еді.

Парсы тілінде жазылған үндінің баяндық деректерінің көпшілігінің сілтемесі бойынша, 1551 жылдың күзінде Кашмир уәлаятының шиит тұрғындары (мұсылман қауымындағы айрықша діни-саяси топ) арасында Мырза Хайдарға қарсы көтеріліс шығады. Ол шағын ғана қолмен бүлікшілерге қарсы аттанып, түнде шабуыл жасамаққа дайындалады. Бірақ ең алдымен өз жақтастарымен бас қосқан кеңесте ол тақ мұрагері деп інісі Мырза Әбдірахманның атын атайды, содан соң түнгі шабуыл жөнінде бұйрық береді. Сол күні түн тұманды да көзге түртсе көргісіз қараңғы болады. Екі жақ қоян-қолтық айқасып берген аласапыран кезде, Мырза Хайдар өз мергені Назар Құршы садағының оғынан кездейсоқ қаза табады. Өз көсемінен айырылған




Мырза Хайдар жауынгерлері кейін шегініп, Индаркот қорғанына бекінуге мәжбүр болады. Мұсылман дәстүрі бойынша кашмирліктер оның денесін ертесінде-ақ Сринагардағы *Мазари Салатинге* (Кашмирдегі «Билеушілер пантеоны») апарып жерлейді.

Мырза Хайдар Дулаттың қай жылы өлгені жайында деректерде әр түрлі айтылады. Біз «*Бахаристан шахи*», «*Тарихи Азам*» және басқа кейбір шығармалардағы хабарлама бойынша бұл қайғылы уақиға хижраның 957 жылы 8 зұлқада (1550 жылдың 19 қарашасында) болғанын білеміз. Абу-л-Фазл, Фиришт, Мұхаммед Азам сияқты парсыша жазған үнді тарихшыларының шығармаларында Мырза Хайдар Дулат хижраның 958 жылы (1551) өлді делінеді. Осы дата Еуропа ғалымдарының көпшілігің назарына алынған.

Сөйтсе де, Мырза Хайдар Дулаттың Мазари-Салатиндегі зиратында жазуы бар екі құлпытас тұр. Оның бірі бүгінде тозуға айналған ақ мәрмәрдан жасалған шағын ғана тас, оның орта тұсында парсы тілінде жыр шумағы қашап жазылған, ол жырда Мырза Хайдар Дулаттың өлген жылының хронограммасы «*казайи-ий-илахи*» деген сөздерде қашалған да, бұл сөздердің сандық мазмұны араб графикасы бойынша хижраның 957 жылы, 1550 жылдың 20 қаңтары — 1551 жылдың 8 қаңтары аралығы дегенге келеді.

Бұл құлпытастағы жазудың авторы кім екені белгісіз. Ақ мәрмәр тастан жасалған құлпытас император Хумаюн билік жүргізген жылдарда қойылған деген болжам бар.

Екінші құлпытас ауқымды, жалтыратылған, қазірге дейін жақсы сақталған, шеті ғана мүжілген қара граниттен жасалыпты. Сол қара гранит бетінде Мырза Хайдардың өмірі жайлы қысқаша мәлімет, оның хижраның 957 жылы (1550) өлгендігі туралы парсыша жазылған дерек бар.



Бұл құлпытастың қайдан шыққаны белгілі. 1822 жылдан 1823 жылға қараған қыста Mr. William Moorcroft «бұхар жылқыларын сатып алу үшін» Үндістаннан Орта Азияға аттанады. Жолшыбай Кашмирге соққан ол өзінің қасына ерген Мир Иззатулла Моғолға Мырза Хайдар Дулаттың зиратына оның атына лайық жаңа құлпытас орнатуға бұйрық береді. Бұйрық 1823 жылдың 23 ақпанында орындалады. Адамның жады өшпейді деген осы!

Сонымен, соңғы сәт те келіп, Мырза Хайдар Дулаттың тірлік шамы өшті. Ол елулер шамасында болатын. Ал елу жас дегенің сол XVI ғасырда да еркектер үшін елеуге тұрмайтын аз ғұмыр еді. Бірақ тағдыр оның маңдайына соны ғана жазыпты.

Адам өмірі деген оның ұзақтығымен емес, сол өмірді қалай өткізді, артына қандай із қалдырғанымен өлшенетінін бәріміз де білеміз. Мырза Хайдар тек қана көреген әскери басшы, талантты ұйымдастырушы ғана емес, сонымен қатар артына автор есімін мәңгілік еткен, мұсылман тарихи әдебиетіндегі ең таңдаулы һәм құнды жәдігерлердің бірі — «*Тарихи Рашидиді*» қалдырған аса көрнекті тарихшы ретінде де танымал еді.

«Рашид тарихы» («*Тарихи Рашиди*») 1542—1546 жылдары парсы тілінде Кашмирде жазылды. «*Тарихи Рашидиді*» жазуға түрткі болған Мырза Хайдардың, өз ұғымы бойынша, өзінің озық ілімін кейінгі ұрпаққа қалдырып кетсем деген арманы еді.

«Құдайдың осынау ең қабілет-қауқары төменгі құлдарының бірі өзінің бейталант қаламын ақ қағаз бетінде жүргізуге қалай ғана батылы барды?» Оның себебі, деп жазады одан әрі Мырза Хайдар, жас кезінде ол жасы келген әңгімешілерден моғол хандары жайлы аңызды көп тыңдап, солардың тарихының қайсыбір уақиғаларына өзі де куә болып еді. Енді міне, көп жыл өтіп, Мырза Хайдардың өзі елуді еңсеріп қалғанда, ол өзіне қарап, өзі теңдес тұрғыластарына қарап, сол аңыздарды білетін көзкөргендерден де ешкім қалмай бара жатқанын, енді соны айтып та беретін адамның жоғын байқады. Сол кезде оның ойына ислам дінін қабылдағаннан кейінгі моғол хандары мен тайпалары туралы тарих қойнауында жатқан дүниенің бәрін жиып, оларға «сенімді адамдардан» естігенін, өзі көріп, көңіліне түйгенін қоса отырып, екі бөлімнен тұратын кітап құрастыру ниеті келді.

Бірақ «*Тарихи Рашидиді*» ақ қағаз бетіне түсірудің бірден-бір себебі бұл ғана емес еді.

Мырза Хайдардың өзі үшін де бұл шығарма оның әдеби қызметіндегі кездейсоқ эпизод емес еді: ол қызметтік міндеттен емес, жеке бас мүддесінен туған болатын.

Шығарма алғы сөзінде ол өзінің елін тастап моғолдардан бөлініп кетсе де, Әбдірашит ханның өзіне салқын қарап, туыстарына суық


қабак таныта тұрса да,Әбдірашит ханның әкесі Сұлтан Саид ханның өзіне жасаған жақсылығын ұмыта алмайтынын, он үш жасар жетім кезінде өз баласындай бауырына тартып қамқор болғаны, сыйлап-сүйгенін, міне, жиырма төрт жыл бойына қатарынан қалдырмай құрметпен сыйға бөлегенін, тек сол адамның арқасында, тек сол адамның қамқорлығымен өзінің білім алып, ғылымға жетік болғанын ілтипатпен айтады. Сондықтан да жамандыққа жақсылықпен жауап бергісі келетінін білдірді. Хан баласы бұл еңбекті жылы көңілмен қабылдай ма, болмаса сырт беріп теріс айнала ма, біріне де қарамай, ол осы шығармасын Рашид ханға арнап, өзі туралы есіне салайын, оның да кім екенін қалың жұрт біле жүрсін дегенді аңғартады.

«Тарихи Рашидидің» негізгі мазмұны — 1242 жылы өлген Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай ұрпағының шығыс жақ бұтағының тарихы мен дулат руын көтеруді қолға алған ұлыс ішіндегі айтыс-тартыс, дулат беделділерінің Шығыс Түркістанды билеуінің жөн-жосығы. XIV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың алғашқы жартысындағы Моғолстан тарихы жөнінде негізгі әрі бірден-бір деректі еңбек болғандықтан, «Тарихи Рашиди» Орталық Азияны мекендеген түркі халықтары мен тибет, кафир, кашмирліктер туралы да мол фактілер мен сирек деректі материалдарға толы болып келеді. Ондағы Кафиристан мен Кіші Тибет тұрғындарының тұрмыс-салты мен дәстүрі жайлы жазғандары да сондай; оның аса зор этногенетикалық маңызы бар, толып жатқан зерттеу әдебиетіне негіз болған Тянь-Шань қырғыздары туралы әңгімелеуі де сондай.

Мырза Хайдар Дулаттың шығармасы Қазақ хандығының тарихы жайындағы ең алғашқы түпкі деректер ішінде **ұлағатты орын** алады. «Тарихи Рашиди» беттерінде сөз болатын қазақ беделділері жайлы мәлімдемелер, айналып келгенде, құрылуы алдындағы, құрылып жатқан кездегі, алғашқы кезеңдегі Қазақ хандығы тарихы жөніндегі ортағасырлық мұсылман тарихи жылнамаларындағы **бірден-бір** басы бүтін шығарма болып табылады. Сөйтіп, сайып келгенде, Мырза Хайдар Дулатты Алғашқы Қазақ мемлекетінің толық хақылы **алғашқы тарихшысы** деп айтуға біздің де хақымыз бар.

Мұсылман әдебиеті Мырза Хайдардың тарихи шығармасын аса жоғары бағалайды. Мәселен, XVI—XVII ғасырлар межесінде өмір сүрген ирантілді автор Амин ибн Ахмад Рази былай деп жазады:

«Оның соңында тек шапағатты дүние қалды, ол жоғары да таусылмас дарын иесі еді; көркем жазуы тап-таза, стилі анық, өлеңі өрімталдай сұлу болатын. Ол теңдесі жоқ ержүрек, айбатты да айбарлы, қабілетті әскербасы еді, Сұлтан Саид ханның нұсқауымен Қашқар арқылы Тибет өтті. Кашмирге кіріп, онда әміршінің байрағын тікті. Екінші рет ол бұл уәлаятқа Хинд жолы арқылы келіп, жеті






жылға жуық елді дербес басқарды. Ақыр соңында сол Кашмирде ажал тапты. Оның Қашқар билеушісі Рашид ханға арнаған «Тарихи Рашидиді» бүкіл елге белгілі».

Мырза Хайдар шығармасы Еуропа шығыстанушыларына да айрықша ықпал етті. XIX ғасырдың орта тұсынан бастап Орталық Азия мен Солтүстік Үндістанның ортағасырлық тарихы жайлы азды-көпті пікір айтқысы келген әрбір ғалым осы еңбекке бір соқпай кетпейтін болған. Батыс Еуропа ғылымына «Тарихи Рашидиді» жеделдете енгізу мақсатымен 1895 жылдың өзінде Н. Илайес және Е. Росстардың ықпалы арқасында Мырза Хайдар шығармасы ағылшын тілінде алғы сөз, кең ауқымды танымдық түсініктеме, қосымшалармен басылып шықты (re-issie 1898; repr. 1970, 1973). 1990 жылдардың басында америкалық ғалым W. Thackston «Тарихи Рашидидің» парсы мәтінін ағылшын тіліне жаңадан аударып жариялады.

Кеңестік шығыстану ғылымына келетін болсақ, ондаған жылдар бойына әр түрлі деңгейде «Тарихи Рашидидің» ғылыми түсініктемелер берілген толық түрін орыс тіліне аударудың өте қажеттілігі сөз болып келді. Бірақ уақыт өте берді, осынау бір теңдесі жоқ шығарманың аудармасы жасала қоймады. Ақыры, міне, 1996 жылы ғана, жиырмасыншы ғасыр аяқталар тұста, бұл маңызды міндетті Өзбекстан шығыстанушылары А. Орынбаев, Р. П. Джаилова, Л. М. Епифановалар белгілі бір шамада жүзеге асырды.

«Тарихи Рашидидің» жоғарыда айтылған Еуропа тілдеріндегі тәржімаларының әрқайсысының өз жетістіктері мен кемістіктері бар. Сонымен қатар бәріне ортақ және бір фактор: бұлардың бәрі де толық емес, біршама қысқартып аударылған нұсқалары, сондықтан қазірдің өзінде маманның бірқатар жағдайда тікелей түпнұсқа мәтініне жүгінуіне тура келеді. Сондай-ақ осы күнге дейін «Тарихи Рашидидің» сенімді тізімдерге негізделген, бәрі жиыла келе шығарманың толық мәтінін қалпына келтіруге мүмкіндік беретін сыни басылымы да болмай тұр. Осының бәрі «Тарихи Рашидиді» зерттеу әлі аяқталмағанына көз жеткізеді.





ҚАЗАҚ
ХАНДЫҒЫНЫҢ
ҚҰРЫЛУ
КЕЗЕҢІ
МЕН ЖАҒДАЙЫ


Тарихтың қалыптасуы да қызық: кейде қоғамды дүр сілкіндірген айқай-шулы оқиға ұзамай ұмытылады да, өткен шақтың қатардағы ғана фактісіне айналады, ал кейде, керісінше, жай ғана бір оқиға, елеусіз ғана құбылыстың өзі әр түрлі жағдайдың өріс алуына қарай ел мен оның тұрғындары тағдырында адам нанғысыз айрықша орын алуы мүмкін. Бұған Қазақ хандығының құрылу тарихы толық мысал бола алады.

Ал енді бұра тартып, бұрмаламастан баяғы өткен бағзы заманның ұзын ырғасына көз жібере отырып, — қолда бар деректер оған мүмкіндік береді — XV ғасырдың екінші жартысында тарих сахнасына жаңа бір саяси құрылым — Қазақ хандығын, Алғашқы қазақ мемлекетін алып келген маңызды да маңызсыз оқиғалар тізбегін қалпына келтіруге тырысып көрелік.

XV жүзжылдықтың 20-шы жылдарында Шығыс Дешті Қыпшақ қырғын соғыс құшағында болды. Сол кезгі шайқастардың бірінде 1428 жылы Шығыс ханның тұңғышы Жошының үлкен ұлы Орда Ежен ұрпағы, Орыс ханның немересі Ұлы Дала ханы Барақ-оғлан қазаға ұшырайды. Сол 1428 жылы (әлде 1429 жылдың басы болар) Шығыс Дешті Қыпшақта Жошының тағы бір баласы Шибан әулетінен шыққан Әбілхайыр сұлтан таққа отырды.

Қырық жыл хан тағында отырған Әбілхайырдың алдынан үлкенді-кішілі мың сан іс өтеді. Соның бірі, атап айтсақ — тежеусіз билікке төзбеген бір топ дешті руларының одан іргесін бөліп, түп көтеріле көшуі еді. Әбілхайыр хан да, соңына ерген жұртын бастап оның ұлысынан үдере көшкен сұлтандар да ол кезде көшпелі қоғамның өміріндегі осынау бір қарапайым оқиға олардың елдерінің бүкіл болашақ тағдырында шешуші маңызға ие бола қояды деп ойламаған болар-ау. Әйтеуір, сол көштен бүгінгі Қазақстан тарихының жаңа тарауы басталғаны айқын. Тіпті **Қазақстан** топонимінің шығуы да дәл сол көштің бір нәтижесі болатын. Ол оқиғаның өз алғышарттары бар.

Хижраның 864 жылында (1459 жылдың қазаны, 1460 жылдың қыркүйегі), «Фатхнама» авторы Шадидің айтуынша, Жошы баласы Шибан әулетінен тарайтын Шығыс Дешті Қыпшақ билеушісі қырық жеті жасар Әбілхайырдың отбасы ауыр қайғыға душар болады: оның бүркіт тайпасынан алған әйелінен туған тұңғыш ұлы, әлі жап-жас Шах-Будақ сұлтан қайтыс болады. Шади оның қалай өлгенін тәптіштеп айтып жатпайды. Бірақ басқа да деректерге сүйенсек, XV ғасырдың 50-жылдарының аяғында Шығыс Дешті Қыпшақта ел ішінің берекесін алған оқиғалар көбейді: ежелден ел билеп қалған басқа әулеттер Шығыс Дешті Қыпшақтағы үстем билік жолындағы бітіспес дауды





тағы да қоздыра түседі. Жас сұлтан Шах-Будақ та әке тағын қорғаймын деп жүріп бір шайқаста қазаға ұшыраған сияқты. Ол жолы Шибан әулеті Әбілхайыр хан ішкі жауларына аяусыз тойтарыс берген болатын. Бәлкі, тұңғыш ұлының кегін қайтару мақсатымен ол «Дешті Қыпшақ еліндегі Жошы әулетіне жататын біраз шахзадалардың түбіне де жетіп, тоз-тоз қылып жіберген болар» — дейді деректер.

Бағына қарай аман қалған Әбілхайырдың саяси қарсыластары ішінде Дешті Қыпшақтағы Жошы әулетінің тағы бір тармағынан тарайтын Орыс ханның ұрпақтары Керей сұлтан мен Жәнібек сұлтан бар еді. Олардың алдында: «Қайтсек екен?» — деген сұрақ тұрды. Көршілерден пана іздеу керек пе? Бұрынғылардың көбі солай жасайтын. Әлде ұлыста қала беріп, тағдырдың жазғанын күткен дұрыс па? Жағдай керіліп-созылуды көтермейтін еді, тез қимылдау қажет болды. Айтыс-тартыстан соң ақылға сала келіп, Керей мен Жәнібек Әбілхайыр ханның мемлекетінен біржола кеткен дұрыс деп ұйғарды. «Бүгін істейтініңді ертеңге қалдырма» деген қағиданы берік ұстанған олар, сол хижраның 864 жылы (1459—1460), шахзада Шах-Будақ «о дүниеге озғанының» соңынан өздеріне ерген барлық жұртымен көршілес Моғолстан еліне қарай үдере көшеді.

Болашақ қашан да жұмбақ. Алғашында олар шын мәніндегі босқындар болатын.

Ол кезде Керей мен Жәнібек өздерінің көрші моғолдар басшыларымен арақатынасы қалай қалыптасарын да, біреуге кіріптар болудың қандай зардаптары барын да, екеуі де енді бір он жылдан кейін еліне оралып, Шығыс Дешті Қыпшақтағы жаңа мемлекет — Қазақ хандығының іргесін көтерген өздерінің абыройлы болашағын да болжап біле қоймаған еді.

Қысқасы, хижраның 864 жылының (1459—1460) әлде бір айында Жошы ұрпағы Керей мен Жәнібек соңына ерген қалың жұртымен ол кезде Шағатай ұрпағы (Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдан тараған) билеп тұрған Моғолстан аумағының негізгі құрамы болып табылатын Жетісуға келіп жетеді. Ол кезде, XV ғасырда батыста Талас пен Шу, солтүстік-шығыста Ертіс пен Емілге дейін созылған ұлан-ғайыр аймақ Моғолстан деп аталған. Солтүстікте Моғолстан шекарасы Әбілхайыр мемлекетімен шектесіп, Көкше теңізге (XVIII ғасырдан бері қарай — Балқаш) шейін, оңтүстіктегі құрамында Қашқария да болған. *Моғолстан* — парсы атауы, «Моғолдар елі» деген сөз. Ол монғол сөзінің *-н* қарпі түсіп қалған түрінен шығып, айтылуы да, жазылуы бөлекше болып кеткен Орта Азия монғолдарының аты; моғол деп бұрынғы Шағатай ұлысының шығыс бөлігінің жергілікті хандарының қуатты әскерін құрайтын көшпенділерін атаған.



Ол жылдарда моғолдардың жоғарғы билеушісі Есенбұға хан еді. Ол Керей мен Жәнібекті, Жошы әулетінен тарайтын басқа да сұлтандарды қошамет-құрметпен қарсы алып, Моғолстанның батысындағы Шу мен Қозыбасы өңірінен қоныс береді. Дешті рулары мен сұлтандары тобының бұл елде тұруы ұзаққа созылады. 1462 жылы Есенбұға өледі де, тағына інісі Жүніс (1462—1487) отырады.

Ол дәуірде әр түрлі себептермен, әр түрлі жолдар арқылы еркіндік іздеп өз елінен, үйренген ортасынан бөлініп кетіп, жағдайға орай басынан сан түрлі оқиғалар өткізген адамдардың хал-күйін білдіру үшін оларды қазақ (толығымен — келесі тарауда) деп атаған. Керей мен Жәнібек те сондай елден жырақ, қашып-пысып, кешегі өз елі, бүгінгі жауы Әбілхайыр мемлекетінің шекарасын жағалап жүргендіктен де, олар қазақтар аталды. Олардың сол аты мәңгілікке қалып қойды.

Көршілес Моғолстан жеріне қоныс тепкен, қол астында сан мыңдаған қазағы бар сұлтандар Әбілхайырға жайлы тие қойған жоқ. Сондықтан Шығыс Дешті Қыпшақ басшысы қол жинап, Моғолстанға қарсы мұқият дайындалған жорық бастады. Бұл туралы толық деректі біз Махмуд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрар» («Теңіздей терең сыр») шығармасынан кезіктіреміз. Әбілхайыр хижраның 874 жылы (1469) күзде жорыққа аттанады. Алатау сілемдерінен өтіп, бірнеше күншілік жердегі Жетіқұдық мекеніне жетеді де, сол жерге жорық шатырын тігеді. Көп ұзамай қатты дауыл тұрып, селдетіп жаңбыр жауады, жаңбыр арты қалың қарға ұласып, қатты аяз басталады да, Әбілхайыр әскері амалсыз іркіледі. Ханның өзі ауырып безгегі ұстап, дірілдеп-қалшылдай бастайды. Халі күн сайын сағат, сайын, нашарлап, ақыры аз күннен соң, елу жеті жасында дүние салады.



Әбілхайыр хан өлген соң мемлекет ішіндегі саяси дағдарыс одан әрі өрши түсті:

«... ел ішінде бұлғақ басталды, — деп жазады Ибн Рузбихан, — Шибан ұлысына хан болу кезегі Шейх-Хайдар ханға жетеді». Бірақ, ортағасырлық мұсылман жазбаларының айтуынша, ол аз уақыт қана билік құрады. Тура сол кезде қалың қазағын ерткен Керей мен Жәнібек өз ұлысына қайтып оралып, Дала саяси билігі үшін тартысқа араласып кетеді.

Еркін қазақтар мен Әбілхайыр мұрагері әлжуаз Шейх-Хайдар хан арасында басталған соғыста, Шади, Бинаи және белгісіз автордың «Нусратнамасының («Жеңіс кітабы») айтуынша, соңғысы күйрей жеңіледі де, қаза табады. Оның айналасындағы адамдардың біразы қырғынға ұшырап, тірі қалған Шибан ұрпақтары Астрахан жаққа Тоқай-Темір әулетінің төңірегіне қарай қашады. Сөйтіп, бұл өңірдің бірден-бір иесі Керей мен Жәнібек және олардың жақтастары болып шығады.

Жазба түпнұсқалардағы деректерді тәптіштей тексере келгенде, бұл тарихи уақиғаның хижра бойынша 875 жылы (1470—1471) болғанына көзіміз жетеді.

Сөйтіп, араға қырық жыл салып барып Шығыс Дешті Қыпшақта билік қайтадан Жошы ұрпағы Орыс хан әулетіне көшеді. Бірақ бұл жерде бірқатар маңызды жәйттерді баса көрсетіп кетуге тура келеді, атап айтқанда:

1. Егер Орыс хан (1377 жылы өлген), оның баласы Құйыршақ хан (1395 жыл шамасында өлген), немересі Барақ хан (1428 жылы өлген) Дешті Қыпшақта билеуші болса, XV ғасырдың екінші жартысынан бастап олардың әулеті Шығыс Дешті Қыпшақ қазақтарының басшысына айналды.


2. Ұлы Дала мен оған жалғас аймақтарда XV ғасырға шейін де қазақтар болған. Бірақ ол еркін тайпалар тұрағы қайтадан ыдырап, оның біразы бұрынғы қалпына барар еді де, қазақ (еркін ел мағынасында) деген атты ұстап қала алмас еді. Енді, міне, **тұңғыш рет** Орыс хан ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған еркін қазақтар өз елдерінде жоғарғы билікке қол жеткізеді де, өздерінің дербес Қазақ мемлекетін (даулати қазақ) құрады.

3. Егер Қазақ хандығы құрылғанға дейін «қазақ» сөзі тек әлеуметтік мағынада ғана қолданылып келсе, енді мемлекет болып құрылғаннан кейін саяси термин — дербес хандық атауына айналды, ал одан кейін жер үстіндегі түріктердің арасындағы ең саны көп қазақ халқының өз этнонимі — төл есімі болып тұрақтанды.

Қысқаша түйіндер болсақ, Алғашқы Қазақ мемлекеті — Қазақ хандығының құрылуы барысындағы тарихи хал-ахуал осындай бола-







тын. Және сол жағдай Шығыс Дешті Қыпшақтағы Шибан әулеті Әбілхайыр хан мемлекеті құлап, онда Қазақ хандығының құрылуы қарастырылып отырған дәуірдегі дәстүр ауқымында болғанын көрсетеді: орта ғасырларда мемлекеттер белгілі бір билеуші әулет билікке жетсе бірге пайда болып, құласа бірге құлап отырды.

Енді Қазақ хандығының құрылу уақыты жайлы мәселені неғұрлым егжей-тегжейлі талдап көрелік. Бұл ретте де ең алдымен Мырза Хайдар Дулатқа (1500—1551) жүгінеміз. Мен «*Тарихи Рашидидің*» Санкт-Петербургтегі Ресей Ғылым академиясының Шығыстану институтында сақталып тұрған парсы тіліндегі түпнұсқасының төрт тізімін тілге тиек етіп отырамын. Бұл жайында Алғашқы Қазақ мемлекетінің тұңғыш тарихшысы былай деп жазады:

«Әбілхайыр хан Дешті Қыпшақты түгелдей өз қол астына бағындырып алғаннан кейін, Жошы әулетіне жататын сұлтандардың бірқатары ол тарапынан әлдеқандай қауіптің қара бұлты төніп келе жатқанын алыстан сезіп, соның алдын алуға ұйғарды. Сол мақсатпен Керей хан, Жәнібек сұлтан және солар сияқты бірнеше сұлтан Әбілхайырдан қашып шығып соңдарындағы азды-көп адаммен Моғолстанға барды.

Ол кезде Моғолстанда хандық құру кезегі Есенбұға ханға жеткен еді. Есенбұға хан оларға айрықша ілтипат көрсетіп қамқорлық жасады, Моғолстанның бір шетінен қоныс беріп, олар онда сенімді тыныштық тауып, тірліктері оңала бастады.


Әбілхайыр хан өлген соң (ерекшелеген мен. — Т.С.) Өзбек ұлысында өзара қақтығысулар басталды; бас амандығын ойлағандар шамасы келген кім болса да Керей мен Жәнібекке кетіп отырды. Соның арқасында олар да күшейе түсті.

Олар (Керей мен Жәнібек, солардың жақтастары. — Т.С.) алғашында қашып шығып, өздерінің сансыз көп халқынан бөлініп сырт жерде көшіп-қонып дағдарып жүргенде, былайғы жұрт тілінде қазақ аталады да, сол атпен қала береді».

Басқа бір тарауда Мырза Хайдар нақ осы уақиғаларды былайша әңгімелейді:

«Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілхайыр хан билейтін. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға көп қысым көрсетті. Жәнібек пен Керей хан одан қашып барып, Жетеге, яғни Моғолстанға жетеді. Есенбұға хан оларды ықыласпен қарсы алып, Моғолстанның батыс шетіндегі Шу мен Қозыбасы аталатын округті береді.

Олар мұнда жүргенде Әбілхайыр хан өлімінен соң (ерекшелеген мен. — Т.С.) Өзбек ұлысындағы жұрттың қаймағы бұзылып, берекесі кете бастайды. Әбілхайыр хан қол астындағы елдің көбі Керей хан мен Жәнібек хан жағына ауа көшеді де,



олардың маңындағы адамдар саны екі жүз мыңға жетеді. ...Қазақ сұлтандары мемлекетінің (даулати-салатини қазақ) басталуы — сегіз жүз жетпісінші жылдан (1465—1466). Әйткенмен, бәрі де Аллаға аян».

Қазақстан тарихнамасында Мырза Хайдар Дулаттың осы деректері (парсы мәтінінде және орысша аудармасында түсініктемесіз) тұңғыш рет келтірілген 1864 жылғы В. В. Вельяминов-Зерновтың «Қасым патшалары мен патшазадалары туралы» кітабының екінші бөлімі жарық көрісімен тарихи әдебиетте хижраның 870 жылын (1465—1466) Әбілхайыр хан өлген жыл, сонымен қатар Қазақ хандығы құрылған жыл деген пікір орнықты (Н. А. Аристов, А. П. Чулошников, М. П. Вяткин және басқалар). Бұл датаның қазіргі қазақ халқының тарихы үшін маңызы зор болғандықтан, біз «Тарихи Рашиди» авторы Мырза Хайдардың айтқанына сын талдау жасауымызға тура келеді.

Жоғарыда келтірілген үзінділерден байқағанымыздай, Мырза Хайдар Қазақ хандығы құрылар алдындағы және түптеп келгенде соған жеткізген оқиғалар тізбегін қатарынан екі рет еске салады да, бірақ бір ғана датамен шектеліп оқиғалардың **әрқайсысы** қай жылы болғанын таратып жатпайды. Алайда Мырза Хайдардың анық қазақ сұлтандарының билігі басталған жыл деп хижраның 870 жылын келтіруі, анықтай келгенде, қате болып шығады.

Мырза Хайдардың жазуы бойынша Қазақ хандығы **Әбілхайыр хан өлгеннен кейін** пайда болады, бұл басқа да көптеген деректермен тұжырымдала түседі. «Тарихи Рашидиде» анық айтылғандай, Мырза Хайдар Әбілхайыр **хижраның 870 жылы** (1465—1466) өлген деп есептейді.

Бірақ шын мәнінде Әбілхайыр хижраның 870 жылы емес, одан үш-төрт жыл кейін өлген. Парсы тарихшысы Қази Ахмад Фаффари Казвинидің «Тарихи жахан-арасы» бойынша хижраның 873 жылы (1468—1469) немесе XVI ғасырдағы ортаазиялық автор Масуд ибн Усман Кухистанидің «Тарихи Абу-л-Хайр-хан» («Әбілхайыр ханның өмірбаяны») және Махмуд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрары» бойынша хижраның 874 жылы (1469—1470).

Сондықтан да Қазақ хандығының құрылуы 1469 жылдан бұрын деп белгіленуі мүмкін емес.

Қазақ хандығының бастапқы тарихы хронологиясында Мырза Хайдар Дулат жіберген мұндай қарама-қайшылыққа таңырқауға да, қымсынуға да болмайды. «Тарихи Рашидидің» авторы әр жылды мөлшерлеп есіне түсіреді. Оның бәрі әлденеше рет шығыстану әдебиетінде, әсіресе академик В. В. Бартольд еңбектерінде атап көрсетілген де болатын. Бағымызға қарай, біздің, яғни қазіргі шығыс зерттеушілерінің

қолымызда «Тарихи Рашидиді» Кашмирде, оқиға өткеннен кейін жетпіс жылдан соң ойша жазып шыққан Мырза Хайдардан гөрі Қазақ хандығының алғы және бастапқы тарихы жайында материал көбірек.

Енді біз бүкіл хронологияны салыстырып тексере аламыз. Мұсылман күнтізбесінің, сондай-ақ он екі жылдық айналым күнтізбесінің қай жылы болсын өзінің әр түрлі бөлігі арқылы Еуропа күнтізбесіндегі екі жылға келетінін ескере отырып, төмендегі оқиғалар да қосарлы жылмен белгіленеді.

Әбілхайыр ханның Шығыс Дешті Қыпшақта таққа отыруы — 1428—1429 жылдар.

Керей мен Жәнібектің тайпалар мен рулардың бір бөлігін ертіп Шығыс Дешті Қыпшақ ханы Әбілхайырдан бөліне, Моғолстанның батыс шегіне ауып кетулері — 1459—1460 жылдар.


Моғол ханы Есенбұғаның өлімі — 1461—1462 жылдар.


Шибан әулеті Әбілхайыр ханның өлімі — 1468—1469 жылдар.

Дешті Қыпшақтан қашып өздеріне қосылған жаңа босқындар есебінен Керей мен Жәнібектің күшейе түсуі және олардың ерікті көшпенділерінің Моғолстаннан қайта оралуы — 1469—1470 жылдар.

Қазақ хандығының құрылуы — 1470—1471 жылдар.

1470—1471 жылдардан бастап ХІХ ғасырда патша үкіметі кең-байтақ Қазақ даласындағы хан билігін жойғанға шейін Орыс хан ұрпақтары үнемі бірін-бірі алмастырып келді, бірақ саяси үстемдік енді қайтып Шыңғыс әулетінің басқа тармағының өкілдеріне көшкен емес.





«КАЗАК»
ТЕРМИНИ


«Қазақ» — түрік сөзі. Бастапқы нысаны нақ осындай — екі жағынан екі — қ, қазақ болып жазылады. А. И. Левшиннің қазақтар туралы кітабы жарық көрген уақыттан бері (1832) кейбір ғалымдардың еңбегінде парсының ұлы ақыны Фирдоусидің (X—XI ғасырлар межесі) «*Шахнамасының*» Рүстем жайлы тарауында қазақ халқы, қазақ хандары жайында айтылған деген пікір тараған. Бірақ ол әлде-не түсініксіздіктен туған жағдай. Данышпан Фирдоусидің мәңгі өлмес шығармасының мазмұны шығыс зерттеушілеріне жақсы таныс, онда «қазақ» сөзі атымен жоқ. Қазақстан Республикасының көрнекті шығыстанушысы Б. Е. Көмековтің көп жылғы зерттеулері көрсеткендей, «қазақ» сөзі ежелгі араб авторлары шығармаларында да ұшыраспайды.

Мұсылман жазба ескерткіштерінде «қазақ» сөзінің алғаш аталуының бірін авторы белгісіз түрік-араб сөздігінде кездестіреміз. Сөздік, тегі, Египетте түзілген болуы керек, Лейденде 1894 жылы М. Хоутсм басып шығарған 1245 жылғы қолжазба бойынша белгілі. Бұл сөздікте «қазақ» сөзіне «үйсіз», «баспанасыз», «қаңғыбас», «аласталған» деген мағынада түсінік беріледі.

Тарихи әдебиеттерде «қазақ» сөзінің сан түрлі түсіндірмесі бар. Біреулер оны түрік тіліндегі қаз, қазу (рыть) сөзіне немесе кез, кезу (скитаться), қаш, қашу (бежать, спасаться) сөзіне апарып телиді; екіншілері қаз (гусь), ақ (белый) сөздерінен шыққан деп бұл сөздің адам нанғысыз этимологиясын жасайды; «қазақ сөзін» монғолдың қасақ-тэргэн (арбаның бір түрі) сөзінен шығаруға болатын дейтін зерттеушілер бар. Тағы бірқатар авторлар «қазақ» сөзін көне Кавказ тайпасының немесе тайпалар одағының атауы «касогпен» байланыстырады; алайда бұл сияқты жорамал-болжамның бәрі, В. В. Бартольдтың пікірінше, «тарихшы үшін кәдеге жарай қоймайды».

Қысқасы, «қазақ» сөзінің сенімді этимологиялық түсінігі әзірге жоқ. Бірақ «қазақ» сөзінің шығу тегі қандай екендігіне қарамастан, оның әуел баста еркін, үйсіз-күйсіз, кезбе, аласталған, сонымен қатар ержүрек, өр адам деген мәндегі атау мағынасы болғаны дау тудырмасы анық.

Сөйтіп, ешқандай саяси болмаса этностық мағынасы жоқ «қазақ» сөзі әрбір өз жұртынан, өзінің заңды билеушісінің қол астынан бөліне көшкен, сөйтіп тәуекілшілеп өмір сүруге мәжбүр болған өз еркі өзіндегі адам дегенді білдіреді. Айта кететін жайт, түріктің осы сөзі орыс тілінде де сол мағынада қолданылады. Русьте казактар деп арнаулы бір кәсіппен айналыспайтын адамдарды, жалдамалы батырақтарды, қысқасы өз еркінше жүрген адамдарды айтқан. «Казак» сөзі XIV ғасырдың аяғында Русьтің терістік аумағында тіркелгенімен, тарихшылар орыс казачествосының отаны Қыпшақ даласымен шекаралас оңтүстік Русь жері болғанын мойындайды. Бұл аймақтағы



тұрмыстың ыңғайы олардың әскери қауымдастық ретінде қалыптасуына ықпал етті.

Басқаша айтар болсақ, «қазақ» сөзінің түпкі мәні — әлеуметтік мән. Ол — дәл осы сәттегі жеке адамның, ұжымның өз билеушісіне, қоғамға, мемлекетке қатысты жағдайы, күйі, мәртебесі. Мәселен, айналасына сыймай ел кезіп, өзін-өзі қылыштың жүзімен асырап жүрген адам — қазақ, жора-жолдассыз жалғыз өзі қатерлі де шалғай жолға шыққан адам — қазақ, Бабырдың сөзімен айтсақ, «көзсіз ерлікпен жауының жылқысын айдап әкетпей тынбайтын» жаужүрек жігіт — бұл да қазақ.

Кейде өз еркімен не әлде бір жағдайға байланысты еріскіз қазақы өмір сүретін адам қашанда аз болмаған. Оған ол кездің күнделікті тірлігі де қолайлы еді, оның үстіне сол кездің түсінігі бойынша, *«Тарихи Рашиди»* авторы айтқандай, ер-азаматтың жас шағында елден жырақ, шөлді жерде, тау мен орман ішінде, ауылынан шалғайда өмір сүріп, жүгірген аң, ұшқан құс етімен тамақтанып, бас кетер қатерге бара жүріп ұстаған аң терісін үстіне іліп жүрудің өзі ерлікке парапар болған.

Кез келген адам, ол түрік пе, парсы ма, көшпелі малшы немесе жеті атасынан үзілмей келе жатқан ақсүйек төре ме, «қазақ» болып кете алатын еді. Біраз уақыт Тоқтамыс ханның тұңғыш ұлы Жалад-Дин де, Шибан әулеті мемлекетін орнатқан Әбілхайыр да, оның немересі Мұхаммед Шибан да, Шағатай ұрпағы Уәйіс сұлтан мен Саид сұлтан да «қазақ» болып жүрген. Қылыштасудан алдына жан салмайтын Әмір Темір ұрпағы Сұлтан Хусейн де көп айлар «қазақ» болып жүрген. Өзінің әйгілі *«Жазбаларында»* Бабыр да «қазақ аталып», таулы аймақ Масчадан Сұлтан Махмуд ханға бармақ болғанын есіне алады.

Бұл жерде қазақ болған адамның өз бетінен қайтып, бұрынғы қалпына қайта келуіне, ежелгі өз ауылына қайта оралуына болатынын баса айту керек. Жоғарыда біз атап өткен ақсүйек тұқымдарының бәрі де сөйткенін көреміз. Сұлтан Хусейн мен Сұлтан Саид кейін әрқайсысы өз елінде патша болды. Мұхаммед Шейбани мен Захир ад-Дин Бабырлар өз алдына дербес мемлекеттерін құрды.

Сөйтіп, сонау бір ескі заманда қазақ болу әркімнің өз қолындағы нәрсе еді. Иран және түркі тілдес деректер түпнұсқаларында қазақтың тұрмыс-халін көрсету үшін қазақ болу, казачество, ел кезу, еркіндік дегенді білдіретін қазақлық зат есімі, сондай-ақ қазақламақ етістігі қабылданды.

«Казачество кезінде» деген ұғым түркі тілді деректемелерде әдетте қазақлықта, қазақлықларда, иран тілділерде *дар аййам-и қазақ (и)*, *муддат-и қазақ* сөздері арқылы беріледі.

Қазақтың тұрмыс-халі қарабайыр екені белгілі. Содан барып *«қазақына»*, яғни *«қазақша»*, *«қарапайым»* ұғымдарын білдіретін сөз, түріктің қазақ деген сөзіне парсының *ына* қосымшасы жалғануынан барып

туған сөз шыққан. Ортағасырлық деректеме мәтінінде бұл сөздің қалай қолданылғанынан бір мысал. Шағатай нәсілі Сұлтан Ахмад нағыз дала баласы еді, қарадүрсін қатаң тірлік кешті. Бабыр Таңбала әмірге қарсы 1502 жылғы жорығы кезіндегі Сұлтан Ахмадтың «баспанасын» суреттеген.

Бабыр Сұлтанға келіп жеткенде, ол оның қолынан алып, өзінің «ұядай шағын шатырына» кіргізеді. «Сұлтан Ахмад шеткері жерде өскендіктен, — деп жазады Бабыр, — оның тұрып жатқан шатыры да, тұрмыс-халі де барынша жұпыны, қазақша (*қазақына*) екен. Қауын, жүзім, ат-әбзелдері де осы өзі тұратын аядай шатырда үйіліп жатты».


Қазақ, әрине, өзінің «қазақлығын» жалғыз-жарым өткізе бермеген. Еркін қазақпен бірге оның болашағы беймәлім тірлігін теңдей бөліскісі келетін адам, оған *қазақтас* болған. *Қазақтас* сөзін (оның негізінде белгілі үлгі: *йолдаш* — серіктес, *аркадаш* — жолдас, *ауылдас* — жерлес, *ватандаш* — отандас жатыр) мен екі-ақ жерде — әл-Хаджа Абд әл-Гаффар Киримидің «*Умдат ат-тауарих*» («*Тарихтар негізі*») шығармасында және XVII ғасырдағы осман авторы Эвли Челебидің Қырым хандығын суреттеген «*Саяхаттар кітабынан*» ғана кездестірдім.

Қазақтас. Қызық сөз! Бірақ оны орысша қалай лайықтап аударуды білмедім.

Ортағасырлық мұсылман авторлары тіпті «қазақтардан тұратын қоғамдарды», *джама'ати қазақ* деп те атаған. Мұндай ұжымдар әр кезде, түрлі себеппен әр жерде пайда болып отырған. Кей-кейде, деп жазады XV ғасырдың тарихшысы Әбдіраззақ Самарқанди, «өзбектің жекелеген жауынгерлері қазаққа айналып», Мазандаранға (1440—1444 жылдарда Каспий теңізінің оңтүстік жағалау аймағы осылай аталған) келіп, айналасын ұрлап-тонап, кері қайтып жататын. Кейде «қазақ бірлестігі» таққа таласып жүріп бас сауғалаған үміткер мен оның сенімді жақтастарынан құрылған, иен даланы еркін жайлаған топ болып та шығатын.

Біз сөз етіп отырған дәуірде «қазақ» сөзі жекелеген этностық, саяси және басқа топтарға, кейде тіпті жеке адамдар атына қосылып айтылған. Мәселен, моғол қазақтары, ноғай қазақтары, Дешті қазақтары, қызылбас қазақтары, сондай-ақ «Таңбала әмір қазақтары», «біздің қазақтар» (Бабыр), «шибан қазақтары» болған.

«Қазақ» сөзі сондай-ақ белгілі бір топтың, әр түрлі себептермен өз мемлекетінен ажырап қалған, қазір онымен соғысуға мәжбүр болып жүрген көшпенділердің бір бөлігіне де таңылып келді. Міне, сондай топтың, қазақтардың біріне Әбілхайыр хан мемлекетінің оған қарсы шығып, оның билігінен бөлініп кеткен Орыс хан ұрпақтары Керей мен Жәнібектерге қосылып жат жерден бақыт іздеген көшпенділері де жатады. Бұл жерде нақ сол ауа көшудің себептеріне



тоқталып жатпаймыз, — бүкіл сол уақиғада кейін, 1459—1460 жылдары болған жайлар анағұрлым маңызды.

Әлбетте мынадай сұрақ туады: Керей мен Жәнібектің ауа көшіп кетуінің қазақ халқының этногенезіндегі рөлі қандай? Керей мен Жәнібек маңындағы қазақтар бірлестігі саяси және этностық тұрғыдан қандай бірлестік еді?

Керей мен Жәнібектің Жетісу жеріне көшіп кетуі, сөз жоқ, қазақ халқының этногенезінде шешуші рөл атқарды. Бірақ халықтың өзінің қалыптасуындағы емес, оның қазіргі атының біржола бекіп қалуындағы рөлін айтамыз. 1459—1460 жылдардағы ауа көшуден қазақ халқы пайда болған жоқ, ол халықтың бұған дейін де жүріп жатқан қалыптасу үрдісін одан әрі жеделдетті.

Қысқасы, ол көш қазақ халқының ұлт болып қалыптасуының бастауы да, жетер межесі де болған жоқ. Бірақ ол сол әрқилы аспектіден тұратын үрдістің ең басты қозғау күшінің бірі болды: қалыптасып жатқан халықтың өзінің болашақ есімімен тарихи тоғысуы осылайша Жетісу даласында жүзеге асты. Осыдан былай Орыс хан әулетін жақтаған адамдардың тарихы мен «қазақ» сөзінің тарихы тұтасып біте қайнасып кетті. Ендеше Керей мен Жәнібектің көшуі «қазақ» сөзінің де тарихи тағдырын біржола шешіп берді.

Шибан ұрпағы Әбілхайыр өлгеннен кейін Керей, Жәнібек және олардың қасына ергендер үшін туған елге қайтуға жол ашылды, қайтып оралған соң көп ұзамай олар жоғарғы билікті өз қолдарына алды. Сол оқиғалар төл қазақ мемлекеттілігінің бастау негізі болды.

Әбілхайыр мемлекетіндегі билік ұстаған әулетті Жошы әулетінің басқа бұтағынан тарағандар алмастырғанымен, елдің экономикалық һәм әлеуметтік құрылымында елеулі өзгеріс бола қойған жоқ. Бірақ осы оқиға түптің түбі мемлекет атының өзгеруі мен «қазақ» сөзінің этностық мазмұн алуына жеткізді.

Дала халықтарын өз қол астына біріктіру жолындағы қатал бәсеке күресте қазақтарды, одан соң мемлекетті де басқарған Орыс хан ұрпақтары жеңіп шықты. Шыңғыс ханның баласы Жошының Шибанынан тараған ұрпақ бұдан әрі жан-жаққа бытырап, біріктіруші болуға жарамсыз болып шықты.

Шығыс Дешті Қыпшақтағы «өзбек» жиынтық атауы біржола жойылды. Бұрын осы өңірді мекендеген тайпалар енді әрқайсысы өз атымен өзбектер (шибандықтар), қазақтар және маңғыттар (ноғайлар) деп атала бастады.

Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы сол кезгі этностық-саяси жағдайды 1510 жылы өлген Мұхаммед Шайбан хан сарайының ең хабардар бір тарихшысы Ибн Рузбихан былайша сипаттайды.

«Шыңғыс хан иелігіндегі елдің сүт қаймағы саналған үш тайпаны өзбектер деп біледі. Бұл күнде олардың бірі — *шибандықтар*, ұлы мәртебелі хан (Шибан хан. — Т.С.) бірқатар аталарынан кейін оларды билеп отыр. Екінші тайпа — *қазақтар*, бүкіл әлемге күшімен, жаужүректілігімен аты шыққан, үшінші тайпа — *маңғыттар*... Бұл үш тайпаның хандары ұдайы бір-бірімен дұрдараз, біріне-бірі көз алартумен келеді».


Бір сөзбен айтқанда, саяси және этностық жағынан Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындарының аражігін ажырату үрдісі XV ғасырдың 70—90-жылдарында шын мәнінде аса тереңдеп, енді ешкімге бой бермес дәрежеге жетіп еді. Сөйте тұра, үрдістің өзі өте баяу, ілби басып жылжыды; бұдан әрі қаншаға созылары да, немен тынары да белгісіз болатын. Бірақ дәл осы кезде Тарих доңғалағы кенет басқаша айналып жүре берді.


Жаңа, XVI ғасырдың басында Орталық Азия тарихына аса зор саяси, этностық және басқа өзгерістер келген бірқатар оқиғалар болып өтті. Шибан әулетінің басшысы Мұхаммед Шейбани (осылай.— Т.С.) көрші елдегі саяси ыдыраушылықты тиімді пайдаланып, 1500 жылы Шығыс Дешті Қыпшақтан шыққан бетінде Бұхараны басып алды, ал келесі жылдың мамырында Әмір Темір ұрпағы Бабырды қуып, Самарқанды тартып алады. Олардың әскери табыстары үдей түседі де, Бабыр ақыры қашып шығып, немере ағасы моғол ханы Махмұдты паналауға мәжбүр болады. 1503 жылы Акси маңында Шейбани ханнан ол да жеңілген соң, Қабұлға бет алады.

Бұл кезде шағын-шағын үлестерге бөлініп ыдыраған Әмір Темір иеліктерін жаулап алу жолындағы Шейбанидің жеңісті жорығы жалғаса түскен. 1505 жылы Шейбани хан Әмударияның төменгі саласындағы Хорезмді (Хиуаны) жаулап алады. 1507 жылдың мамырында Шейбани хан өз әскерімен Хорасан шекарасына барып кіріп, Герат, Астрабад, Гурган және басқа қалаларды иеленеді. Темір нәсілі Сұлтан Хусейннің ұлы әрі мұрагері, Дешті Қыпшақ өзбектерімен (*шибандықтармен*) күрестегі ең соңғы үміт артқан Бади аз-Заманның өзі алдымен Әзірбайжанға, одан әрі Түркияға қарай ауып, ақыры Стамбұлда көз жұмады.

Орта Азиядағы Темір әулетінің билігі жойылып, оның бұрынғы әулетінің негізгі аумағында жаңа әулет — өз тамырын Шыңғыс ханның немересі, Жошы ханның баласы Шибаннан (Сыбаннан) алатын Шибан әулетінің билігі орнады. Тарихи әдебиетте көбінесе қате жазылып жүргендей Шайбан емес, Шибан әулеті. Өйткені Орта Азияда Шибан әулетінің мемлекетін орнатқан Әбулфатих Мұхаммед Шейбани ханның (толық аты осылай еді) өз кіндігінен тараған ұрпағы ешқашан ешбір жерде билік басында болып көрген емес. Шибан







әулетінің бұл бұтағы Мәуереннахрда хижраның 1007 жылына дейін (1598—1599) билік құрды.

1510 жылы Мұхаммед Шейбани хан Мерв түбінде қызылбастармен шайқаста жеңіліп, қазаға ұшыраған соң, Хорезм аз ғана уақытқа парсы шахы I Исмаилдың қолына өтеді. 1511 жылы Мұхаммед Шейбанидің атасы Әбілхайыр ханның ежелгі саяси бәсекелесі, өзі де Шибан әулеті Бүреке сұлтанның балалары ағайынды Елбарыс пен Белбарыстар өздеріне ерген Шығыс Дешті Қыпшақ «өзбек-шибандықтармен» бірге жорыққа аттанып, иран шахының қойған билеушісін айдап шығып, Хорезмге орнығады да, онда, Әмударияның төменгі саласында, ғылымда Хиуа хандығы аталып кеткен өздерінің дербес мемлекетін құрады. Әулеттің бұл тармағының (Жошы хан баласы Шибан ұрпақтарының ерекше тармағы) Хорезмдегі билігі хижраның 1106 жылына (1694—1695) дейін созылады.

Дешті Қыпшақ көшпелі тайпаларының Темір әулеті мемлекетін жаулап алуы, Мәуереннахрда екі дербес өзбек хандығының — бас қаласы Самарқан, одан кейін Бұхара болған Бұхара хандығының және орталығы әуелде Үргеніште, ал кейін Хиуада болған Хиуа хандығының құрылуы қазіргі өзбек және қазақ халықтарының этностық-саяси тарихындағы аса маңызды оқиға болады.

Осы арада екі жағдайды баса айтқым келеді. Біріншіден, Шибан әулетінің басты-басты екі бірдей тармағының Даладан кетуінің нәтижесінде Дешті Қыпшақ көшпелі тайпаларының біразы Мәуереннахр мен Хорезмнің бағындырылған өңірлеріне қарай жаппай жылжып, сол маңнан екінші отан тапты. Бұл мәселе бойынша деректерді зерттей келе, Даладан Мәуереннахр мен Хорезмге ауған Дешті Қыпшақ көшпенділерінің саны үш жүз алпыс — төрт жүз мың шамасында болғанын байқаймыз. Екіншіден, Шибан ұрпағының көптеген адамдарды ертіп, қазіргі Қазақ даласы аумағынан біржола кетуі Мәуереннахр өзбектері мен Шығыс Дешті Қыпшақ қазақтары арасындағы тұрмыс, салт-сана, дәстүр мәдениет тұрғысында өзгешеліктер болуына әкеліп соқты.

Шибан ұрпағына ерген көшпелі тайпалардың бірсыпырасының Мәуереннахр мен Хорезмге қарай аууына байланысты Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындарының аумақтық-этностық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық өзгешеліктерінің шығуы этностық жаңа қауымдастық — қазақ халқының біржола қалыптасуында шешуші рөл атқарды. Шығыс Дешті Қыпшақ «өзбек» және «қазақ» деген терминдердің тарихи тоғысқан орны болудан арылды. «Өзбек» сөзі Шибан ұрпағымен бірге Мәуереннахр мен Хорезм аумағына өткен тайпалардың атына айналды. Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу жерінде көшіп жүрген қалпында қалған Жошы әулеті Орыс хан ұрпағының қол астына біріккен түркі тілдес тайпалар мен рулар «қазақ» атын түпкілікті иемденіп, олардың елі Қазақстан атала бастады.

Сол кезден бастап қазірге дейін осы бір еуразиялық ұлан-байтақ елдің түпкілікті тұрғындары өздерін тек қазақ деп қана атап келеді.

Сөйте тұра орыс тіліндегі әдебиет пен құжаттарда XVIII ғасырдан XX ғасырдың 30-жылдарына дейін көптеген жылдар бойына Қазақстанның байырғы халқын атау үшін «қырғыз» (көршілес түркі тілдес халықтың атауы, олар орыс құжаттарында *қара қырғыз*, *буруттар*, *жабайы тау қырғыздары* деп аталып келген), немесе бірде *қырғыз-қазақ*, бірде *қырғыз-қайсақ* (бұл жерде «қайсақ» сөзі түріктің «қазақ» деген сөзінің бұрмалануы ғана) деген сөздер қолданылды. Қате атаудың қазақтарға таңылуының әрбір жағдайының өз түсіндірмесі бар, сондықтан арнайы қарастыруды талап етеді.

«**Казах**» сөзі — осы күнгі жер аумағы жағынан барлық түркі елдерінің алдында тұрған көп миллион халқы бар ұлттың қазіргі ресми орысша аты — түркіше «қазақ» сөзінің орысша нұсқасы болып табылады. Г. Ф. Благованың анықтауынша, «казах» сөзінің орыс деректерінде алғаш қолданыла бастауы 1822 жыл екен де, сөздіктерде бұл сөз 1865 жылы пайда болыпты. Қазақ түркі сөзінің орысша қазах нұсқасының ресми орнығуы 1936 жылы Қазақстанның әкімшілік-шаруашылық тұрғыдан қайта құрылуымен байланысты.

Ыждағатты оқырман екі жағдайға қалайда назар аударған болар: біріншіден, бұл шығармада, әсіресе оның төртінші және бесінші тарауында шығыс терминдері жиі ауызға алынады, кей тұста тіпті парсы және түркі тілдерінде кішігірім үзінділер де келтірілген;


екіншіден, автор ортағасырлық жазбаша түпнұсқалардан алынған тарихи материалмен шығармашылықпен жұмыс істеудегі өзінің «әдіс-амалдарын» осы жағдайда қаншалық мүмкін болғанынша көрсетуге тырысып бақты.

Аталмыш тараулар үшін материалды ұсынудың осындай тәсілін таңдағаннан соң мен төмендегі бұлтартпас ақиқаттардың есте қалуын ойладым:

1. Түркілер тарихы жөніндегі жазба ескерткіштердің көбі түркі тілінде жазылған емес, сондықтан түркі халықтарының өткен тарихын зерттеу үшін түрколог болып қою жеткіліксіз, сонымен қатар қай дәуірді зерттемек ниетіне орай *синолог* (қытай тілінің маманы), *араб*, *иран* тілдерінің де маманы болу керек.

2. Шығыс тарихын зерттеу дегеніміз тек шығыс тілдерін біліп қана қою және тиісінше білім қоры болу ғана емес, сонымен бірге басты-басты ғылыми әдістерді білу және оларды қолдана білу.

Қысқасы, шығыстанушы-тарихшы мамандығы өте көп еңбектенуді қажет ететін, бірақ, иланыңыз, барынша қызғылықты да тартымды мамандық.





ҚАЗАК
ХАНДЫҒЫНЫҢ
НЕГІЗІН ҚАЛАҒАНДАР


Естеріңізге сала кетейін, Қазақ хандығының негізін салған қос сұлтан — К е р е й мен Ж ә н і б е к. Бұған ешқандай таңырқауға болмайды. Екі немесе әлденеше туысқандардың күш біріктіруімен мемлекет құру мысалдары Азияның ортағасырлық тарихында жетіп артылады. VI ғасырдағы Түрік империясын да, XI ғасырдағы Селжұқтар мемлекетін де ағайынды екі адам құрған. XVI ғасырдағы Хиуа хандығы да Елбарыс пен Белбарыс сынды ағайынды екеуінің бірлескен қарекетімен құрылған болатын. Ағайынды екеуі жайында Әбілғазының «Түркілердің ата-бабалары туралы» аталатын шығармасында толық әңгімеленеді. Ол әңгіменің жан-жақты әсері болғандықтан, қысқаша мазмұнын бере кеткім келеді.


Шыңғыс хан ұлы Жошы, Жошы ұлы Шибан ұрпағы Буреке сұлтанның (XV ғасыр) соңында екі ұл: үлкені Елбарыс, ел ішінде Биликич (бұл арада — Таңбалы) аталып кеткен кішісі Белбарыс қалады. Күндер жылжып, айлар өтіп, жылдар құрайды, екі бала да ержетіп, соқталдай ержүрек жігіт болады. Содан олар өздеріне ерген адамдарымен Шығыс Дешті Қыпшақтан жорыққа аттанып, 1511 жылы Үргенішті, Хиуаны, Хазараспыны жаулап алып, сол Әмударияның төменгі саласында өздерінің тәуелсіз хандығын орнатады. Елбарс Уәзір қаласында тұрады да, Белбарыс одан сәл батысқа қарай орналасқан Жаңашәһәрда орналасады.

Әрине, жаңа хандық әдеттегідей қанды жорықтар арқылы құрылып нығайған болатын. Ағайынды екеуі де жауынгерлерін шайқасқа өздері бастап шығып, қауіп-қатер, қиындықтың бәрін солармен бірге көреді. Бірақ қызығы басқа еді.

Емшектегі кезінде ауырып, мүгедек болып қалған Белбарыстың (Биликич) екі аяғы да қара санға дейін семіп, жамбастап қалған еді де, сондықтан атқа салт міне алмай, арбаға отыратын. Бір кісілік ыңғайлы арба жасатып, оның доңғалақтарын темірмен құрсаулатты. Арбасына ең ұшқыр арғымақтарды жектіріп, темір білек жігіттерді қасына ерткен ол, Абулхан мен Маңғыстау арасын ұдайы кезіп, талан-таражға қатысатын. Өзі де құралайды көзге атқан мерген, ержүрек жауынгер болатын. Екі доңғалақты арба үстінде тізерлеп тұрып алып — сырт көзге жатқан сияқты көрінетін, — жан-жақтан қарша жауған садақ оғына қарамай ілгері тарта беретін. Көзсіз батырлар бастаған не бір қызу шайқас кезінде ол үнемі алда жүретін. Арбасының алдына қарай еңкейіп алып, өз жігіттеріне: «Солай! Солға! Алға! Кейін!» — деп бұйрық беретін. Арба үстінде салт аттылардан қалыспай шайқасатын. Оның жорыққа арналған, ең жақсы арғымақтар жегілген жеп-жеңіл арбасы салт атты жауынгерлерден қалыспаушы еді.







Міне, осылай салт атпен де, арбамен де құйғыта жүріп, ортағасырлық Азия көшпенділері өз империясын құрған болатын.

Енді Ұлы Далаға қайта оралып, Керей мен Жәнібек жайлы әңгімемізді жалғастырайық.

Белгісіз автордың «Шейбани-намасында» Қазақ хандығын құрған сұлтандардың екеуі де 1428 жылы өлген Барақ ханның балалары делінген. В. В. Вельяминов-Зернов та (1864 жылғы жарияланамы), одан кейінгі XIX—XX ғасырлар зерттеушілері де бұл екеуін бірге туған адамдар деп келді. Әйтсе де, «Муизз әл-ансаб» (XV ғасыр) және «Нусрат-нама» (XVI ғасыр) сияқты Жошы әулетінің ата-тегі толық көрсетілген еңбектерге сүйенсек, бұлар Орыс ханнан тарайтын біршама алыс ағайындар ғана екен.

Керейдің ата-тегі: Орыс хан, Тоқтақия, Әнеке-Болат, Керей.

Жәнібектің ата-тегі: Орыс хан, Құйыршақ, Барақ, Жәнібек.

Сөйтіп, Қазақ хандығы Жошы нәсілінің Керей мен Жәнібек секілді екі сұлтанының бірлескен қаракетімен құрылды. Бірақ, делінген Махмуд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрарында», «алдымен падишах атанғаны Керей», яғни қазақтардың аға хан көтерген адамы сол.

Бұл жерде *падишах* (*падшах*) сөзінің парсының көне сөзі екенін, *пад* (сөзбе-сөз — сақшы, сақтаушы) және *шах* (сөзбе-сөз — асыл текті, ұлы) сөздерінің бірігуінен жасалғанын айта кетуге тиіспін. «Падишах» сөзі Алдыңғы және Орта Азия елдерінде монархтарының қай-қайсысына да қарата айтыла беретін үйреншікті лауазым болған.

Махмуд ибн Уәлидің сөздері «Тарихи Рашиди» деректерімен де, Мұхаммед Шейбани хан тұсындағы ортаазиялық тарихи шығармалар мәліметімен де толық қуатталады. Бұл баян деректер беттерінде Керей қазақтардың жасы үлкен ханы ретінде аталады. Керейдің хандық құруының жай-жапсары бізге белгісіз. Оның есімі соңғы рет хижраның 878 жылына (1473—1474) қатысты деректерде айтылады. Сірә, ол сол жылдары өлсе керек.

Керей ханның ұлдары көп болған, деп жазады Мырза Хайдар Дулат, бірақ олардың атын атамайды. Ал «Муизз әл-ансаб» пен «Нусрат-намада» келтірілген Жошы әулетінің шежіресі бойынша Керейдің Бұрындық, Қожа Мұхаммед, Сұлтан Әли аталған үш ұлы, бірнеше қызы болған.

Жәнібек жайындағы қолда бар деректер де өте аз. Барлық жазба нұсқаларда оның есімі ылғи не ылғи дерлік Керей хан есімімен бірге аталады. Оның шын аты Әбу Саид екені белгілі, Жәнібек лақап аты, бірақ ол Жәнібек атымен көбірек белгілі. Оның тоғыз ұлы, бірнеше қызы болды.

Жәнібектің қай жылы өлгені, Қазақ хандығын құрысқан осы бір адам жеке-дара ел биледі ме, жоқ па деген сауалдарға біз жанама ғана деректер келтіре аламыз, дәл айтылған сілтеме жоқтың қасы. Мәселен, «Тарихи Рашидиде» мынадай сөздер бар:

«Жоғарыда аты аталған Қасым хан Жәнібек ханның баласы еді. Ол өз әкесі сияқты барлық жағынан Бұрындық ханға бой ұсынып, бағынатын».

Осы сөздердің өзінен-ақ Жәнібектің Бұрындық ханның әкесі Керей ханнан кейін де өмір сүргенін, хан деп атала тұрғанымен, жеке дара билік құрмағандығын аңғарамыз.

Соңғы жағдайға қымсынудың қажеті жоқ. Бір мемлекетте бір уақыт ішінде бірнеше сұлтан хан деп аталған жағдайлар аз емес. Мәселен, шибандықтар мемлекеті Мәуереннахрда, оның іргесін қалаған Мұхаммед Шейбани хан 1510 жылы өлгеннен соңғы жағдайға байланысты хан атағын бір мезгілде Сүйіндік Қожа, Көшкінші, Мұхаммед-Темір және Убайдулла сияқты **төрт** сұлтан иемденген болатын. Бірақ аға хан Көшкінші (Көшім) болып қала берген.

Сөйтіп, Керей хан мен Жәнібек ханның нақ қашан өлгені де, жерленген жері де белгісіз. Бірақ аттары қалды. Ұрпағы қалды. Олар құрған, ұзақ ғұмыр бұйырған хандық қалды.





ҚАЗАК
ХАНДЫҒЫНЫҢ
НЫҒАЮЫ
КЕЗІНДЕГІ
БИЛЕУШІЛЕР

XV—XVI ғасырлар тоғысы — қазіргі Орталық Азия республикаларының тарихындағы жаңа бір кезеңнің басы болып табылады. Нақ осы XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басында Шығыс Дешті Қыпшақта Қазақ хандығының (XV ғасырдың 70-ші жылдары), Мәуереннахр мен Хорезмде шибандықтар мемлекеттерінің (XVI ғасырдың басы) және орталығы Яркенд болған (1514 жылдан) Моғол мемлекетінің құрылып, нығаюымен бірге Орта Азияның тарихи сахнасына өзбек, қазақ, қырғыз, қарақалпақ сияқты халықтар шыққан еді.

1470—1471 жылдары Қазақ хандығының құрылуына байланысты Әбілхайыр хан мемлекеті біржола ыдырады. Сол кезден бастап, Мырза Хайдар Дулаттың айтуы бойынша, «қазақтар Өзбекстанның көпшілік бөлігін толық билеп тұрды».

Жайық өзенінен батысқа қараған қыпшақ даласы, Шығыс деректерінде түркіленген монғол тайпаларының біреуінің атымен *маңғыт* аталған көшпелі тайпалар бірлестігінің мекеніне айналды; ал орыс деректерінде маңғыттар XIII ғасырдың соңын ала Алтын Орда хандарын өз қалауынша бірін алып, бірін қойған, Жошы ұлысының тарихында белгілі әскербасы Шыңғыс нәсілі Ноғай (Ноқай) есімімен *ноғайлар* (*ноғайлықтар*) аталып кеткен. XV ғасырдан бастап маңғыттар (*ноғайлықтар*) тек этнографиялық қана емес, өз билеушілері (*билері*, *мырзалары*) бар саяси даралыққа да ие болды.

Қазақ хандығының құрылуы Шибан әулетінің Шығыс Дешті Қыпшақта үстем билігінен айырылып, жан-жаққа бытырай тарауына әкеліп соқты, бірақ олар саяси күрестен бас тарта қойған жоқ еді. Мұндай топты Әбілхайыр ханның немересі қайратты да жаужүрек ханзада Мұхаммед Шейбани (1451—1510) басқарды. Әбілхайырдың баласы әрі мұрагері Шейх Хайдар өлісімен (1470 жыл шамасында) оның жақтастары Мұхаммед Шейбани мен інісі Махмұдты (1454 жылы туған) Астрахан асырып жіберген болатын. Араға жылдар салып жас сұлтандар Сырдария өңіріне қайта оралды да, сонда шағын-шағын қол жинап, Шығыс Дешті Қыпшақтағы Әбілхайыр әулетінің билігін қайтадан қалпына келтіру жолындағы күрестерін бастады.

Әйтсе де Мұхаммед Шейбани атасының Шығыс Дешті Қыпшақта мемлекет басқарған тәжірибесін қайталай алмады. Қазақ билеушілері тым күшті еді, олардың қол астында отыз-елу мың әскер болды, ал Мұхаммед Шейбани маңында әрі кетсе үш жүз, төрт жүз адамнан тұратын шағын топ қана бар еді.

Ақыры, Әбілхайыр ұрпағының Даладағы үстем билігін қалпына келтіреміз деген үміті біржола үзіліп, ағайынды Мұхаммед Шейбани мен Махмұд-сұлтан барлық туған-туысқандарын, өздерін жақтаушыларды Әмір Темір әулетіне қарсы бірлесіп соғысқа шығуға шақырды.



Олардың шақыруын бірқатар туыскандары, Шығыс Дешті Қыпшақ көшпенді тайпаларының жекелеген рубасылары қабыл алды. 1500 жылы — екі ғасыр тоғысында — кішігірім қолды бастаған Мұхаммед Шейбани оңтүстікке аттанады да, қысқа мерзім ішінде Мәуереннахрды жаулап алып, сол арада өзінің дербес мемлекетін орнатады.

Нақ сол кезде Орта Азияның шығыс аймақтарында да маңызды оқиғалар болып жатқан. XV ғасырдың екінші жартысында моғолдардың жоғарғы билеушілері өздеріне мұраға қалған Моғолстанда емес, Мәуереннахр мен Түркістан уәлаятында тұрып, Ташкент, Сайрам, Ұра-Төбе, Шахрух сияқты қалалар мен басқа да біраз қамалдар соларға қарайтын. 1500—1501 жылдары Шейбани хан Мәуереннахрдың ірі-ірі орталықтарын жаулап алғанда оған Моғолдың жоғарғы билеушісі (ұлы ханы) Махмұд хан (1487—1508 жылдары билік құрған) едәуір әскери көмек берген болатын. Мырза Хайдар Дулат ханның бұл көмегін «ағат әрекет» — болашақта моғолдардың өздеріне төнуі ықтимал қауіпті ескермей, ойланбай істелген іс деп сипаттайды.

Шынында да, «Ортаазиялық қос өзен» арасына орнығып алған Мұхаммед Шейбани өз қаруын күні кешегі қамқоры әрі одақтасы Махмұд ханға қарсы кезейді. Жалтақ әрі әскери қабілеті де мүлдем жоқ моғол билеушісі Шейбани хан тегеуірініне төтеп бере алмай, Шығыс Түркістандағы, қалмақтармен шайқаста ержүректігімен аты шыққан інісі Сұлтан Ахмадты көмекке шақырады. Жауласқан екі жақ хижраның 908 жылы (1503) Акси маңында бетпе-бет келіп, ақтық майданға шығады. Шейбани хан жеңіске жетіп қана қоймай, ағайынды екі қарсыласын да қолға түсіреді. Ағайынды хандардың Ташкенттен кетеміз деген уәдесін алып, оларды босатып жібереді.

Хандар Шығыс Түркістанға барып, 1503—1504 жылдың қысын Ақсу да өткізеді, сол жерде Ахмад хан (кіші хан) жазғытұрым қайтыс болады. Махмұд хан Жетікентті мекендеп қалады.

Темір әулеті иеліктерінің солтүстік бөлігін жаулап алған Мұхаммед Шейбани 1507 жылдың мамырында бұл кезде әжептәуір саны артып, күшейген әскерімен Әмудариядан өтіп, Хорасан иелігіндегі Герат, Астрабад, Гурган және басқа қалаларды басып алады. Шейбани ханның Темір әулетінің ұланғайыр иеліктеріндегі бұл жеңісті жорықтарын Шибандықтардың оңтүстіктегі жаңа қарсыласы Иран шахы I Исмайыл (1501—1524 жылдары билік құрған) әскері тоқтатты.

Шейбани хан мен Исмайыл шах арасындағы ақырғы айқас Мерв түбінде 1510 жылы қарашада өтеді. Өзбек әскерлері күйрей жеңіліп, әскери қулыққа алданып қолға түскен Шейбани ханның өзі де мерт болады. Оның кесілген басы жеңімпаз шах Исмайылға тартылады.



Шейбани ханның сыдырып алынған бас терісінің ішіне сабан толтырылып, шахтың бәсекелесі түрік сұлтаны II Баязидке (1481—1512 жылдары билік құрған) жіберіледі. Ал, бас сүйегі алтынмен қапталып, салтанатты күндерде шах «оны құрмет пен ұлылық белгісі ретінде тағына қоятын». Шейбани ханның мылжаланған бассыз денесін ақыры өзбектер тартып алып, Самарқандағы өзі ашқан медресе ауласына апарып жерлейді.

Сөйтіп Жошы хан ұлы Шибанның ең атақты ұрпағының бірі өз өмірін осылай аянышты аяқтайды. Жеңіліске ұшыраған Шибанидтер Хорасаннан айырылса да, Мәуереннахрда билігін сақтап қалады.

Енді Қашқардағы билік үшін Шағатай ұрпағы мен дулат әмірлерінің арасындағы ежелден келе жатқан күрестің жаңа кезеңі басталады. Шағатай әулеті жеңіске жетіп, хижраның 920 жылы (1514) Сұлтан Саид хан орталығы Яркенд етіп жаңа мемлекет, жергілікті авторлардың тарихи жазбаларында **Могулийе, Мамлакати могулийе** аталған Моғол мемлекетін құрады.

Сөйтіп, XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басында Түркістан халықтарының өмірі мемлекеттік-саяси тұрғыдан да, этностық тарих тұрғысынан да маңызды оқиғаларға толы болды. Сол бір өтпелі кезеңде қазақтар мемлекетін билеу Бұрындық пен Қасым хандар үлесіне тиді.

Б ұ р ы н д ы қ — Алғашқы Қазақ мемлекетінің тұңғыш ханы Керейдің үлкен ұлы болатын. «Тарихи Рашидидің» айтуынша, Бұрындық хан өз әкесінің тікелей мұрагері еді. XV ғасырдың 70-ші жылдарының ортасындағы, яғни әкесі өлген уақытқа жақын кезеңдегі оқиғаларды сипатайтын барша деректерде Бұрындық қазақтардың ұлы ханы (парсыша — *хан-и-бузург*; түрікше — *үлұғ хан*) аталады.

Бұрындық ханның билігі ең бір мазасыз, талас-тартысты, аумалы-төкпелі кезеңге дөп келген еді. Ол сол қиындықтардың бәріне төзіп, өз әкесі мен оның сенімді серігі Жәнібек ханның өсиетіне адал болды, олар құрған хандықты сақтап, күшейте беру жолында аянып қалмады. Ол іскер де батыл еді. XV ғасырдың соңғы ширегіндегі хандықтың үлкен-кіші оқиғасының бәріне тікелей араласып, әскер басында да өзі жүрді, шайқастарда әлденеше рет жараланды. Мұсылман тарихшылары Бұрындық ханды Дешті Қыпшақ билеушілерінің ішіндегі ең белгілісі және күдіретті әмірші деп сипаттайды.

Бұрындық хан тағында ұзақ уақыт — отыз жылдан астам отырды. Сөйте тұра жоғарғы билікті өмірінің ақырына дейін ұстап тұра алмады. Тарихи деректерде Бұрындық хан тағдырының соңғы жылдары жайлы аянышты әңгімелер қалған.

Мырза Хайдар Дулаттың айтуынша, хижраның 915 жылы (1509—1510) қарсаңында Жәнібек ханның баласы Қасымның күш-құдіреті артып, ықпалы күшейе түседі. Бұрындықтың аға хан болып тұрған кезінің өзінде-ақ барлық билік іс-жүзінде Қасым сұлтанның қолында болатын. Хандықтың осынау аса беделді екі адамының арасындағы бақталастық ақыры қажырлы да қуатты Қасым сұлтанның жеңіп, беделінен айырылған ханның қуылуымен тәмамдалды. 1511 жылдың күзіне таман Бұрындық хан соңына ерген бір топ жақтастарымен «Самарқан шегіне қоныс аударды да, — делінеді *«Тарихи Рашиди»* кітабында, — жат жерде дүние салды».

Қ а с ы м Қазақ хандығының негізін қалағандардың бірі Жәнібек ханның үшінші ұлы болатын. Ол 1445—1446 жылдар шамасында дүниеге келген, соған қарап жастық шағын «қазақ» ретінде қазіргі Жетісу, яғни Моғолстан жерінде өткізді деп пайымдауға болады.

XV ғасырдың соңғы үштен бірі мен XVI ғасырдың басында Қасым Қазақ хандығының қоғамдық-саяси өмірінде ең орталық тұлғаға айналды. Жеңімпаз қолбасы, үлкен ұлыстың беделді сұлтаны, кейіннен қазақ ханы, реформатор-билеуші, — міне, туған ел тарихының өтпелі кезеңінде Қасым маңдайына тағдыр атқаруға жазған тарихи рөлдер ауқымы осындай болатын; көрші елдерде шекаралар жиі өзгеріп, билік басына бір әулеттер келіп, бірі кетіп, өзара соғыстар ондаған жылдар бойына жалғасып жатқан аласапыран заманда негізі жаңа қаланған қазақтың жас мемлекетінің болашағын тиянақты ету, аңыс аңдыған жаудың бетін қайтарып, ел іргесін бекіту қажет еді.

Қасым хан даңқы артуының қысқаша мазмұны мынадай.

Кішінің үлкенге бағынуы сияқты қалыптасқан дәстүрді берік ұстанған нағыз дала перзенті ретінде Қасым сұлтан да, кешегі өз әкесі сияқты, бастапқыда Бұрындық ханның ықпалында болып, соған бағынды, — Мырза Хайдар Дулаттың осылай деп жазғанына сілтеме жасағанбыз. Шынында да, Қасым сұлтанның есімі деректемелерде Мұхаммед Шейбанидің XV ғасырдың 70—80-ші жылдары аралығындағы қазақ билеушілерімен соғысы кезінде алғаш рет аталып, ол туралы «Дешті Қыпшақтың атақты сұлтаны, даңқты бахадүрі», Бұрындық хан атты әскерінің қолбасшысы делінеді.

Ежелден белгілі: ел мақтаған ер жігіттің соңынан билік те ере жүреді. XVI ғасыр басына қарай Қасым сұлтанның беделі көтеріліп еді, жеке билігі де арта түсті. Қасым сұлтанның күшейіп көтерілу кезеңін бауыры Әдік сұлтанның өлімімен (1503 жыл) байланыстыратын Мырза Хайдар Дулат Жәнібек ханның үшінші ұлының мәртебесі арту себептері жайында ештеңе айтпайды. Ондай мәліметті біз Махмұд ибн Уәлидің *«Бахр әл-асрар»* кітабынан табамыз; ол Шейбани ханның



1504 жылғы көктемнің басында Әндіжанға жасаған жорығын суреттей келе:

«Осы кезде Қасым хан маңғыттардың көмек, қолдауымен Қыпшақ даласын өзіне қаратып, Ташкент пен Түркістан шекарасына шабуыл жасау мүмкіндігіне ие болды», — деп жазады.

Қасым ұлысына шибандықтар шабуыл жасаған хижраның 915 жылы (1509—1510) Мырза Хайдар Дулаттың айтуынша, «оның қолындағы биліктің зорлығына, Бұрындық ханды ешкім елеп-ескеріп жатпағанына қарамастан, ол әлі хандық лауазымды иелене қоймаған болатын». Хандық лауазымды ол Бұрындық хан Самарқанға кеткеннен кейін, сол 1511 жылдың күзінде алды. Сол кезден бастап, деп жазады «*Тарихи Рашиди*» авторы, «Қасым хан бүкіл Шығыс Дешті Қыпшаққа билік жүргізді, оның атақ-даңқының зор болғаны сондай, Жошы ханнан кейін Қасымнан асқан құдіретті хан бұл жұртта болып көрген емес».

Қасым Дешті Қыпшаққа белгілі батыр да еді, ұрыс кезінде небір жаужүрек жігіттерден оқ бойы озық тұратын, соңына ерген әскері ол үшін отқа да, суға да түсетін айтулы көсем, шын мәнінде соғыс құпиясын жақсы меңгерген қолбасы еді. Оның қаншама шайқасқа қатысқанын санап шығу мүмкін емес. «*Зубдат әл-асар*» («*Шежірелер қаймағы*») авторының айтуынша, оны бір шайқаста қарсыластары аттан ұшырып түсіргенде, Қасымның жасы алпыстан асқан болатын, жаяу қалған ханды ұрыс үстінде ешкім түстеп танымады да, ол аман қалды. Елгезек *нөкерлері* (бұл жерде — жасақтар) шалт қимылдап, хан лып етіп атқа қайта мінеді. Қазақ басшысы жаудан беті қайтпаған жауынгер болатын.

Жорықта жау бетінде, шайқаста найза ұшында жүретін қазақ жерінің басшысы Қасым туыстық байланысты қастерлеп, берік ұстанған жайсаң да ер мінезді адам еді. Оған XVI ғасырдың басындағы ортаазиялық тарихшылар — Шади, Бинаи, «*Нусрат-наманың*» белгісіз авторы баяндаған мына бір факті де дәлел бола алады.

Міне, қазақ билеушілері Сауран қаласын тағы да жаулап алып, Шейбани ханның інісі Махмұд Сұлтанды отбасымен қолға түсіреді. Бұрыннан ішкі кегі бар Бұрындық хан «оны өлтіруге бұйырады». Бірақ Махмұд Сұлтанның туған бөлесі — олардың шешелері апалы-сіңлілі адамдар еді — Қасым ханның бұл шешіміне көнбейді. Ол тұтқынды өлтірткізбегені былай тұрсын, Махмұд Сұлтанды босатып, қасына өзінің сенімді адамдарын қосып беріп, отбасымен Созаққа (Сауран сияқты Сырдарияның оң жағасына орналасқан қамал-қала), одан әрі ағасына апарғызып салады. Қазақ сұлтанының мінезіндегі мұндай мәрттік Шейбани хан тарихшыларының бәрін тәнті етіп, оның кеңдігі, кісілігі сан әңгімеге арқау болады.



XV ғасырдың 80-ші жылдарында, бұрын айтылғандай, Қасым Бұрындық ханның «атты әскеріннің қолбасы» болды. Ержүрек жауынгер, жеңімпаз қолбасы, бекзат мінезді сұлтан ретіндегі атақ-даңқы сол XV–XVI ғасырлар өларасының өзінде оны қазақ халқының нағыз көсемі ретінде танытты. Бірақ ол ардан аттаған емес. Қолында шексіз билік, тежеусіз тізгін бола тұра, Қасым хандықтағы барша билікті өз қолына алуды ойлаған жоқ.

Мырза Хайдар Дулаттың айтуынша, Бұрындық хан билігінің соңғы жылдарында Қасым оның маңына жақындамауға тырысты, өйткені «қасында жүріп міндетті қошемет түрін сақтамаса, ханға қарсы шығуға тура келер еді, ал өз көңілі қалай дегенде де бағынуды қаламайтын». Ақыры қартайған Бұрындықты бар құрметімен Самарқандағы қызының қолына аттандырып салғаннан кейін ғана Қасым хан атағын иемденіп, мемлекет билігін өз қолына алды.

Осы жерде айрықша атап өтетін нәрсе, **сол күннен бастап, XIX ғасырда хандық билік біржола жойылғанша Қазақ даласындағы жоғарғы билік Жәнібек хан ұрпақтарының қолында болып келді.**

Енді Қасым өзі құрып, іргесін бекіткен мемлекетті басқаруға көшті. Қазақ ұлыстарының жеке дара билеушісі ретінде ол енді ақыл-парасатының бәрін ата дәстүрін берік сақтай отырып, хандық билікті күшейтуге, низам жүйесінің тұрақты сақталуына жұмсап, бұл ретте аса зор табысқа жетті. Жасы кіші замандасы Бабырдың айтуынша, ол білетін барлық билеушілер ішінде өз халқын Қасымдай қатаң тәртіпке бағындыра білгендері болмаған. Ал Қасым ханның қол астында, Мырза Хайдардың айтуынша, бір миллионнан астам адам болған.

Қасым хан таққа отырған мерзім, 1511 жыл, ағайынды Елбарыс пен Белбарыс Әмударияның төменгі саласында тағы бір дербес мемлекет — «өзбек» хандығы Хиуаны құрған тұсқа сәйкес келіп еді. Шибани тұқымдарының өздерін қолдаған рулармен және тайпалармен бірге Шығыс Дешті Қыпшақтан біржола кетуі мен олардың соңынан көшпенділердің жаңа қонысқа қозғалуы ел бірлігіне әсер етпей қойған жоқ: өз руларынан бөлініп қалған топтар, кейбір рулардың жекелеген бөліктері басқа бір этностық қауымдастыққа қосылып кетуге тырысты. Бұл бұрыннан келе жатқан кейбір ру аттарының жоғалып кетуіне, сондай-ақ бұрын белгісіз немесе қосарлы атпен жаңа рулық тайпалардың пайда болуына апарып соқты. Сонымен бірге Қазақ хандығындағы сұлтандар арасында ұлыс пен үлесті қайта бөлу жүргізіле бастады.

Қысқасы, Ұлы Далада аласапыран басталды. Сондықтан қоғамдық және мемлекеттік өмір нормалары бұзылмауы үшін Қасым жаңаша бағыт ұстанып, ескірген көне заңдардың біразын жойып, біразын

жаңартып, сол кездегі тарихи жағдайдағы қазақ қоғамының өмірлік қарекетіне орайлас жаңа құқық нормаларын тиянақтады. Қасым ханның бұл заңдары халық жадында «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен сақталған.

Мұсылман тарихшыларының пайым-пікірінше Қасым хан өз халқының барлық қадір-қасиетін бір бойына жинақтаған дана басшы, жеңімпаз қолбасшылығына қоса, ержүрек көсем де шешен адам ретінде көрінеді. Осы жолдардың авторы да қазақ елін Қасым хан билеген тұстағы жаугершілік пен соғыстар ішкі реформалармен қатарласа жүрген Шығыс Дешті Қыпшақтағы XV—XVI ғасырлар тоғысындағы саяси тарих пен этностық даму үрдісі арасындағы байланысты осы тұрғыдан пайымдайды.

Мағлұматы мол автор, Қасым ханның жасы кіші замандасы Мырза Хайдар Дулаттың хабарлауынша, бұл әмірші хижраның 924 жылы (1518) дүниесалады. XVII ғасырдың басындағы автор Қадыр Әлі бидің мәлімдеуінше, Қасым хан Сарайшық қаласында (Жайық бойы) көз жұмып, сол жерде жерленеді.

Қасым ханның екі баласы: Мамаш пен Хақназардың аты белгілі. Екеуі де кейіннен хан болған. Қасымның бір қызы білікті ноғай мырзасы Шейх Мамайға тұрмысқа шығады. Екінші қызы 1512 жылы Шибан ұрпағы, Мұхаммед Шейбани ханның інісі Махмұд Сұлтанның ұлы Убайдулла ханға ұзатылған.

Қасым хан, сөз жок, Тұңғыш Қазақ мемлекетінің аса құдіретті билеушісі. Оның әділ де білгір, терең де тегеурінді басшылығы, саяси көрегендігі арқасында Қазақ мемлекетінің күш-қуаты арта түсті, ел ішінде тыныштық пен ынтымақ орнады, жат жұрттың бәрі енді оларға құрметпен қарады. Тағы бір атап айта кететін нәрсе, Қасым хан басқарған тұстағы Қазақ хандығына терістіктегі ұлы көршісі — Русь те көз тігіп, өз мүддесіне орайластыра бастады. Оған патша мұрағаттарындағы мына бір тізім дәлел бола алады:

«38-жәшік. Онда кітаптар және Қасым патша тұсындағы Қазақ тізімдері, Ибақ патша тұсындағы Түмен тізімі».



КАЗАКТАРДЫҢ
XVI ҒАСЫРДАҒЫ
САЯСИ ТАРИХЫ

Қасым ханның тұсында қазақтар ұлан-ғайыр байтақ далада өз билігін толық орнықтырды. Бұл кездегі хандықтың шекарасына оңтүстікте Сырдарияның оң жағалауындағы Батыс Түркістан қалаларының көбі, оңтүстік-шығыста тау баурайы мен Жетісу даласының көп жері, солтүстік пен солтүстік-шығыста Ұлытау мен Балқаш көліне дейінгі аймақ пен Қарқаралы тауының сілемдері, солтүстік-батыста Жайыққа дейінгі жерлер кірді.


Қасым хан тұсында әжептәуір нығайғанымен, Қазақ хандығы алайда орталықтанған тұрақты мемлекет бола алған жоқ. Бұл Қасым хан өлгеннен кейінгі сұлтандар арасындағы алауыздық, өзара қырқысудан да анық көрінді. Бұл алауыздық әсіресе сыртқы саяси жағдай қолайсыз болып тұрған кезде хандықтың хал-ахуалына кері әсерін тигізді. Қазақ билеушілеріне қарсы Мәуереннахрдағы өзбек хандары мен Яркенд хандығы әміршілері — моғолдар билеушілерінің (Шығыс Түркістандағы көшпелі шағатайлықтарды осылай атаған) одағы қалыптасты.

Сол бір өзара қырқысулар кезінде таққа жаңа отырған Қасым ханның ұлы әрі мұрагері М а м а ш қаза табады. Ол хижраның 928 жылы (1521—1522) болған еді. Қазақ әміршісінің бұл оқыс ажалы әлдебір қилы заманның келе жатқанынан хабар бергендей еді.

Мамаш хан өлген соң, дейді деректер, Қазақ хандығында «үлкен ерегес басталды: қазақтар ретінде белгілі Дешті Қыпшақ сұлтандары бір-бірімен көп жауласты». Ақыры Тақыр сұлтан хан көтерілді.

Тақыр (Тагир) сұлтан — Қазақ хандығын құрушылардың бірі Жәнібек ханның төртінші ұлы Әдік сұлтанның баласы еді. Тақырды жақсы білетін «Тарихи Рашиди» авторының куәландыруынша, ол өзі барып тұрған секемшіл, зұлым, қатыгез адам болған; оның үстіне дипломатиялық, әскери қабілеттен де мақұрым еді. Оның тұсында Мәуереннахр «өзбек-шибандықтарымен» соғыстар жалғасып қана қоймай, Қасым ханның бұрынғы одақтастары — маңғыт (ноғайлар) мырзаларымен, моғол хандарымен қазақ үшін тиімсіз шайқастар басталып кетті. Сол шайқастардағы жеңілістер салдарынан оңтүстіктегі және солтүстік-батыстағы біраз аумақтан айырылуға тура келді.

Қазақтар арасындағы өктемдігін нығайтпақ ниетпен Тақыр Ташкент бегі, Шибан әулеті Келді Мұхаммедтен көмек сұрайды. Ол көмекті алып, едәуір күшейгеннен кейін мінезі айнымалы, өресі тар Тақыр енді сол қамқоршысының иеліктерін шабуға дайындалып, бұл жолы қырғыз басшысы Мұхаммадты одаққа шақырады. Оны біліп қойған Келді Мұхаммед Талас ойпаты арқылы қазақ жеріне басып кіреді. Бұл кезде Тақыр Ыасы (XVI ғасыр соңынан Түркістан атанған)



қаласының маңында еді, кері оралған Келді Мұхаммед сол жерде қуып жетеді. Күйрей жеңілген Тақыр хан қашып құтылады. Оның иелігіндегі Сырдария бойының біраз жерін Келді Мұхаммед басып қалады.

Тақыр енді Ноғай ордасымен де (мұсылман жазбаларында — *Маңғыт ұлысы*) араздасады. Маңғыттар бұрын қазақ хандарына қарап келген Батыс және Орталық Қазақстан аймағындағы біраз жерді басып алады. Сол себептен де және өз жақтастарының біразы оған бағынуды қойғандықтан да шығар, әйтеуір, Тақыр оңтүстік-шығысқа кетуге мәжбүр болады.

Сол маңда Жетісу жерінің қомақты аумағы әлі де оның ықпалында еді. Бұл кезде қазақтар мен қырғыздардың Яркенд хандығы билеушілеріне қарсы одағы құрылады. Оны біз Тақыр жорықтары жайлы, әскер құрамы туралы сол кезгі деректердің бәрінде дерлік қазақ, қырғыз қатар аталып отыратындығынан да көреміз.

Аса мейірімсіз қаталдығымен аты шыққан әрі мемлекет ісін жүргізуге қабілетсіз Тақыр, ақыры өз жұртының ашу-ызасын тудырып, ығыр қылып бітеді де, халықты өз маңынан бездіріп, жалғыз қалады. Мырза Хайдар Дулаттың айтуынша, қырғыз арасында хижраның 938 жылы (1531—32 жылдар) кембағал халде дүние салады.

«*Тарихи Рашиди*» авторының айтуынша, Тақыр хан өлген соң қазақ-қырғыз бірлестігін оның інісі Б ұ й д а ш с ұ л т а н басқарды. Оның қырғыздармен бұрыннан-ақ байланысы болғандықтан, Жетісу өңірінде әрекет етті. Бірақ Бұйдаш, тегінде, аға хан (*ұлы хан*) атала тұра, қазақтың ол кездегі бірден-бірі ханы бола алған жоқ, оның билігі хандықтың біраз бөлігіне ғана тарады.

Бұйдаш билігі жиырма жылдан аса созылғанымен, ол хандық құрған кезең жайлы сақталған дерек аз. Яркенд ханы шағатайлық Әбдірашид билеген тұста қазақ, қырғызға қарсы бірнеше қарақшылық жорық жасалды. Сол әскери қақтығыстардың бәрінде де моғолдар ханы Әбдірашид жеңіп отырған дейді деректер.

Бірақ оның жеңістері Жетісудағы Шағатай әулетінің билігін қалпына келтіре алған жоқ, ол тек қазіргі Қырғызстан аумағына таяу өңірдегі билігін ғана күшейте алды. Бірақ олары да баянды болмай, ол жерде қазақтармен одақтас қырғыз тайпалары біржола орнықты.

Бұйдаш хан хижраның 967 жылы (1559—1560) Мәуереннахрға жорық кезінде қазаға ұшырайды; онымен бірге қазақтың жиырмаға жуық сұлтаны опат болған.

Сөйтіп, XVI ғасырдың 30—50-жылдарындағы ішкі қақтығыстар және сыртқы жаулармен шайқас кезінде Қазақстанның мың-мыңдаған қарапайым көшпенділері қырылды, әлденеше сұлтандар әулетінің біржолата



(алпысқа жуық делінеді) аты өшті. Бірақ соған қарамай өмір ілгері баса берді. Қазақ хандығының негізгі тұрғындары мал өсіріп, үйреншікті жерінде көшіп-қонып жүріп жатты.

Қазақ хандығындағы «әуре-сарсаң уақыттағы» күрделі ішкі және сыртқы саяси жағдаяттарға байланысты XVI ғасырдың екінші жартысында сол кездегі саяси басшылар көрші мемлекеттер билеушілерінің арасынан қуатты қамқорлар мен одақтастар іздеуге мәжбүр еді. Олар Мәуереннахрдағы Шибан әулеті болатын. Мұның ең басты себебі сол кездегі Орта Азиядағы саяси жағдайға байланысты еді.

Моғол ханы Әбдірашид өлгеннен кейін Яркенд тағына оның ұлы Әбділкәрім (1560—1591 жылдары билік құрған) отырды. Моғол-қазақ арақатынасында ол өз билігінің соңына дейін әкесінің жолын қуып, ұдайы Мәуереннахрдың «шибандық-өзбектері» билеушілерінің қолдауына ие болды, Жетісу жеріне әскер шығарып, қазақ сұлтандарымен, қырғыз билеушілерімен қақтығысып өтті.

XVI ғасырдың екінші жартысының басында Ноғай Ордасы да бірқатар сілкіністерді басынан өткерді. 1556 жылы Ресей Астраханды жаулап алып, содан соң Ноғай мекендеріне Мәскеу басқыншылығы басталды. Маңғыттар ұлысының батыс бөлігін басқаратын Исмайыл Мәскеуге жалтақтай берді. Соған наразы болған мырзалардың біразы Ордадан шығып Қырым жағына, біразы Жайық сыртына, қазақтарға өтіп кетті. Ноғай Ордасының бірлігі біржола ыдырап, ол енді әскери-саяси күш ретіндегі өз мәнінен түпкілікті айырылды.

Билік басына Абдулла хан келгеннен кейін баяғы Мәуереннахрдағы Шибани әулеті XVI ғасырдағы қазақтардың ең қуатты көршісіне айналады. Абдулла 1560—1583 жылдары елді ақылы кеміс әкесінің атынан биледі де, 1583 жылы әкесі өлген соң, таққа отырып, өмірінің соңына (1598) дейін хан болды.

Мәуереннахрдағы Шибан әулетімен одақ жасасқан қазақ билеушілері қауіпті қарсылас орнына қуатты одақтас тауып, «өзбек-шибандықтар» (бұл қосарлы терминнің енді бір нысаны — «өзбек-шибан») тарапынан келетін қатердің алдын алды. Бұл одақ Мәуереннахр шибандықтарына да тиімді болатын. Өйткені Абдулла хан өзінің саяси қарекетінің басынан-ақ көптеген үлестік өзбек хандары һәм сұлтандарымен бітіспес қырғын жаулықта болды. Әсіресе Ташкент билеушісінің балалары бағынудан мүлдем бас тартты, ал 1552—1556 жылдары Мәуереннахрдағы үстем билік иесі Шибан нәсілі Барақ хан балалары да оңай жау болмай шықты.

Сұлтандары бағынбаған бүлікшіл аудандардың жақындығы Абдулла ханды қазақ билеушілерімен жақындасуға, тіпті одақ болуға мәжбүр етті. Оларды өз жағына тарта отырып, Абдулла хан ең алдымен

солар тарапынан оқтын-оқтын болып тұратын жойқын шапқыншылықтардан құтылса, екінші жағынан енді өз қолынан шығып кеткен Шибан әулетімен күресте бірге қимылдар сенімді одақтас тауып еді.

Әр түрлі деректерде айтылып қалып жүрген және қазақ сұлтандарын Бұхара ханына тәуелді еткен осы бір кездейсоқ келісім Қасымның ұлы **Х а қ н а з а р** ханның (1560—1580) тұсында да, Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы **Ш ы ғ а й д ы ң** билігі (1580—1582) тұсында да сақталып келіп еді. Қазақ сұлтандарының қолдауы арқасында Абдулла хан бытырап кеткен Шибан әулетінің жекелеген үлестерін біріктіріп, ел ішіндегі орталық билікті күшейткен болатын.

Тек 1583 жылы хан көтеріліп, елді 1598 жылға дейін билеген Шығай хан баласы **Т ә у е к е л** ғана «бұхара протектораттығын» біржола жойып, Қазақ хандығының бұрынғы күш-қуатын қайта жаңғыртты.

Тәуекел сұлтанның билік басына жетер жолы ауыр болып еді. XVI ғасырдың 80-жылдарының басында ол өз әскерімен Бұхара ханы Абдулла нөкерінің қасынан табылып, оның өркөкірек Шибан әулетімен күресіне белсене араласты. Бірақ 1583 жылы жазда Абдулланың әлдебір ісінен күдік алып қалады да, онымен ат құйрығын кесісіп, өз елі — Дешті Қыпшақ жеріне оралады.


Хан болғанға дейін Тәуекел туған жерінде тағдырдың қандай тәлкегін көргені, оның бәрі қашан және қайда болғаны бізге белгісіз.

Тәуекел хан тағына ең бір ауыр кезеңде отырды. Шибан әулеті Абдулланы тастап шыққан қазақ сұлтандары қуатты одақтас һәм қамқоршысының орнына енді қаһарлы жау тапқан еді. Қазақтар мен моғол әміршілері — Яркенд хандығы билеушілерінің аралары да ұшығып тұрған болатын.

Бірақ Тәуекел соғыс ісіне жетік әскербасы ғана емес, білгір саясаткер екендігін де көрсетті. Ол Даладағы өз билігін күшейтіп қана қоймай, қазақ иеліктерінің шекарасын кеңітіп, Қазақ хандығының мәртебесін халықаралық деңгейде де көтере білді. Мұның бәріне ол сәтті жасалған жорықтарының, сондай-ақ шебер дипломатиясының арқасында қол жеткізді.

Тәуекел хан мен Абдулла хан арасындағы Сырдария өңіріндегі өлкелер үшін тартыс іс жүзінде ешқашан толастаған емес. Абдулла ханның сарай тарихшысы Хафиз Таныштың сөзіне сүйенсек, 1583 жылы Мәуереннахрдан кеткен Тәуекел Абдуллаға жау болып шықты да, енді әрбір қолайлы сәтте оның иелігіне шабуыл жасап отыратын болып алған.

Соның ішінде, 1586 жылы Абдулланың негізгі әскері оңтүстікте шоғырланып жатқанда, Тәуекел Бұхара ханының иелігіне басып кіріп,







Түркістан уәлаятын, Ташкент, тіпті Самарқан қалаларын жаулап алмақ болды. Ташкентте жедел түрде қол жиналды. Екі жақ Ташкент округінің Шарабхана жерінде бетпе-бет келді. Қазақтар нашар қаруланған болатын: «кіреуке, сауыт орнына жалбыр тон мен жарғақ» киіп шықты. Соны көрген ташкенттіктер сақтықты мүлдем ұмытып, қазақтарға қарай лап берді, бірақ тас-талқаны шыға жеңіліп, қырғынға ұшырайды. Ташкенттен сол сәтте Самарқан билеушісі, Абдулла ханның інісі Ибадулла сұлтанға жаушы жіберіледі. Ибадулла бүкіл Самарқан аймағынан қол жинап, Сырдан өтіп, Ташкент төңірегіне жетеді. Тәуекел ол уақытта Сайрам маңында тұрған болатын. Жау жасағының жақындап қалғанын естіп, «нысап сайын береке» дейді де, даласына қайтады.

Дегенмен өз сыртқы саясатының басты мақсаты етіп қойған — Сыр бойы қалаларын қайтарып алу ниетінен айнымаған қазақ ханы, соған жету жолында асқан табандылық танытады. Оған қолайлы жағдай ақыры хижраның 1006 жылы (1597—1598) туады. Мәуереннахрдағы Шибан әулетінің басына осы кезде қара бұлт үйірілгендей болған: бір топ би мен бектің қолдауымен Абдулланың жалғыз ұлы һәм мұрагері Әбдімомын әкесіне қарсы шығады. Ханның өз отбасындағы сол алауыздық қазақтардың Мәуереннахрға шабуылын тездете түседі.

Әкесі-балалы екеуінің арасындағы кикілжің жайлы хабар Түркістанға жеткен кезде, деп жазады XVII ғасырдың басындағы тарихшы Ескендір Мұңшы, Тәуекел бастаған қазақ сұлтандары ауыр қолмен Ташкентке тағы келді: өзіне сенімді Абдулла оған пәлендей мән бере қоймай, Тәуекелге қарсы біршама шағын әскер аттандырады. Екі жақ Ташкент пен Самарқан арасындағы жол үстінде кезігеді. Бұхара ханының әскері күл-талқаны шыға жеңіледі, әмірлер мен әскербасылардың үлкен тобы, бірқатар сұлтандар қаза табады, тірі қалғандары аянышты халде Бұхараға қашады.


Осы оқиғаға күйінген Абдулла қол астындағы барлық әскерді жинап, өзі бас болып Самарқанға аттанады. Бірақ онда келісімен қатты ауырып, 1598 жылдың наурызында дүние салады. Таққа оның ұлы Әбдімомын отырады. Бірақ оның билігі ұзаққа созылмайды: 1598 жылдың жазында бүлікшіл әмірлер қолынан қазаға ұшырайды. Содан соң Абдулла ханның ұлан-байтақ мемлекетінің әр жерінде әр түрлі әміршілер пайда бола бастады.


Осы бір қолайлы жағдайды пайдаланып қалғысы келген Тәуекел Мәуереннахрдағы Шибан әулетінің иелігіне қайта басып кіруді ойлады. Әбдімомынның өлгені, Мәуереннахрда күшті басшының жоқтығы жайлы хабар алысымен ол қалың қол жинап, Есім сұлтан, Бахадүр

сұлтан және басқа да қазақ сұлтандарымен қосылып, 1598 жылдың қоңыр күзінде Орта Азия қалаларын бағындыруға аттанды.

Қысқа мерзім ішінде ол Сайрам, Ташкент, Ыасы (кейіннен Түркістан), Ахси, Әндіжан, Самарқанды алады, інісі Есім сұлтанды жиырма мың қолмен Самарқанда қалдырып, қалған жетпіс-сексен мың әскермен өзі Бұхараға аттанады. Дәл осы жерде Ұлы Дала көшпенділерінің Орта Азия шұраттарына қауырт шабуылы ежелгі Бұхара түбінде біраз бөгеледі. Қаланы қорғаушылар саны аздығына қарамастан қазақ қосынының тегеурініне он бір күн төтеп береді де, он екінші күні есебін тауып қорғаннан шығып, қазақтарға қарсы соққы береді. Түн қараңғылығын жамылған Тәуекел кейін шегінеді. Бірақ соғыс тоқтамайды. Тағы бір кезекті шайқас үстінде қазақ ханы ауыр жараланады да, Ташкентке қарай шегініп, сол жерде қырық күннен соң, сол 1598 жылы қайтыс болады.

Біраз уақыттан кейін, Нақшбендия шейхтерінің араласуымен екі жақ бітімге келеді. Қазақтар Самарқанды тастап шыққанымен, Ташкент, Сайрам, Түркістан қалаларын, басқа да кейбір қамалдарды басып қалады. Бұл қалалар негізінен бір жарым ғасыр бойына қазақ иелігінде болды, сөйтіп XVII ғасырда — XVIII ғасырдың бірінші жартысында Ташкент пен Түркістан алма-кезек қазақ ханы жайлайтын мекен әрі хандықтың саяси орталығы болып тұрған.





КАЗАК ХАНДЫҒЫ
XVII ҒАСЫР
МЕН XVIII ҒАСЫРДЫҢ
БАСЫНДА

XVII ғасырда Қазақстанның халықаралық жағдайы едәуір өзгерді. Қазақ иеліктерінің шығыс шекарасында, жоғарғы Ертіс алабында Орталық Азия тарихындағы ең соңғы қуатты көшпелі мемлекет — Жоңғар хандығы (1635—1758) құрылды. Жаңа хандықтың негізгі тұрғындарын, өздерін ойрат атаған батыс монғолдары құрады; мұсылман жазбаларында олар қалмақ деп аталады. Ойраттардың жоғарғы билеушісі қонтайшы (тайжы, тайшы) аталды. Қазақ халқына Жетісу жері үшін ойраттармен (жоңғарлармен) ауыр да ұзақ күрес жүргізуге тура келді.

Қазақстанның солтүстік-батысында да елеулі оқиғалар болып жатқан. Сонау XVII ғасырдың 30-жылдарының өзінде ойраттардың бір тобы, шамамен ширек миллион адам, батыс монғол жұртынан бөлінген болатын. Солтүстік Қазақстан арқылы төменгі Еділдің сол жағалауына жетіп, хальмг (қалмақ) аталған олар 1633—1634 жылдары ноғайлықтарды Еділден асыра тықсырып, сол арада Қалмақ княздігін құрады. XVIII ғасырда патша үкіметінің рұқсатымен Еділ қалмақтары Еділдің оң жағалауына қоныстанады, олар қазір де сол жерде.


Елдің оңтүстік-батысында да ірі өзгерістер болды. Бұхара ханы Абдулла 1598 жылы өлген соң, ол құрған мемлекет ыдырап, XVI ғасырдың соңына таман Мәуереннахрдағы Шибан әулетінің билігі де біржола үзілді.

Бұхарадағы билікке жаңа әулет — Жанилықтар немесе Аштархандықтар келеді. Бұл жаңа әулеттің негізін қалаған Жани Мұхаммед сұлтан (Жәнібек сұлтан) Шыңғыс хан немересі, Жошы хан баласы Тоқай Темір ұрпағы еді, олар Астраханды (Қажы Тархан, мұсылман деректерінде Аштархан) билеп келген. Бұхарада әулеттер алмасқан уақытта жаңа әулет негізін салушы Жани Мұхаммедтің атымен Жанилер не Астраханнан шығуына орай Аштарханидтер деп аталатын болды. Жанилер әулеті Мәуереннахрды хижраның 1200 жылына дейін (1785—1786) биледі.

Тағы бір маңызды оқиға — қазақтар XVII ғасырда өздері жүз деп атаған: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз болып үш ордаға бөлініп кетті. Бұл ордалардың көші-қон жұрты хандықтың шығысынан батысына қарай созылып жатты. Ұлы жүз хандықтың ең шығысын, Кіші жүз — ең батысын мекен етті.

Осындай халықаралық һәм ішкі жағдай XVII ғасыр мен XVIII ғасыр басындағы Қазақ хандығының саяси тарихына негіз болып еді.

1598 жылы күзде Тәуекел хан өлген соң қазақ тағына оның інісі Есім сұлтан отырды. Ол ел билеуге лайықты сұлтан, ержүрек жауынгер, мемлекет ісіне әбден төселген білікті саясаткер, көшпенділерінің әскери өмір салтына көндіккен әйгілі әскербасы



еді. Есім хан аштархандықтармен де, қалмақтармен де соғысуға мәжбүр болды.

Қазақ билеушілері мен аштархандықтар арасындағы тұрақты да ұзаққа созылған дау-дамай негізінен XVI ғасырдың аяғында қазақ қолына өткен Ташкент, Түркістан, Сауран және басқа қалалар мен қамалдар төңірегінде болып келді. Бұл жерде аштархандықтарға қарсы шыққан қазақ хандары мен сұлтандарын қырғыздар белсенді түрде қолдап отырғанын айтуға тиіспіз. Көбіне итжығыспен өткен ол шайқастарда да қазақ билеушілері басымдық танытқаны ақиқат.

Өйткені, алғашқы аштархандықтарға өзбек тайпалары тірек бола алмады, сөйтіп олардың билігі шайқалып, оның үстіне әулет ішінің өзара алауыздығы да күш-қуатын кеміте берді. Қазақ хандары мен сұлтандары болса, Бұхара хандығының саяси күш-қуаты азайғанын пайдаланып, қолайлы сәтті жіберіп алмауға тырысты. Олар аштархандықтар иелігіне басып кіріп, Мәуереннахрдың шекаралық және орталық аймақтарын шапқыншылыққа ұшыратып отырды. Оның үстіне олардың ішкі істеріне де араласып, біресе «бүлікшілерді» басуға көмектесіп, біресе солармен бірге «заңды билеушіге» қарсы күресті.

Сыртқы соғыстарда жекелеген табыстарға жеткені болмаса, Есім хан қазақ жерін орталықтанған мемлекетке біріктіре алған жоқ. Оған бөгет жасаған себептер де бар еді. Оның ең біріншісі, Қазақ хандығы ішінде XVII ғасырдың алғашқы ондаған жылдарында өзара бәсекелескен бірнеше топтар болды. Есім ханға Тұрсын, Абылай сұлтандар және басқалар қарсы тұрды.

1613 жылы Бұхара ханы аштархан Имамқұлы ханның (1611—1642 жылдары билік жүргізген) қолдауымен Жалым сұлтанның ұлы Тұрсын Мұхаммедсұлтан қазақтың аға ханы сайланады. Оның ордасы Ташкентте еді, біраздан соң ол аштархандық Имамқұлы ханның билігін мойындаудан бас тартып, Ташкентте өзінің теңгесін шығарып, елден *баж* және *хараж* (жер салығы) жинай бастады.

Есім хан өз жақтастарымен Яркенд хандығындағы шағатайлықтарға барды. Бірнеше жыл бойына ол моғол билеушілерінің өзара қырқысына белсенді араласып, біраз уақыт қырғыздың бір бөлігіне хан да болады.

Тұрсын хан тұсында қазақтар Түркістанның отырықшы аймақтары – Ташкент, Баскент, Түркістан қаласы, Сығанақ, Созақ, Сауран, Шахрух, Әндіжан және басқа қалаларына билік етті, сол үшін де Бұхара ханы Имамқұлы мен қазақ сұлтандары үнемі соғыс жағдайында болды. Орыс деректеріне сүйенсек, Тұрсын хан тұсында хандықтың «сауда адамдары» Қазанмен және Сібір қалаларымен жемісті саудасаттық жасасып тұрған.

Тұрсын хан көршілес билеушілерге қауіпті қуатты билеуші болды. Ойраттардың өздерінің айтуы бойынша, олардың билеушілері Тұрсын ханнан қорқатын, «өйткені... Тұрсын патша күшті» еді. Ол әлденеше рет Бұхара ханын күйрете жеңеді. Оның тұстасы, көптомдық «Бахр әл-асрар» аталатын тарихи шығарманың авторы Махмұд ибн Уәлидің айтуынша, Тұрсын хан қажет болған жағдайда, 1623 жылы Имамқұлы ханның біріккен қолына қарсы Мәуереннахрға жасаған жеңімпаз жорығындағыдай, бір мезгілде жүз мың әскер шығара алатын еді.


Хижраның 1033 жылы шамасында (1623—1624) Есім хан Шығыс Түркістанды тастап, Қазақ хандығына қайта оралады. Тұрсын хан оған қоныс етуге Түркістан қаласын береді.

Тұрсын Мұхаммед пен бұрынғы аға хан Есімнің арасы өте күрделі болып қалыптасады: біресе ушығып, қанды шайқасқа дейін барыпты, «бірін-бірі кешіріп, қайта достасады». Әйтсе де жаулық оты өше қоймайды.

Жер бетіндегі адамдардың талап-тілегі де, мінез-құлқы да әр түрлі. Деректер материалдарына сүйенсек, Тұрсын хан өркөкірек, даңққұмар, сонымен қатар зымиян қу адам болған. Қолына тиген билік басқыншы ханның даңққұмарлығын арттыра түседі. Мұндай адамдардың өз қолындағы билігі мен өмірі үшін үрейден арылмайтын белгілі. Тұрсын Мұхаммед те әдептен аттап, биліктен айырылмау үшін әлденеше рет басбұзарлыққа, тіпті ант аттауға дейін барған сықылды. Бірақ әрдайым жолы болып, ойдағысы оңай орындалып, сол билікке масаттанып жүрген ол түптің-түбінде жұртқа жасаған қысымы, құрған тор, қазған көрдің айналып өз басына тиерін, ел билеушісі сирек кезігетін бақытсыздыққа душар болып, өз нөкерлерінің қолынан қаза табарын білген жоқ еді. Оның бәрі былай болған.

Хижраның 1036 жылы (1626—1627), деп жазады «Бахр әл-асрардың» авторы, Есім қалмақтар қонысына шапқыншылыққа аттанады. Соны білген зымиян Тұрсын хан туысқандықтан да, ардан да аттап, Түркістан маңындағы Есім хан ордасының тас-талқанын шығарып, қорғансыз адамдарын қырып-жою үшін әскер аттандырады. Өзі болса, Есімнің көзін жоймақ ниетпен бір топ әскерімен беделді саяси бақталасының алдынан шығады. Бірақ Тұрсынның сырын жақсы білетін, әскери істе тәжірибелі Есім хан қапыда қалған жоқ. Шайқас қызып береді. Тұрсын хан жеңіліп, Ташкентке қашады. Тағы бірер күннен кейін Ташкент түбінде екі қазақ билеушісінің әскері екінші рет шайқасады.

Соғыстың қызған кезінде Тұрсын ханның өзін қорғайтын нөкерлері оған «бағынудан бас тартып», өзіне бас салады. Басын кесіп алып, Есім ханның аяғының астына тастайды. Есім хан жеңілген қарсыласы-





ның басын Бұхара ханы Имамқұлы сарайына жөнелтеді. Сөйтіп, өзі қазған көрге өзі түсіп, XVII ғасырдағы қазақтың күшті билеушілерінің бірінің өмірі трагедиямен аяқталады.

Есім екінші рет таққа отырады. Бірақ көп ұзамай, Махмуд ибн Уәлидің айтуынша, 1628 жылдың қоңыр күзінде қайтыс болып, Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи мешітіне жақын жерге жерленеді. Бейітінің басына шағын ғана айырықша кесене орнатылды, қазір ол құлап біткен.

Есім өлімінен соң өзара қырқыс тағы да өршиді. Ақыр аяғында Есім ханның ұлы Ж ә н і б е к с ұ л т а н жеңіп шығып, XVII ғасырдың 30-жылдарының басында қазақтардың аға ханы болады. Ол билеген тұстағы оқиғалар легі белгісіз. Орыс деректері бойынша, ол ойрат тайшыларымен ұзақ соғысқан секілді. Жәнібек хан сол ойраттармен болған шайқастардың бірінде, XVII ғасырдың 40-жылдарының басында қаза тапқан сияқты.


Оның орнына хан болып Есім ханның екінші ұлы Ж ә н г і р с ұ л т а н сайланды. Ол да, ағасы сияқты, ойраттармен көп соғысқан, ханзада кезінде бір жолы солардың тұтқынына да түсіп қалады. Бағы жанып тұтқыннан босап шыққан ол өмір бойы ойраттардың бітіспес қас дұшпанына айналып, кейін хан тағына отырғанда да оларға жиі-жиі шапқыншылық жасап тұрды.

Беймаза көршісін біржола тұқырту ниетімен Батур қонтайшы 1643 жылы елу мың әскермен қазақ жеріне басып кірді. Әуелгіде сәтті басталған жорық қонтайшының жеңілуімен аяқталады да, ойраттар көп шығынмен кері шегінеді. Бұл соғысқа қазақ жағында қырғыз жасақтары және Бұхара хандығы әмірі алшын руынан шыққан Жа-лаңтөс бидің қолы да қатысады.

Жәңгір хан ойраттармен болған соғыстардың бірінде қаза табады. Бұл қайғылы қаза 1652 жылы болған-ды.

Ойраттармен соғыс Жәңгірдің мұрагер ұлы Т ә у к е х а н тұсында да жалғаса берді.

1653 жылы Жоңғар хандығының негізін салушы Батур қонтайшы өледі. Оның көзі жұмылысымен басталған тайшылардың билік үшін өзара қырқысы мұрагері Батур Сенге билік құрған (1653—1670) жылдар ішінде де бір сәт толастамады. Бұл кезде қазақ және ойрат билеушілері арасындағы шайқас сәл саябыр тапқан болатын. Бірақ Қалдан Бошақты қонтайшы тұсында (1670—1697 жылдары билік құрған) ойрат тайшылары Оңтүстік Қазақстан, Мәуереннахр, Шығыс Түркістан жерлеріне басқыншылық жорықтарын тағы бастады. 1684 жылы Сайрамды басып алады. 1683—1685 жылдары Қалдан Бошақты Ош, Әндіжанға аттанып, қырғыз бен өзбек қолдарының қатты қарсылығына тап болады да, кері шегінеді.





Ойраттармен соғыс әсіресе жоңғар тағына жігерлі Сыбан Рабдан (1697—1727 жылдары билік құрған) келген соң өрши түседі. Ойрат билеушісінің орыс елшісі И. Унковскийге айтуы бойынша, ол өзі билік құрған кезден бастап «Қазақ ордасымен, оларға жақтас қарақалпақтармен, үздіксіз соғыс жүргізіпті».


Ойраттармен жүргізілген ауыр да толассыз соғысқа қарамастан, Тәуке хан билеген тұста Қазақ хандығы өз тәуелсіздігін сақтап қана қоймай, ішкі жағдайын да әжептәуір күшейтіп алды.


Тәуке аса ақылды билеуші еді, айналасына да ақылды адамдарды жинады. Бұл жерде хан кеңесі ішінде елдің жай-жапсарын жақсы білетін, өз заманының аса ділмар шешендері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің болғанын айтсақ та жеткілікті. Тәуке хан кеңінен ойлайтын, дөп басып, батыл қимылдайтын саясаткер болды. Замана ағысына қарай жаңалық енгізу үшін Күлтөбедегі (Сырдың бойы) жиынға өзінің кемеңгер билерін жинайды. Бәрі ақылдасып «Жеті жарғы» аталған заң жүйесін жасайды. Жаңа заман, жаңа ортаға икемделген бұл құжат ғылыми әдебиетте «Хан Тәукенің заңдары», «Хан Тәукенің кесімі» деп те аталады.

Сөйтіп, қоғамдық салт-сананы заңды жолмен ретке келтіре отырып, Тәуке хан үш жүздің саяси-шаруашылық байланысын нығайтып, біртұтас Қазақ хандығының ыдырап кетуіне жол бермей, мемлекеттің бар қуат-күшін ортақ жау — ойраттарға қарсы жұмсауға бағыттай алды.

Бүкіл мемлекетке билігі жүрген қазақ хандарының соңғысы Тәуке еді. Ол өлген соң (1715—1717 жылдар арасында) «кішігірім хандар» (келте хан) бас көтере бастады, үш жүздің әрқайсысында өз билеушілері пайда болды. Сол кезден бастап әр жүз дербес хандыққа айналды, бірақ айрықша бөлектенбей, әр жүздің ханы, Ұлы жүздің ханы, Орта жүздің ханы, Кіші жүздің ханы атала бастады.

Тұңғыш Қазақ мемлекеті — Қазақ хандығының тарихы осымен аяқталып, қазақ хандықтары — қазақ жүздерінің тарихы басталды.





РЕСЕЙ ЖӘНЕ
КАЗАКТАР

Қазақ мемлекетін XVI—XVII ғасырларда Ресейде Қазақ ордасы деп атады. Бірақ, кейіннен, XVIII ғасырдан бастап, орыс деректерінде, одан соң ғылыми әдебиетте қазақ атауы бұрмаланып, *қырғыздар*, *қырғыз-қазақ*, *қырғыз-қайсақтар* делініп, олардың мемлекеті *Қырғыз-Қайсақ ордасы* атала бастады.

Қазақтар жайлы орыс деректеріндегі алғашқы әңгіме Қасым хан билеген (1518 жылы өлген) уақытқа қатысты. Орыс деректерінде IV Иван патшаның қазақ ханы Хақназарға (1580 жылы өлген) елшілік жібергені жайлы айтылады, бірақ ол туралы әзір толық мәлімет жоқ. Мұрағаттық деректер бойынша Тұңғыш Қазақ мемлекеті мен Ресей арасындағы ресми дипломатиялық қатынастың басында қазақ ханы Тәуекелдің (1598 жылы өлген) 1594 жылы Мәскеуге жіберген елшілігі мен орыс патшасының Қазақ даласына аттандырған жауап елшілігі тұр.

XVII ғасырда Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы саяси, дипломатиялық және сауда қатынастары ұлғая түсті, бұл әсіресе қазақ-орыс байланысын тең құқылы түрде өрістетуге жағында болған Тәуекел хан тұсында күшейе түсті. 1686—1693 жылдар аралығында ол орыстарға ең кемі бес рет елшілік жіберген. Қазақ елшіліктерінің Ресейге, орыс елшіліктерінің Қазақ даласына қатынасындағы басты мақсаттар — тұтқындарды қайтару, бір-біріне шабуыл жасаудан пайда болған түйіндерді шешу, сауда ауқымын кеңейту сияқты мәселелер болған.

Соңғы жалпықазақ ханы Тәуекел өлген соң біртұтастығынан айырылған қазақ даласында әр жүздің өз әміршілері пайда болып, мемлекет жеке сұлтандар иеліктеріне ыдырап, бірегей орталық биліктің жоқтығынан қазақтардың әскери күш-қуаты әлсірей бастады. Басқыншы көршілер соны пайдаланбай қалған жоқ. Шығыстан шыққан жау — Жоңғар хандығы билеушілерінің шапқыншылығы күшейді, солтүстік-батыстағы қазақ тайпалары мен рулары Еділ қалмақтары мен башқұрттардың толассыз шапқыншылығына ұшырады. Өзбек хандықтарымен шекаралас оңтүстік-батыста да тыныштық жоқ еді. Бірнеше майданда соғыс жүргізу үшін қазақтың күші жетіспеді, сол дүрбелең кезеңнің оқиғаларына белсене қатысқан Бөкенбай батырдың айтуынша, «тазыдан қашқан қояндай мал-жанды тастай қашып, бас сауғалаған күндер туды».

XVIII ғасырдың басында саяси аренаға Кіші жүз ханы Әбілқайыр шығып, ол Қазақ халқының тарихында айтулы тұлға болды.

1710—1723 жылдар арасында жоңғарларға, Еділ қалмақтары мен башқұрттарға, Жайық казактарына қарсы қазақ қолын бастаған







Бұл тарауды
қазу жұмысында
А. В. Ерофеева-
ның «Қазақ
емлекеттілігінің
символдары»
кітабынан мате-
риалдар пайдала-
нылды

Әбілқайыр қазақ арасында біршама беделге ие болды, қабілетті қолбасы, ат құлағында ойнаған батыр, алып күш иесі ретінде де көзге түсті. Қазақ даласында сол кездегі ең беделді батырлардың қолдауына ие болды.

Ол 1718 жылы Қазан мен Тобылдағы жергілікті патша өкімет орындарымен тығыз байланыс орнатып, одан кейінгі он жыл бойына шекарада өз қол астындағы қазақ руларының Ресей бодандарымен (қалмақ, башқұрт, Жайық және Сібір казактарымен) шекарада туған әр түрлі түсініспеушіліктерін реттеу, тұтқындар айырбастау жөнінде олармен елшіліктер алмасып отырды.

Қазақ басына төнген ұлы зобалаң *«Ақтабан шұбырындының»* алғашқы ауыр зардапты кезінде Әбілқайыр Шыңғыс әулеті қазақ билеушілерінің ішінен бір өзі болып оңтүстіктегі қоныстарына тұтқиыл басып кірген қарулы жаудан қашып-пысқан жұртының көңіліне дем беріп қана қоймай, қысқа мерзім ішінде өзіне бағынған тайпалардан жоңғарға қарсы шығарлық қол жинап та үлгереді.

1723—1726 жылдары Әбілқайыр басқарған қазақ қолы қалмақтар мен жоңғарларға қарсы күресте бірқатар ірі жеңістерге жетті.

Әбілқайырдың осынау әскери еңбегі бағаланып, 1726 жылғы әскер басыларының құрылтайында бас қосқан Шыңғыс әулеті әскербасылары мен қазақ батырлары оны Жоңғар басқыншылығына қарсы күресте үш жүздің біріккен күшіне бас қолбасшы етіп сайлады.

Толассыз жүргізілген соғыс, көшіп-қонатын жердің бірсыпырасынан айырылу қазақтардың өз ішінде алауыздық тудырып, өзара қырқысуларға апарды.

Сол бір сыртқы қауіп және ішкі алауыздықтардан тығырыққа тірелген ауыр халден шығу үшін қуат-күші мол қамқоршы іздеуге тура келді. Қазақтардың көршілері ішінен ондай тірек бола аларлық жалғыз Ресей деп таныған қазақ әміршілері көмек сұрап Ресейге жүгінді.

1730 жылы күзде Кіші жүз билері «далада халық қамы үшін» жиылыс өткізіп, патша үкіметімен бейбіт келісім жасасу жөнінде пәтуаға келді. Бірақ Әбілқайыр мұнымен шектелмей, өзінің қол астындағы елмен бірге Ресей қол астына кіруді ұйғарады. Өз шешімі жайында ол айналасындағы өзіне берілген сенімді старшындардың тек бесеуіне ғана айтады да, Санкт-Петербургке Ресейге бодан болуды ұсынған жолдама жібереді.

Кейін ол өзінің бұл ісінің себебін: «...Ешкімге ақыл қоспай, сұлтандар мен залым билерден жасырып, ұлы мәртебелі құзырға бағындым. Ұ.М.И-ның өзіме деген ықыласын пайдаланып, дұшпандарымнан кек

алуды ойладым...» — дейтін желеуге сілтеді. Әбілқайыр хан ұсынысына жауап ретінде 1731 жылы қазанда Санкт-Петербургтен Сыртқы істер коллегиясының тілмашы А. И. Тевкелев бастаған елшілік келіп, қазақтарды Ресейдің бодандығына алу жөніндегі 1731 жылы 19 ақпанда қол қойылған патшайым Анна Иоанновнаның грамотасын тапсырды.

1731 жылы 10 қазанда Ырғыз бойындағы Мәңгітөбе деген жерде Кіші жүз ханы Әбілқайыр мен бірқатар қазақ билеушілері Ресейге бодан болуға ант береді. Сөйтіп қазақ жүздерінің Ресейге қосылу үрдісі басталады. Ішкі қайшылыққа толы, ғасырдан астам уақытқа созылған бұл үрдіс Қазақстан тарихының жаңа бетін ашқан болатын.

Шын мәнінде де, бұдан бұрын да Ресей мен Қазақстан арасында саяси, дипломатиялық, сауда қатынастары мен байланыс бола тұра, қазақтар бұрын ешқашан Ресей боданы болмаған, оған қызмет етіп көрмеген болатын. Енді екі әлемнің — еуропаланған мәдени әлем мен рулық негізден ұзай қоймаған азиялық көшпелілер әлемінің арасындағы тарихи кездесу жүзеге асты.


Түркі нәсілдес көшпенді халықтар ішіндегі ең саны көп халық — қазақтар Ресей мемлекетінің Жайықтан Ертіске шейінгі шекарасы көршісі еді, Ресейдің Орта Азия, Ауғанстан, Иран, Үндістанға шығар төте сауда жолдары Қазақ даласы арқылы өтетін. Қазақстанды өзіне қосып алу арқылы Түркістандағы Ресей жағдайы нығайып, «Каспий теңізінің шығыс жағалауына мықтап орнығуға» мүмкіндік алатын еді.

Сөйтіп, көктен іздегені жерден табылып, 1730 жылдың күзінде орыс патшасының сарайына келген Әбілқайыр ханның елшілері қазақтарды өз еркімен Ресей бодандығына алу жөнінде өтініш жасайды.

«Біз, Әбілқайыр хан, — делінген жолдамада, — өзімізге қараған көптеген Орта жүз және Кіші жүз қазақтарымен бірге Сіздің алдыңызда бас иеміз, Сіздің қызметшіңіз болуға, барлық қарапайым халықпен бірге Сіздің құзырыңызға көшуге тілек білдіре отырып... Сізге есен-саулық тілейміз және Сіздің бодандарыңыз боламыз».

Қазақ ханының өз еркімен бодандыққа алу жайындағы ұсынысы Ресейдің Шығыстағы саяси мүддесіне сай келіп қана қойған жоқ. Сондай-ақ бірде-бір оқ шығармай, қан төкпей-ақ елдің оңтүстік-шығысындағы жер қайысқан халқы бар ұлан-ғайыр даланы қас-қағымда өзіне қосып алу сияқты сирек құбылыс Ресей мемлекетінің даңқын арттырып, мәртебесін биіктете түсетін еді.

1731 жылғы 19 ақпанда Анна Иоанновна патшайым Әбілқайыр хан және бүкіл қазақ халқының өз еркімен Ресей бодандығына алынғаны жайлы грамотаға қол қойды. Қазақтарға соны хабарлап,





олардан ант алу үшін Қазақ даласына А. И. Тевкелев бастаған арнайы елшілік аттандырылды.

Елшілік Ырғыздағы Әбілхайыр хан ордасына келіп жеткенде ғана Қазақ даласындағы ақиқат жағдай айқындалды. Өйткені:

— Әбілхайырдың билігі өзі императрицаға жазған жолдамасындағыдай екі жүзге бірдей емес, тек Кіші жүздің өзінің бір бөлігіне ғана жүретіні;

— көршілес Орта жүзде кемі екі хан билік құрып отырғаны және бірнеше дербес сұлтандар иеліктерінің бар екені;


— орыс бодандығы жайлы мәселені Әбілхайыр басқа хандардан да, өзінің қол астындағы билердің көпшілігінен де жасырын және халықтың ризашылығынсыз жасағаны белгілі болды.

Сонымен қатар орыс үкіметі жалпылай білгені болмаса, көршілес көшпенді халықтың мінез-құлық, әдет-ғұрпынан, Қазақ даласындағы қоғамдық һәм мемлекеттік құрылымнан хабарсыз болып шықты.

Мәселен, орыс елшісінің қазақ әміршілерімен келіссөздері кезінде, азиялық билеуші жөніндегі ол дербес монарх қой дейтін еуропалық ұғым-түсініктің шындыққа сай келмейтіні анық байқалды. XVII ғасырдағы Дала ханының жеке дара билеуші емес екендігі белгілі болды. Ол, жоғарғы билеуші, билікті өз ұлыстары мен руларын билеп-төстеп отырған сұлтандармен және билермен бірге жүргізеді екен, ал сұлтандар мен билер ұлыстар мен рулардағы адамдарды басқарады екен. Жалпы мемлекеттік істер де феодал ақсүйектердің қолында екені, ханның іс жүзінде өз халқының атынан келісім жасайтындай жекебастық құқы жоқ екені анықталды.

Орыс елшісінің қазақ әміршілерімен жүргізген келіссөздері кезінде Әбілхайыр хан жолдамасының түпнұсқасында көрсетілген *«пәленшенің ұлы мәртебесінің құзырына көшу»* жөніндегі «бодандық» туралы ұғымының өзі Петербургте басқаша, Қазақ даласында басқаша ұғынылатынын көрсетті. Мәселен, қазақтардың көбі өз еркімен бодан болуды Ресеймен әскери және саяси одақ деп, далалықтарды тыныштыққа жеткізетін қамқорлық, қайырымды көмек деп ұқты. Сол көпшілік орыстар олардың еркіндігіне тежеу салып, зиян келтіре қоймайды, өз еркімен бодан болғандықтан, одан қазаққа қажет кезінде бас тартуға да болады деп түсінді. Ал дала ақсүйектерінің тағы бір бөлігі бұдан былай *«ұлы бекке», «ақ патшаға»* айналған орыс патшасына ант беруді *«құлдық қамытын кию»* деп білді.

Бұл саяси акцияға Әбілхайыр ханның өз көзқарасы да қызық еді. Оның ойынша, қазақтардың орыс бодандығын қабылдауы Қазақстанның Ресейге қосылуы, Қазақ даласында орыс заңының орнауы емес





еді. Әйтеуір, басқа мемлекетке бодан болуды қазақтардың мемлекеттік һәм ұлттық егемендігін жоғалту деп ойламады. Тек біреуге арқа сүйеу арқылы Қазақ даласындағы өз билігін күшейтіп, үш жүзге бірдей хан болып, тақ мұрагерлігін тек өз кіндігінен тарағандарға бекітіп бергісі келген. Өзінің қайсыбір сөздері мен іс-әрекетіне қарағанда, Әбілқайырдың бір мезгілде орыс патшасына да, жоңғар қонтайшысына да «бодандықта» болғысы келгенін байқаймыз, яғни XVIII ғасырдағы Дала ханының саяси санасы екі жақты бодандық та болуы мүмкін деп түсінген.

Осылардың бәрінің үстіне, кейін белгілі болғандай, тақта отырған ханның анты оның мұрагерлеріне міндетті емес екен, сондықтан да В. В. Бартольдтың (1869—1930) айтқанындай, XVIII ғасырдағы бір жүздің хандары бірнеше рет Ресейге бодан болуға тілек білдіріп отырған.


Әбілқайыр ордасына келіп жеткен сәтте-ақ А. И. Тевкелев қазақтардың көпшілігі бодандық туралы естігісі де келмейтініне көзі жетті. Орыс елшілігінің басшысына тек ханның өзімен ғана емес, басқа да сұлтандар, билер және халық өкілдерімен де келіссөз жүргізуге тура келді. Кей жағдайда бұл өміріне қауіпті де еді. Тек айрықша дипломаттық қабілеті, өз басының батылдығы, тапқырлығы мен шешендігі ғана А. И. Тевкелевтің баянды да, тамаша табысқа жетуіне мүмкіндік туғызды.

Беймаза көшпенділер арасында айлап жатып, ол ақыры орыс бодандығын қабылдау жөніндегі ант-су ішкен уәдеге ие болып, 1732 жылдың 5 қаңтарында оны Әбілқайыр хан, Сәмеке хан, Барақ сұлтан, Нұралы сұлтан, Әбілқайырдың қатыны Бопай ханым және басқа ондаған дала ақсүйектерінің атынан Санкт-Петербургке жөнелтті.

Одан кейін де бірнеше орыс-қазақ кездесулері өтті. Осындай әрбір кездесуден соң Ресей бодандығына қарауға ант берген қазақ әміршілері мен олардың көшпелі елінің саны арта түсті. 1740 жылы 28 ақпанда Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен бірге (Әбіл Мұхамед) А б ы л а й (А б ы л а й х а н) да орыс императоры тағына бодандыққа ант берді.

XVIII ғасырдың 20-шы жылдарының аяғында — 30-шы жылдарының басында Абылай қазақтың әскери әрі саяси жетекшілері ішінен суырылып алға шықты. Қазақ жасақтарының жоңғар әскеріне қарсы қанды жорықтары кезінде Абылай батырлықтың тамаша үлгілерін көрсетіп, дарынды әскербасы екендігін дәлелдеді.

Ерлігіне ақылы сай, әскер ісіне де, ел басқаруға да үздік қабілетті Абылайды қазақ біліктілері *арғын* ішіндегі көп санды күшті ру *Атығай*



сұлтаны деп жариялайды. Содан бастап Абылай сұлтанның әскери ғана емес, саяси биліктегі белсенділігі де күрт көтеріліп, оның даңқы қазақтың үш жүзіне түгел тарайды.

Өзінің ұзаққа созылған саяси қызметі кезінде Абылай қазақ ішінде де, одан сырт жерде де парасатты, ақылды да айлалы билеуші екендігін толық дәлелдеді. Ең маңызды сауда орталықтары, керуен жолдары, түстіктегі отырықшы-егіншілік аймақтың бәрі жоңғар жаулап алған және солтүстік аймақтағы тұрақсыз жағдайлар кезінде қазақтар үшін көш бетін Қазақстанның терістігі мен солтүстік-шығысына қарай бұрып, Ресей көпестерімен сауда-саттықты тұрақтандыра түсуден мәнді стратегиялық міндет жоғын ол жақсы түсінді.

XVIII ғасырдың 40-шы жылдары мен 50-ші жылдарының басында Абылай Орта жүздегі өз билігін барынша күшейтіп, Орталық, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан көшпенділері арасындағы ықпалын арттыра түсті. Бұған оның кезекті жоңғар басқыншылығына жанқиярлықпен тойтарыс берген қазақтар қолбасшысы ретіндегі жеңістері де көп жәрдемін тигізді. Атақты Абылай ханның дәл осы кезеңдегі әскери өмірбаяны, оның көзсіз ерлігі, кемеңгерлігі, жоңғар билеушісі Қалдан Серенмен қақтығыстар кезіндегі көрегендігі, тапқырлығы көптеген жыр-аңызға арқау болып келгені де әлгі сөзімізге дәлел.

Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы сыртқы жауға келгенде бағытталған да өжет қимылдаған жас сұлтан әуелгіде ел ішіндегі Шыңғыс ұрпақтарының Қазақстан ішіндегі үстем билік жолындағы өзара талас, бақталас күрестеріне араласа қоймай, бейтараптық ұстанады, сөйтіп бұл сияқты аса күрделі істе парасатты сақтыққа бой ұрып, көрегендік танытады.

Орта жүз ханы Әбілмәмбетке бағына тұрып, оған қазақы өнеге бойынша барынша інілік ізет көрсете отырып, ол Әбілқайыр сынды аға ханға деген құрметтен де айнамайды. Болашағын тереңнен болжайтын Абылай сұлтан Әбілқайыр ханның басты жауы — Барақ сұлтанмен де (1750 жылы өлген) арақатынасының басын ашып алады, өзі «біздің халықтың бақытына туған билеуші» деп атаған қазақтардың жоғарғы әміршісінің аянышты қазасынан кейін, ханға қол жұмсаған Барақты қатты кінәлап, Әбілқайыр жақтастарының одан кек алуына көмек қолын созады.

Алысты болжай білетін осындай көрегендігі арқасында Абылай туыскандар арасындағы түйіні қатты тартыста Кіші жүз билеушілерін өзіне біржола бұруға, 1750 жылы Әбілқайыр билігіндегі бірқатар тайпалардың өз қарамағына өтуіне қол жеткізді.

1745 жылы құдіретті күшті әміршілері Қалдан Серен өлген соң Жоңғар хандығында басталған әулеттер арасындағы тақталас кезінде де Абылай белсене араласып, онда да өзінің әбден ысылған, шебер саясатшы екенін таныта білді.

Әріге бармай-ақ, Абылайдың ойрат княздері арасындағы қырқысуларға араласуының қандай нәтиже бергенін айтсақ та жетеді. Орта жүз және Ұлы жүз қазақтары өз қоныстарын Тарбағатайға және Жетісудың солтүстік-батысына қарай кеңейте түсуге мүмкіндік алды. Бұл өңір бұрын Жоңғар хандығының қарауында болып келген.

Ресей тағына берген антын сақтай отырып, Абылай 1757 жылы Қытай боғдыханының билігін де мойындайды. Бұдан кейінгі уақытта ол Ресей және Цин империяларының боданы ретіндегі қос статусын дипломатиялық тұрғыдан пайдалана отырып, қазақ жерінде толыққанды өз өкімін ойдағыдай жүргізуге мүмкіндік алды.


1771 жылы Орта жүз ханы Әбілмәмбеттің қайтыс болуына орай Түркістан қаласында Абылай ресми түрде хан болып сайланды. Сол құрылтайда оны ақ киізге көтеріп, үш жүздің ұлы ханы деп жариялайды.

Абылай сұлтанның хан болып сайланғаны 1771 жыл, бірақ арада бес жыл өткеннен кейін ғана, онда да Орынбор шенеуніктерінің өтіне сұрауымен орыс патшайымына өзін үш жүздің билеушісі етіп бекіту жөнінде өтініш білдіріп хат жолдайды. Ханның бұл мәселеде біршама оңай келісуі әсте де Ресеймен жақын қарым-қатынасты сақтауды көздеген ниеттен ғана емес еді. Абылайдың негізгі ниеті бұл күнде тез күш ала бастағана өзбек әулеттерінің Қоқанд иелігінің саяси қамтуындағы Тянь-Шань қырғыздары мен Сыр бойындағы отырықшы елдің екпінін басып қою үшін орыс шекаралық әскер басыларынан тұрақты әскер алу болатын.

Кіші жүздегі хан сайлауын әлдеқашан өз ықтиярымызда деп санап келген патша үкіметі Абылайдың хан атағын бекіту жайлы өтінішін жылы қабақпен қабылдайды. Бірақ Петербургтің қазақ қоғамында ұлы хандық институтын күшейту ниеті жоқ еді, сондықтан II Екатерина патшайым Сыртқы істер коллегиясының ұйғарымына сүйеніп, 1778 жылдың 24 мамырында оны тек Орта жүздің ханы етіп бекітеді, бүкіл қазақ жұртының билеушісі болып сайланғаны есепке алынбайды. Сонымен бірге Абылайдың орыс әскерін жіберу туралы қадала сұраған өтінішін де патша өкіметі өз мақсатына қайшы болғандықтан қажетсіз деп тауып, тіпті, Ресей империясының «қалтқысыз боданына» лайықсыз көреді. Абылайдың бұл өтініші аяқсыз қалады.







Түптеп келгенде Абылай 1779 жылдың күзінде өзінің әскери әдіс-айласы мен тапқырлығы арқасында қолда бар күшпен Тянь-Шань қырғыздарына қарсы жорығын сәтті аяқтап шығады, сондай-ақ Ферғана әміршілерімен жүргізілген күрес нәтижесінде Сыр бойындағы Түркістан мен Ташкент маңындағы біраз қалаларды қайтарып алады.

1780 жылы қырғызға жасаған жеңімпаз жорығынан оралған Абылайдың денсаулығы сыр беріп қалады да, кенеттен қайтыс болған жағдайда тақ мұрагері кім болуы керектігі жайлы мәселе көлденең тартылады. Бұл аса маңызды мәселені шешерде де Абылай данышпандық танытып, ескі дәстүр бойынша баяғы Шыңғыс хан белгілеген ескі ұлыстық жүйе жолымен билікті үлкен екі ұлына бөліп беруді ұйғарады. «Орта жүз түгелімен ілгеріде аталған ұлы Уәли хан иелігіне көшеді де, Әділ сұлтанға Ұлы жүздің үлкен бөлігі тиді, қалғандары да өз үлесіне тиісті иеліктер алды».

Қазақтарға деген Ресей саясаты бірнеше рет өзгеріп отырды. Басында орыс үкіметі ант алып, кішігірім сый-сыяпат, *аманаттар* жіберіп отыруға міндеттеуден әріге бармай, қазақ билеушілерін еркін ұстады. Ол кезде орыс үкіметінің Қазақ даласында «Ресей туын тіксек» деген ниеті әлі жоқ еді. Алғашқы кезеңде олар жаңа бодандарының әскер күшін өздерінің басқа азиялық бағыныштыларының, атап айтқанда, башқұрттар мен Еділ қалмақтарының көтерілістерін басуға пайдаланбақ болды.

Бұл ретте қазақтарды басқару жүйесі жайлы «Орынбор экспедициясының» бірінші бастығы И. К. Кирилловтың 1734 жылғы мамырда Анна Иоанновна патшайымға жолдаған бағдар-жобасының үзіндісі көңіл аударарлық.

«Мұндағы қалмақтар бұрыннан Ұ. М. И. бодандары, башқұрттар да солай, енді оларға үшінші халық — қырғыз-қайсақтар қосылды; бұлар бір-бірімен әсте тіл табыса алмайды, алдағы кезде де оларды осылай ұстау керек, ал егер қалмақтар қандай да бір қарсылық көрсетер болса, оларға қырғыздарды айдап салуға болады: өткен жылы қалмақтар өз хандарына қарсы шыққанда, Әбілқайыр хан қызметін көрсетті: Жайық пен Ембі өзені бойында көшіп-қонып жүрген қалмақтың әміршілерінің ішіндегі біріншісі Доржы Назардың ұлысына әскер жіберіп, оларды тонады, содан олар қарсылығын тоқтатып, ендігі жерде қырғыз-қайсаққа тіс қайрап отыруға мәжбүр; ал қырғыз-қайсақтар осылайша билеушісіне қарсы шықса, оларға қалмақ пен башқұртты айдап салуға болады; оларды осылайша жуасытып, Ресей әскерін қозғамай-ақ көнбіс бағынышта ұстау керек».

Ресейдің азиялық бағыныштылары арасына от тастап, біріне бірін айдап салу саясатын әсіресе 1742 жылы Орынбор комиссиясының бастығы болып тағайындалған құпия кеңесші әрі сенатор И. И. Неплюев кеңінен жүргізді.

Бір ұлтты екінші ұлттың қолымен жуасытып отыру жүйесін енгізе отырып, Ресей, белгілі шығыстанушы С. В. Жуковскийдің әділ ескерткеніндей, ұлттар наразылығын қоздыра түсті. Бұл болашағы жоқ саясат еді, біртін келе оған едәуір түзетулер енгізілді.

Қазақ жүздерінің Ресей «бодандығы» мерзімі екі кезеңге анық бөлінеді: біріншісі — сөз жүзіндегі бодандық (1731—XIX ғасырдың 20-шы жылдары), екіншісі — түбегейлі қосып алып, отар ретінде бағындыру (XIX ғасырдың 30—60-шы жылдары).

Алғашқы кезеңде орыс үкіметі қазақтармен арақатынаста вассалитет элементтері бар протекторат институтына сүйенді.

Қазақ даласы орыс әскери бекіністері шеңберімен қоршала бастағаны болмаса, Ресей империясының сыртында қалып еді. Осының өзінде Қазақстанмен шекарасында әскери бекіністер шебін орыстар XVIII ғасырдың 30-шы жылдарында-ақ сала бастаған болатын. 1735 жылы И. К. Кириллов Ор өзені бойында қазіргі Орск тұрған жерде Орынбор қаласын салдырды. Бірақ ол орын қолайсыз болып шықты. 1739 жылы қала жаңа жерге ауыстырылды, оның орнында қазір Краснотур станицасы тұр. 1742 жылы қала үшінші рет көшіріліп, қазіргі орнына салына бастады. Осы үшінші Орынборға Уфадан үкімет мекемелері көшірілді.

Бұған дейін Астрахан қаласына тиесілі рөлдің бәрі Орынборға ауысып, ол енді Орта Азиядағы өзбек хандықтарымен барлық саудасаттық, дипломатиялық қатынастардың орталығына айналды.

Орынбор бекіністер шебінен басқа 1736 жылдан бастап кейін Орал (Жайық) шебі, Есіл және Ертіс шептерін құрған басқа форпостар не станицалар тұрғызылды.

XVIII ғасырда төрт шептің бойына қырық алты бекініс, тоқсан алты редут салынды. Бұлардың біразында орысша атымен қатар қазақшасы да болды. Мысалы, Орынбор бекінісін далалықтар *Торғай қала* атаса, Петропавл қамалын қазақтар әлі күнге *Қызылжар* деп атайды.

Бұл бекіністердің бәріне орыс-қазақтар, қарашекпен-шаруалар қоныстандырылып, тұрақты әскер күзетіп тұрған. Қазақ даласын бірте-бірте солтүстіктен, солтүстік-батыстан, солтүстік-шығыстан құрсаулай түскен бұл орыс бекіністері шептерінің функциялық міндеттер әжептәуір көп болды.



Мәселен, Орынбор бекіністер шебі:

— XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанды толық отарлап, қосып алғанға дейін іс жүзінде Ресей шекарасы қызметін атқарды;

— жиі-жиі бүлік шығарып отырған башқұрттарды әскери қоршауды тәмамдады;

— екеуі де орыс боданы болып есептелетін, бірақ ол ол кезде бір-бірімен жауласқан қазақ пен башқұрт арасын бөліп тастады;

— Ресей иеліктерінің көшпенділер шапқыншылығынан қорғалуын қамтамассыз етті;

— Орта Азия хандықтарымен сауда-саттық, дипломатиялық қатынас орталығы қызметін атқарды.

XVIII ғасырда және XIX ғасырдың басында орыс үкіметі қазақтардың ішкі басқарылуына араласпады. Тіпті 1822 жылғы «Көшпенді бұратаналарды басқару туралы жарғыда да» ел билігі қазақ ақсүйектері — сұлтандар қолында екендігі көрсетілген. Бірақ орыс үкіметі Даладағы өз ықпалын қазақ хандары арқылы жүргізуге, оларды «шығыстық саясат» қаруы етуге тырысты.

Бұл саясат хандықтағы беделі өсіп, тұрақтана бастаған Әбілқайырдың да түбіне жетті. И. И. Неплюев қолынан келгенше қазақ жүздері арасындағы Әбілқайыр беделін «жоққа шығаруға» тырысып бақты. Орынбор губернаторы қазақ ханын ресми түрде орнынан қозғай алмайтын, сондықтан ол өз жағына Барақ сұлтанды тартып, болашақта соны хан тағына отырғызуға қолайлы қолжаулық әмірші деп білді. Оған көзсіз қару рөлі жүктелді. Әбілқайыр ханды өлтірген Барақ И. И. Неплюевтің ниетін жүзеге асырушы болып шықты, енді ол Қазақстан аумағында дәрежелі билеушілерді қалағанынша ауыстырып отыруға мүмкіндік алды.

Орыс үкіметінің нақ осы «шығыстық саясаты» Ішкі орданы құруда да өз міндетін атқарды. Қазақтарға кең жайылым керек еді де, орысқа тәуелді де бағынышты халық қажет болатын.

Ресей өкіметінің қолдауымен XIX ғасырдың басында Еділ мен Жайық аралығында Ішкі Орда немесе Бөкей ордасы құрылды. Оның мәртебесі Ресей тағына тәуелді жеке хандық дәрежесінде белгіленді.

1801 жылға дейін Кіші жүздегі Хан кеңесінің төрағасы лауазымында болған Бөкеймен бірге Жайықтың оң жағасына 1802 жылдың аяғында Кіші жүздің әр руынан бес мың қазақ отбасы өтті. Одан кейінгі он жыл ішінде қазақтардың Орал асып қоныстануы едәуір үдеді.

1811 жылғы 26 қыркүйекте І Александр императордың жарлығымен Оралдың оң жағында Б ө к е й а қ киізге отырғызылып, хан

көтерілді. Сол жылдың қараша айында І Александр Бөкейді ресми түрде хан етіп бекітті. Бұл алғашқы заңды хан еді.

Бөкей өлген соң Орданы оның інісі Ш ы ғ а й биледі, бірақ ол заңдастырылмаған хан болды, оны патша өкіметі хан ретінде мойындаған жоқ. Патша үкіметінің жарлығы және Бөкей өсиеті бойынша ол Ішкі Орданы ханның ресми мұрагері Жәңгірдің қамқоршысы ретінде ғана басқарды.

Ж ә н г і р (Ж ә н г і р х а н) қолына билік 1824 жылдың ортасында І Александр императордың арнайы жарлығына сай тиді.

Жәңгір — еуропалық мол білім алған, бірнеше тілді меңгерген, 1840 жылдың ортасында орыс армиясының генерал-майоры болған адам. Хан ордасында және Астраханда өз үйі, Саратовта меншікті сауда сарайы, Орынборда қонақжайы болды. Петербургте бірнеше рет болған, І Николайдың тәж кию салтанатына қатысқан, Қазан мен Кавказды аралаған.


Жәңгір хан билігін кеңейтіп, Ордадағы басқару жүйесін орталықтандыру арқылы қазақтар арасындағы саяси билігін мақсатты түрде күшейте беруді ойлаған даңққұмар билеуші болды. Сол кезгі Дала әміршісінің дәрежесіне орай жеткілікті білімі бар адам ретінде ол, өзінен бұрынғы әміршілерге қарағанда далалалық хан билігін күшейтуде көбінесе басқаша әдіске көшті, әсіресе өзіне жақсы таныс Ресей самодержавиелік басқару үлгісін ұстанды.

Жәңгір хан Ішкі ордадағы басқару жүйесін реформалап, қазақтар арасындағы сауда мен саудагерлік кәсіпті қолдай білді, жайылымға жеке меншік құқығын енгізді. Ол хан ордасында қазақ балаларына арнап тұңғыш рет дүниелік жалпы білім беретін мектеп ашты, оның тұсында қазақ жастары Орынбордағы Неплюев кадет корпусында білім ала бастады. Жәңгір қазақ халқының тұрмыстық заттарының және мәдениет тарихының мұражайлық коллекцияларын Қазақстандағы алғашқы құрушылардың бірі болды, Қазан университеті жанындағы ғылыми қоғамның құрметті мүшесі болды.

Жәңгір тақ мұрагерлігіне екінші әйелінен туған ұлы Сақыпкерейді атаған. Бірақ ол өлісімен патша үкіметі Бөкей ордасындағы хандық билікті ресми таратты да, Жәңгірдің заңды мұрагері таққа отыра алған жоқ.

ХІХ ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап орыс үкіметі енді басқаша саясат ұстады: Қазақ даласын бағындырып, Ресейге қосуды көздеген катал да белсенді шаралар жүзеге асырыла бастады.

Мұндай саясатқа қарсылық білдірмей қалу мүмкін емес еді. Қасым сұлтан (1840 жылы өлген) Ресей отаршыл саясатына бітіспес



жау, қазақтың ұлттық мүддесінің тегеурінді қорғаушысы еді. Өз бауырларының қолдауымен ол бекіністер салынуына және қазақтардың ежелден қалыптасқан дәстүрлі әкімшілік-саяси өміріне қол сұғылуына қарсы шықты.

Орыстың жазалаушы отрядтарымен жағаласып өткен әлденеше шайқастан соң Қасым сұлтан қалың қазақты соңынан ертіп, ата-баба жері Көкшетауды тастап, амалсыз Қоқан хандығына барып паналайды. Бірақ өзі де, бауырлары да қараниетті өзбек бектері қолынан қаза табады.

1837 жылы Ресейдің отарлау билігіне қарсы қазақтардың халық-азаттық күресін Қасым сұлтан баласы, Абылай хан немересі К е н е с а р ы бастап шығады. 1841 жылдың қыркүйегінде оны Орта және Кіші жүз қазақтары рубасыларының үлкен бір тобы хан көтерген болатын. 1842—1843 жылдары Бұхара әмірі Насрулла хан Кенсарыны қазақ ханы деп мойындады. Бар өмірін Ресей құрамындағы Қазақстанның саяси автономиясы жолындағы үздіксіз соғыспен өткізді. 1846 жылы ол соңына ерген халқымен орыс әскерінің қысымымен Шу, Іле бойына қарай тықсырылады. Бұл арада ол Тянь-Шянь қырғыздарының көршілес тайпаларының арасында өз билігін орнату әрекетін жасады. Бірақ 1847 жылы көктемде Кекілік тауы етегіндегі Қарасу өзені бойында қырғыз манаптарының қолына түседі. Әскері түгел қырылып, өзі қырғыз манабы Қалығұл Әлібековтің қолынан қаза табады. Бұл «еңбегі» үшін жендет Қалығұл кейіннен патша үкіметінен күміс медаль алады.

Қазақ халқының басына қаралы күн орнайды. Ресейдің отаршыл билігін орнатудың қанқұйлы дәуірі басталады. Ресейдің Қазақстанға деген саясатындағы жаңа бағытында ортаазиялық фактордың рөлі маңызды болды. Ресей өнеркәсібі мен саудасын өркендету мүддесін көздеген, сондай-ақ Батыс Түркістан мен Оңтүстік Қазақстанға көз тіккен ағылшын экспансиясын тойтаруға тырысқан патша үкіметі Қоқан, Хиуа хандықтары мен Бұхара әмірлігін өз ықпалы мен тауар айналымы аясына тартқысы келді.

XIX ғасырдың 30—60-шы жылдарындағы бірқатар әкімшілік реформалар жүргізіліп Қазақстан тұтасымен және біржола Ресей басқару жүйесіне қосылды: ел генерал-губернаторлықтар мен облыстарға бөлінді, ал қазақтар арасына жалпыресейлік заңдар енгізіле бастады. Хандық билік, халық жиыны (құрылтай), билер соты жойылып, отаршылдық басқару жүйесінің енгізілуіне байланысты қазақ мемлекеттілігі өмір сүруін біржола тоқтатты. Қазақ даласы Ресей империясының жай ғана бір шеткі аймағына айналды.





Қазақстанды Ресейге қосу үрдісі аяқталып, Ресейге ортаазиялық өзбек хандықтарын қосу басталды. Өзбек хандықтарына қарай шұғыл қимылға көшкен патша саясатының жүзеге асуына Ресейдің XVIII ғасырда Қазақ даласымен шекарада салған бекіністер шептері, сондай-ақ XIX ғасырдың 30—60-шы жылдарында Қазақстан аумағында тұрғызылған жаңа әскери бекіністер, форпостар, редуттар көп көмегін тигізді.


Сөйтіп, Ресей мен Қазақстан екі түрлі әлемді: отырықшы егіншілік өркениеті әлемі мен далалық көшпелі дәстүр әлемін құрайтын еді. XIX ғасырда сол Қазақстан мен Ресей, Жайылым мен Егістік бір державаға бірікті. Бұл екі әлем бір мемлекет құрамында тең дәрежеде ұзақ өмір сүруі мүмкін емес еді; біреуіне екіншісі бағынуға тиіс болатын.


Егер Орталық Азия көшпенділерінің тарихы мен олардың егіншілік қоғамдармен өткен ғасырлардағы қатынасына көз салар болсақ, жаулаушылар көбіне-көп көшпенділер болғанын аңғарамыз. Мұның екінші бір тарихи заңдылығы тағы бар: бағынған елдің қалыптасқан ішкі және қоғамдық өмір тәртібін сақтай отырып, көшпенділер әдетте жоғары билікті алғандарын қанағат тұтатын, уақыт өте келе өздерінің отырықшы бодандарының тұрмыс-салты мен мәдениетін ерікті түрде қабылдайтын.

Қазақстан мен Ресей жағдайында біз керісінше мысалға кезігеміз. Ұлы Даланың бірнеше миллион көшпенділері (А. Левшиннің есебі бойынша, XIX ғасыр басындағы қазақтардың саны «еркек-әйелі бар 2 500 000-нан 3 000 000-ға тарта жан болған») отырықшы егіншілік мәдениеті бар мемлекет билігіне көшкен соң, өздерінің шаруашылық салты мен қоғамдық тұрмысын толық болмаса да ішінара өзгертуге мәжбүр болды.

Тайпалар мен халықтардың шаруашылықтың бір түрінен екінші түріне (аңшылық, көшпенді тірліктен егіншілік-қалалыққа қарай) ауысуы тарихта болып тұратын жағдай. Табиғи жағдайда бұл ауысу экономикалық қажеттіліктен ұзаққа созылып, байқалмай өтетіні ғылымда әлдеқашан дәлелденген.


Қазақстан мен Ресей жағдайында экономикалық қажеттілікке саяси-әкімшілік фактор да қосылды. Қазақ көшпенділерінің отырықшы немесе жартылай отырықшы тұрмысқа бейімделуі, сондай-ақ әкімшілік жолмен тұрмыс-салтын жеделдете өзгерте бастаған көшпелі рулар мен тайпалар санының артуы да әрбір кезекті патша жарлығына, орыс үкіметінің қаулы-қарарларына, жергілікті отаршыл әкімшілік шенеуніктерінің қиямпұрыс қылықтарына да байланысты еді.





Орыс үкіметінің Ұлы Дала көшпенділердің өміріне зорлық-зомбылықпен және білместікпен араласуы ауыр зардаптарға апарып соқты. Отаршыл қатал саясат қалыптасқан қағидалар мен қоғамдық құрылымды қиратты. Отырықшылыққа күштеп көшіру мал басы мен жайылымды азайтты, ол өз тарапынан қазақ халқының тұрмыс-салт, жай-күйінің нашарлауына апарып соқты. Сол ауыртпалықтар мен жаппай аштық Қазақстанның байырғы халқының санын күрт кемітті.

Дегенмен Қазақстанның Ресей империясына қосылуының зардаптары қаншалық көп бола тұрса да, оның өзіндік жағымды жағы да бар еді. Орыс еркіне бағыну қазақтарды мешеу Жоңғарияға (1635—1758) кіріптарлықтан бір сақтаса, Қазақ даласында рулық тіршіліктің ыдырауына, қазақтардың көшпенділіктен отырықшылыққа бейімделуіне жол ашты, озық еуропалық ғылым мен мәдениетке орайластырды.






ЖАПЫРАҒЫ ЖАСЫЛ ЖАУТЕРЕК
ЖАЙҚАЛМАҒЫ ЖЕЛДЕН-ДҮР,
ШАЛУЛЫҒЫ БЕЛДЕН-ДҮР,
ТӨРЕНІҢ КЕЖІГҮІ ЕЛДЕН-ДҮР
БАЙДЫҢ МАҚТАНБАҒЫ МАЛДАН-ДҮР,
АҚ КИІКТІҢ ШАБАР ЖЕРІ МАЙДАН-ДҮР,
КЕШУ-КЕШМЕК САЙДАН-ДҮР,
БАТЫР БОЛМАҚ СОЙДАН-ДҮР.
ЖАЛАҢАШ БАРЫП ЖАУҒА ТИ,
ТӨҢІРІ ӨЗІ БІЛЕДІ,
АЖАЛЫМЫЗ КАЙДАН-ДҮР!



Шалкиіз-жырау



ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ









«АКСҮЙЕК»
АДАМДАР

Хандық дәуірдегі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын зерттеуде ең маңызды екі принципті бөліп қарау керек. Олардың бірі — қазақ қоғамының бір-біріне қарама-қарсы, бірінен бірінің экономикалық жағынан гөрі, саяси және құқықтық жағынан айырмасы бар екі түрлі әлеуметтік топ — *ақсүйектер* мен *қарасүйектерге* бөлінетіндігі. Қоғамның бұлайша тегі жағынан екі жарылуы олардың құқығын да айқындап беретін еді. Бұл принцип өте қатаң сақталды. Құқықтар мен міндеттер теңсіздігіне негізделген қоғамның топтарға бөлінуі неғұрлым қарадүрсін болса, сословиелік теңсіздік соғұрлым көзге ұратыны белгілі, мұны біз қазақтардың «ақ» және «қара» сүйек жайындағы ұғымынан да байқап, түркілердің аристократиялық мұрагерлік идеясын қаншалық қатаң сақтағанын көреміз.

Қазақтардың қоғамдық құрылысындағы екінші негізгі принцип өздері Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз атап кеткен үш бірлестікке топтасқан тайпалар мен рулар иерархиясы болды. Бұл принцип бойынша әрбір *қарасүйектің* қоғамдық орны, оның атасы би ме, қарапайым көшпенді ме, өз руының пұрсаттылық дәрежесіне қарай айқындалатын. Біртұтас қазақ халқының үш жүзге, үш рулар бірлестігіне бөлінуінен қазақ қоғамдастығы дәреже-деңгей егжей-тегжейлі белгіленген және қатаң сақталатын қоғамдастық болды.

Ақсүйектер мұрагерлігі идеясының бұлжымай жүзеге асырылуы арқылы ақсүйектер мен «әулетті рулар» делінетіндердің өкілдері қара халықтан айырықша бөлектендірілетін.

Сұлтандар. Біз әңгімелеп отырған дәуірдегі қазақ қоғамының жоғарғы ақсүйектер тобы және ең ықпалды саяси күші сұлтандар болатын. Сириядан тараған бұл араб сөзі басында *билеуші, әмірші*, сондай-ақ *өкімет, үкімет* мағынасындағы жиынтық ұғым ретінде пайдаланылып келді. Бірақ IX ғасырдың екінші жартысынан бері қарай сұлтан деп, дін өкілі — *имамға* қарама-қарсы қоғам ішіндегі өкілетті билік иесін атай бастады. Бұл сөзді алғаш рет ресми қолданысқа енгізіп, тенге бетіне жаза бастаған Ұлы Селжұқтар (1038—1194) болды.

Осман империясында сұлтан деп ел билеушісін айтатын. Әйтсе де тек падишах қана емес, Осман әулетінің (1299—1922) барлық шахзадалары да сұлтан аталып келген. Кіші Азияда «сұлтан» сөзі сопылар бауырластығының мүшелері арасында да қолданылып, олардың ең жоғары дәреже иесі екендігін білдіретін.

Жошы ұлысы (Алтын Орда) мен Шағатай ұлысында (Түркістан) XIV ғасырдан бастап Шыңғыс әулетінің әрбір мүшесі сұлтан атала бастады.



Шыңғыстан тараған сұлтандар әлеуметтік иерархияның ең жоғары сатысындағы «ақсүйектер» тегін құрады. Шыңғыс әулетінің әрбір баласы туа сала мал басы, ақыл-ес, денсаулығының жағдайына қарамастан, сұлтан атағымен бірге осы әлеуметтік топқа мұраға қалған барлық құқықтарға ие болатын еді. Сұлтан болып тусаң болғаны. Әйелі жағынан «алтын ұрықпен» туысу күйеу балаға Шыңғыс әулетінде бар ешқандай артықшылық та, құқық та бермейді. Хан тағына мұрагерлік құқы тек Шыңғыс әулетінің үлесі еді де, бұл артықшылыққа олар туа сала ие болатын, олардың табиғи атрибуттары есептелетін. Бұл құқыққа этностық та, мемлекеттік шекаралық та шек қойылмайды. Шыңғыс хан әулетінің қай бұтағына жататынына қарамастан, әрбір Шыңғыс нәсілі Моңғол империясының дәстүрлері азды-кем сақталған жердің бәрінде хан тағынан үміт етуге қақысы бар-тын. Сондықтан да қазақ ұлыстарындағы Шыңғыстан тарағандар біресе қарақалпақ пен қырғыздың падишасы, біресе Хиуа мен Бұхара ханы болып шыға келетін еді.

Сұлтандар әскерден басқа ешбір міндеткерлік атқармайтын. Қазақ ұлыстарының барлық Шыңғыс нәсілінің бірыңғай таңбасы, атадан қалған «арқар» ұраны болды, қара халықтың оны пайдалануға қақысы болмады. Қоғамның басқа мүшелерінен сұлтандардың тағы бір артықшылығы — оларға дүре соғылмайтын, билер сотына бағынбайтын. Шыңғыс нәсілінің жазасын тек аға сұлтан немесе ханның өзі ғана бере алатын. Қарадан шыққандарға олардың атын атауға болмайтын, тек «тақсыр» деп қана тіл қататын. Сұлтанмен бетпе-бет келіп қалған қара халық өкілі аттан түсіп, бір тізесін бүге сәлем беретін болған. Сұлтан оның иығына қолын салып тұрып: «Мал-жан аман ба?» — дейтін. Киіз үй ішінде де осы тәртіп сақталатын. Сұлтан мәртебесінің тағы бір белгісі ақ киіз еді. Той-томалақ, салтанатты жиындарда ақсүйектер тек ақ киіз үстіне отыратын. Сұлтандардың бәрі «ақ тыспен қапталған қара түлкіден бас киім» киетін.

Егер қараның бірі атақ қуып, өзін сұлтан деп атай қалған жағдайда оған он бестен отызға дейін дүре соғылатын. Егер «қара сүйек» қарапайым адамның бірі, өзін сұлтан тұқымынанмын деп алдап, сұлтан қызына не соның жақындарына үйленсе, ол толық құн есебінде, яғни бір еркек құнына төленетін есеппен жазаға тартылатын.

Бұл жерде, осының бәріне қарамастан қазақ ұлысының сұлтандары өздерін монғол-түркі тайпаларының ешбіріне, ешбір жүзге жатқызбайтынын, атаға бөлінбейтінін айта кетуіміз керек. Олар тек билеуші әулет өкілі ретінде XX ғасырдың басына шейін томаға-тұйық қауымдастық қалпында қалып келген болатын.



Сөйтіп, сұлтандар өздерінің заңды жағдайына байланысты хандықтың басқа тұрғындарынан оқшау өмір сүрді және оларды өзгелерден оқшаулатып тұрған құқықтар да мұрагерлік жолмен берілетін. Сұлтандардың бірігіп (*in corpore*) атқарар саяси құқықтары мынадай болды:

- жалпы мемлекеттік басқаруға қатысу;
- жергілікті басқаруға қатысу;
- ұлыстық-иелік басқару ісі.

Қазақ хандығы тұрғындарының ішкі өмірінің көп қыры, өкінішке орай, бізге беймәлім. Біз, мәселен, сұлтандардың қалай тәрбиеленгенін, олардың қайда, қандай білім алғанын білмейміз. Ал қазақ сұлтандары мен шонжарларының ең болмағанда бір бөлігі білімді адамдар болғаны жайлы деректер аз емес. 1509 жылы жазылған «*Михман-намай Бухара*» авторының айтуынша, қазақ жақсыларының біразы өз балаларын «мектепте оқытатын» болған. Қазақ ханы, «далада туып, қырда өскен» Шығай (1582 жылы өлген) XVI ғасыр авторы Хафиз Таныштың айтуынша, өлең жазған. Оның ұлы Тәуекел сұлтан, кейіннен Дешті Қыпшақтың асқан ержүрек ханы да өлең жазған. Қашқардағы моғол ханының сарайында бес жыл бойы ең жоғарғы қызмет — аталық (қамқоршы) қызметін атқарған қазақ сұлтаны Мұхаммед Момын «дарынды да көп білетін адам еді, — деп жазады Шах-Махмуд Чурас. — Фирдоусидің «Шахнамасының» денін жатқа айтатын, кітапты да мақамдап оқитын адам болған».

Осы арада Жалайырдан шыққан Қошым бидің баласы, XVII ғасыр басының авторы Қадырғали би есімін айтпай кетуге болмайды. Қазақ даласынан шыққан, қазақ Оразмұхаммед сұлтанның қасына ерген ол парсы тарихшысы Рашид ад-Диннің «*Жамиғат тауарих*» аталатын атақты шығармасын түркі тіліне қысқартылған нұсқада аударып, XV—XVI ғасырлардағы қазақ хандары мен сұлтандарының шежіресі мен қызметі туралы деректер жинағын құрастырды.

Көшпелі тұрмыс және хандықты аздырып та, тоздырып та біткен өзара үнемі қырқысулар қазақтар арасында жазу-сызу, кітаби білім таралуына жағдайлы болмады. Сөйте тұра, мысалға келтірілген материалдардан көрінгеніндей, қазақ қоғамының жоғарғы тобы немесе олардың бір бөлігі білімді болғанын, оны да осы әлеуметтік топтың артықшылығы деп білуімізге болатынын көрдік.

Ақсүйекке сондай-ақ XIV ғасырда Жошы және Шағатай ұлыстарында ислам ресми дінге айналғаннан кейін Шыңғыс әулеті «тектілер тұқымы» деп таныған сейіттер мен қожалар да жатады.

С е й і т т е р (сөзбе-сөз — көсем, басшы, мырза мағынасында; мұны арабтардағы кісі атымен шатастыруға болмайды). Сейіттер деп



мұсылман әлемінде Мұхаммед Пайғамбардың қызы Фатима мен Әзірет Әліден (Әлиден) (656—662 жылдары билеген) тараған ұрпақтарды атайды. Әйелдерді сеида (әміршім) деп атаған.

Сейіттер мұсылман қоғамындағы әлеуметтік иерархияда оқшау бір жікті құрап, ежелден айрықша құрметке бөленіп, көптеген артықшылықтарды пайдаланып отырған. Мұсылмандар ұғымында сейіттер көбіне әулиелермен теңестіріледі. Олар мұсылмандықтың діни идеяларын таратушылар деп есептеліп, өлім жазасына бұйырылмайтын. Тек солар ғана мұсылман билеушілеріне шындықты айтып, кейде тіпті олардың мінін бетіне басып отырған.

«Мунтахаб ат-тауарихи Муини» (XV ғасырдың басы) кітабында Алтын Орда әміршісі Әзіз хан (1360 жылдары билеген) зинақорлыққа бейім болып, сол үшін оны Махмұд сейіттің жазғырғандығы айтылады. Хан оның сөзіне құлақ асып, тіпті оған қызын беріп, опынатынын білдірген, бірақ көп уақыт өтпей бұрынғы тірлігіне қайта оралып, ақыры өз жақтастарының қолынан өлген.

Темір саясатының негізі дінді, дін иелерін, әсіресе сейіттерді құрмет тұту болған. Мұхаммед Пайғамбардың ұрпақтарының, Темірдің өзінің ұрпақтарының өмірі де, тағдыр қайда айдағанмен, жазадан тыс болған. Әскерилердің сейіттерді және діни ғұламаларды тонауына, оларды тұтқындауына тыйым салған. Сейіттердің біреуі Темірге қарсы жаулық әрекет жасар болса, жер аударылып, әрі кетсе елден қуылған.

Сейіттер барлық сословиеден қыз алғанымен, өз қыздарын басқаларға бере бермеген. Өйткені сейіт қызынан туған бала, ата-тегіне қарамай, Мұхаммед Пайғамбар әулеті сейіттердің барлық құқығы мен артықшылығына ие болып отырған. Сейіт болу құрметі қымбат бағаланғаны, олардың өз қатарына өзгені жолатпауға тырысқаны соншалық, XVIII—XIX ғасырларда тіпті Шыңғыс тұқымына жатпайтын Түркістан билеушілерінің кейбірі өз ұрпақтарының дәрежелері мен құрметті теңеулеріне «сейіт» деген жоғары атақты қосу үшін Мұхаммед Пайғамбар әулетінен зорлықпен қыз алып отырған.

Қожалар (сөзбе-сөз — қожайын, мырза). Түркістанда мұндай құрметті атақ бір жорамал бойынша, Мұхаммед Пайғамбардың ең жақын серіктері, төрт әулие халифтің (Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли (оның Мұхаммед Пайғамбардың қызы Фатимадан туған балаларынан басқа) ұрпақтары деп саналатын адамдарға берілген; екінші бір болжамда олар ортаазиялық косөзен Әмудария мен Сырдария аралығы (Мәуереннахр) мен Оңтүстік Қазақстанды жаулап алған (VIII ғасыр) алғашқы арабтардың ұрпағы деп аталады.

Сөйтіп Шыңғыс әулеті мен сейіттерден өзгеше қожалардың бәріне ортақ ата-тегі жоқ. Жазба деректердің айтуынша, қожаларға да, «әулетті рулар» өкілдеріне де күш көрсетуге болмайды. Қожалар ішінде оқымысты адамдар, дін мен мемлекет қызметкерлері көп болған.

Қожалар рулар мен тайпалардың бәрінен тысқары тұрады, өздерін қазаққа да, өзбекке де, тәжікке де жатқызбайды. Олар сұлтандар мен сейіттер сияқты томаға-тұйық ақсүйек тек құрады, әлеуметтік пирамиданың үстіңгі қабаттарына көтеріліп, көп артықшылықтармен пайдаланды.





«КАРАСУЙЕК»
АДАМДАР

«Ақсүйекке» қарама-қарсы қалған жұрттың бәрі «қарасүйек» аталды.

Сұлтан, сөйіт, қожалар сияқты емес, халықтың бұл әр түрлі санаттарын атау үшін бірнеше термин қатар қолданылды: *қараша, қара халық, қара кісі, құл-құтан, шаруа, бұқара*.

Көшпелі малшылар. Деректер мәліметтеріне сүйенсек, қатардағы көшпенді — жеке бас және мүліктік құқы бар ерікті заңды тұлға. Отағасы ретінде оның өз қалауы бойынша мал-мүлкін мұраға қалдыруға, куәгер болуға, жыл сайынғы «халық жиналысына» қатысуға қақысы болған.

Ақсүйек тұқымдарға қарағанда бұларда ру мен тайпаға бөліну берік сақталған. Сондықтан да *қарасүйектердің* әрбір өкілінің қоғамдағы орны да өз руының беделімен өлшенетін еді.

Қарапайым көшпендіні өлтірген адам жазаланатын, дегенмен заң жауапкершілігі бірдей болмай, айыпкердің әлеуметтік һәм қоғамдық жағдайына байланысты болатын.

Ерікті адамдардың жекебастық және мүліктік құқықтарының қорғалуын мемлекеттік аппарат емес, тек қана ру мүшелерінің ынтымақшылдығы қамтамасыз етіп отырды; «рубасы би арқылы мемлекет, мысалы, кісі қолынан өлген адамның туысқандарының қанды кек алу, *барымта* құқығын ғана қамтамасыз ететін.

Сөйтіп, жеке адам сол рудың бір мүшесі ретінде ғана қаралды, ру ғана заңдық тұлға болды.


Құқықтарды жүзеге асырудың көшпелі тұрмысқа тән бұл әдісі бойынша, руы аластаған жеке адам заңнан тыс, қорғансыз қала берген.


Ең көне әрі маңызды міндет — жасы жеткен жеке басы азат әрбір көшпендінің **әскери міндеткерлігін** өтеуі еді. Біз ол міндеткерлікті өткерушілердің қандай құқықты («халық жиналысына» қатысу құқығы?) пайдаланғанын білмейміз, тек соғысқа тегін қатыспайтыны ғана аян, бірақ әскери міндеткерлікті өткеруге жарамды деп табылған адамға сұлтандар мен билерден басқаларына қосымша міндеттер жүктелетін.

Мәселен, «*Жеті жарғы*» бойынша, «қару ұстай алатын» әр адам жыл сайын өз мал-мүлкінің жиырмадан бір бөлігін хан мен биге төлейтін болған. Деректерде ол алымның не деп аталғаны айтылмайды. Қалай орындалғаны да беймәлім.

Тек қана тұрғындардың көшпенді бөлігі үшін салық жүйесінде алыс-беріс малмен есептелгендіктен, сондай-ақ хандық экономика-








сының тән сипаты көшпенді мал шаруашылығы болғандықтан, жалға жүріп те өтеген шығар деген жорамал жасауға болады.

Көшпенді малшылар үшін енді бір міндеткерлік – **үй-жай міндеткерлігі** болатын, ол заттай өтелетін.

Билеуші мен оның отбасына, толып жатқан нөкеріне қажет азық-түлікті халық ханның ұлыстарды аралауы кезінде беруге тиіс болды.



Билер. Қарасүйек әлеуметтік тобы ішінде тек солардан шыққан рубасы билер ғана едәуір ерекше құқықтармен пайдаланатын. Би сөзі келе-келе өзгеріске ұшыраған бек сөзінен шыққан, ол XV ғасырдан бұрынғы деректерде кездеспейді, ал түріктің «бек» сөзі монғолдың *ноян*, араб-парсының *әмір* сөзіне келеді.


Билер (бектер) күшті, көп те, беделді де болатын, өз руының ертеден келе жатқан көнелігі, көптігі олардың дәрежесін арттыра түсетін. Қазақ ұлыстарының билері бірқатар ерекше құқықтармен пайдаланатын, өз руының ішіндегі (ханнан басқа) сот, әкімшілік, әскери биліктің бәрі солардың қолында болды. Бұл билік билерге біршама саяси бедел де беретін, олар сұлтандармен бірге жыл сайынғы «халық жиналысына» қатысып, жалпы мемлекеттік мәселелерді шешуге араласып отырды. Рубасыларының ең беделділері хан қасындағы «билер кеңесіне» кірді. Соғыс жорықтары кезінде өз руының жасақтары мен шерігін билер басқарды.


Хандықты басқару ісінде маңызды міндет атқаратын болғандықтан, билер бойында бірнеше қасиет болуы шарт еді, тым құрығанда әскербасылық, әкімшілік, соттық, дала ақсүйектерінің қасиеттері болуы тиіс-тін. Билер — көненің көзі, сондықтан олар ел билеу ісінің барша міндеттерін етене еркін меңгерген адамдар. Оның үстіне билер (бектер) Орталық Азия мен Дешті Қыпшақта Шыңғыс әулетінен де бұрын болып келген.


Тегі **ұлттық емес** Шыңғыс ұрпағына қарама-қарсы билер, былайша айтқанда, **ұлттық** ақсүйектер, қарасүйек әлеуметтік тобының бетке шығары болды.

Шоқан Уәлихановтың пікірінше, би атану үшін халықтың әдет-ғұрпы мен дәстүрлеріне жетік болу, оның үстіне шешендік қабілеті болуы, тыңдаушысын иландыра білу, оның сана-сезіміне әсер ете білу талап етіледі. Би туралы «Шешенге тіл берген ғой» деседі. Сөйлеген кезде олар мақалдап, мәтелдеп сөйлейтін. Қазақстанда қызмет еткен орыс офицері Е.И.Шевалин былай деп жазған: «Қазақ тілінде олардың және жалпы халықтың мінезін анық білдіретін мақалдар көп... Олардың кейбіреулері тамаша екенін мойындау керек... Салиқалы би мен сұлтанның қайсысы болсын мақалдап сөйлеуге құмар және қазақпен сөйлескенде екі сөзінің бірі мақал болып шығады. Мұның өзі оларда ақылды, іскер, би, сот болуға таптырмайтын адамның белгісі деген сөз».

Билер шешендігінің үлгілері ауыздан-ауызға тарап, замандастарымыз оларды ден қойып, ұғынады, бұл үлгілердің жазушылар, ақындар шығармашылығына ықпалы күшті.








Қ ұ л д а р. Ақсүйектер мен қарашадан басқа, өз басы еркін байлар мен кедейлерден басқа көшпелі қазақ қоғамында аз да болса бас еркі жоқ құлдар (ер) мен күндер (әйел) болған.

Құлдар қатары негізінен жау жағының қолға түскен адамдары, құл саудасы, борышын өтей алмаудан толығып отырған. Заң тұрғысынан құлдар қоғамның ең құқықсыз әлеуметтік тобы болды. Бас еркінің жоқтығының өзі құлды құқыққабилетті адамның пұрсаттылығынан айырып, затқа, малға теңестірді.

Құл куәлікке де жүре алмады, қаншама қорлық-зорлық көрсе де қожасының үстінен шағым айтуға қақысы жоқ болды.



Құлдар өз қылмыстары үшін де жауап бермейтін. Құлдарының қылмысы үшін қожайыны жауап беріп, қарсы жаққа олар келтірген зиянды өтеуге тиіс болды. Сондай-ақ құлдың ісі билер сотында қарауға жатпады. Еріксіздің барлық қылықтарына жазаны қожайыны белгілейтін. Құлдардың мемлекет алдында да ешқандай міндеткерліктері болмайтын.

Қоғамның басқа мүшелерінен даралап тұрған барлық құлдарға ортақ сипат — олардың өмірі қожасының қолында екендігі. Бұл еріксіздіктің шегі жоқ еді. «Жеті жарғы» бойынша құл өмірі мен өліміне қожасы ғана жауап беретін. Хандықта кез келген ерікті адам құл ұстай алатын, ал қожасының жеке меншігіне айналған құл өз еңбегі үшін ішер тамақ, киер киім ғана алатын.








Б а й л а р. Әрине, қазақ қоғамында мал-мүлікке қарай бай, кедей болып бөліну де орын алған. Бай — осы сөздің тура мағынасындағы түркі сөзі. Бұл сөз көне түркі жазбаларында да, кейінгі ортағасырлық мұсылман деректерінде де кездеседі. «Бай» сөзі адамның әлеуметтік жағдайының көрсеткіші болып, адам атының құрамында қолданылатын ең көне жазу, В. В. Бартольдтың айтуынша, XIII ғасырдағы мұсылман жазбасы, Жувейнидің мәжуси қарақытай горханының уәзірі мұсылман Махмуд бай туралы әңгімесі екен.

Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, байындыр және байат этнонимдерінің түбірі бай, байан сөзі көрінеді. 1934 жылы Түркияда «бай» сөзіне жаңа мағына беруге талап жасалды. Үкімет жарлығымен түрік азаматтары жиналысқа қарап сөз сөйлегенде, бір-бірімен тілдескенде, хат жазысқанда ерлер есімінің алдына бай, әйелдер есімінің алдына байан сөзін қосып жазу міндеттелді.

Ортағасырлық автор Ибн Рузбиханның айтуынша, бай деп ол кезде де қолда барымен беделді, малы да, мүлкі де көп, жылжымалы «арбаға орнатылған үйі» бар адамдарды айтқан. Ол кезде байлық деген билікпен егіз туғандай, «дала адамдары», Шыңғыс хан ұрпағы Мұхаммед Шейбани ханның айтуынша, «қысқа мерзім ішінде қой басын өсіру арқылы байи түсуге, мал ұстау арқылы иен далада үлкен дәулет құрау жолында аянып қалмаған».

Қазақтың нағыз байларының ішінде ондаған арбалы-үйі, жүздеп түйе, он мыңдап қой, он бес, он сегіз мың, тіпті жиырма алты мыңға дейін жылқы ұстағандары болған. Мал иелері үшін бұл бір жағынан атақ пен даңқ көзі еді.



«Бірде мен 8 мың жылқысы бар байдан жыл сайын табынның белгілі бір бөлшегін неге сатып отырмайтынын сұрадым, — деп жазды XIX ғасырда А. И. Левшин. — Ол маған: «Мен неге жылқымды сатуым керек? Ақша деген не ол, сандық түбінде жатады, ешкім оны көрмейді. Ал өрістегі жылқыны көргендердің бәрі менің қандай бай екенімді, малымның көп екенін көзімен көреді, сөйтіп олар менің бай екенімді айта жүретін болады» — деп жауап берді».

Көшпелі қазақ қоғамында байлар саны әжептәуір мол тап болған. Бірақ бұл жерде байлықтың текке жатпайтынын айрықша айтуға тиіспіз, ірі байлар сұлтандар, билер арасында да, қатардағы қарасүйектер ішінде де болған.




Байлық пен дәулет, әрине, адамның беделін арттырып, өрісін кеңейтетін. Бірақ айрықша артықшылық құқық бере қоймайтын. Қоғам ішіндегі жеке байлардың беделі олардың шыққан тегімен өлшенетін. Мәселен, қайсыбір сұлтан кедей болса да қоғамның осы тобына заңмен берілген құқықтар мен артықшылықтардың бәрін пайдаланады.

Сөйтіп бай атанудың экономикалық және саяси да мәні болды. Байдың экономикалық дәрежесі байлығының мөлшерімен өлшенсе, оның «бақуатты өмірінің» негізі болып отырған сол байлық қоғам ішіндегі саяси мәртебесін де көтере түсетін.

«Жеті жарғыға» сай, бай адам, егер ол сұлтан не би болмаса «қару ұстауға жарайтын» кім-кімнің бәрі секілді ханға «жыл сайын өз мал-мүлкінің жиырмадан бірін» алым-салық ретінде төлеп тұруға міндетті болды.





Б а т ы р л а р. Бас еркі өзіндегі көшпенділердің бәрі әскери міндеткерлігін өткеретін. Дала тұрғындары, шынтуайтқа келгенде, қарулы көпшілік сияқты еді. Қару асынып жүру әрбір ер адамның заңды құқығы ғана емес, тіпті міндеті де болатын. Халық бас қосқан құрылтайда бойында бес қаруы жоқ адам дауыс бере алмайтын, жастар оған ығысып орын бермейтін.

Көшпенділер өмірінде соғыс дәстүрі маңызды орын алғандықтан да әскери ерлікке аса зор мән берілетін. Жорықта кім көбірек қан төгіп, жаудың басын көп алса, сол айрықша құрметке бөленіп, соғыс әдісін жақсы білуімен көзге түскендерге *батыр* (бұл түрік-монғол сөзі *бахадүр*, *бағатүр* түрінде XV ғасырда орыс тіліне де ауысты) атағы берілетін болған. Сайыста айрықша көзге түскен, жекпе-жекте қатарынан бірнеше жеңіске жеткендер, XV ғасыр деректері бойынша, *толыбатыр*, алып күш иесі, төзімді, батыл атағына ие болатын. Содан кейін сол адамның атына «батыр» сөзі қосылып айтылатын болған. Бұл құрметті дәреже-атақ ақсүйек пе, қара ма деместен, жеке ерлігі мен басқа да айрықша қасиеті үшін қоғамның кез келген мүшесіне берілетін. Бірақ бұл атақ мұрагерлік жолымен ұрпағына ауыспайтын.

Батырлардың, кәсіби әскерилердің мән-маңызы олардың соғыс кезіндегі іс-әрекетімен, хан сарайына не беделді сұлтанға қаншалықты жақын екендігімен де анықталатын болған. Өз мәртебесіне орай батырлар да қазақ қоғамында айрықша артықшылығы барлардың тобына жататын. Сөйте тұра батырлығынан басқа олардың көпшілігінің қолында билік болмайтын да, олар көбіне ерлігімен өз руын басқару құқығын тартып алушы рөлінде көрінетін.

Батырлар есімі даланың түкпір-түкпірінде белгілі болатын. Даңқы алысқа тарап, ерлігін ақын-жыраулар жыр-дастанына арқау ететін. Ортағасырлық батырлар жырының бірінде: «Қобызын алып қолына, ел кезіп ақын жүреді, кімнің ер, кімнің ездiгiн жырау ғана бiледi» — делінген.

Батырды Қазтуған жырау былайша сипаттайды:

Бұдырайған екі шекелі
Мұздай үлкен көбелі
Қара ұнымы сұлтандайын жүрісті

- - - - -

Ұстаса қашағанның ұзын құрығы
Қалайылаған қасқа орданың сырығы.



А қ с а қ а л д а р. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында ақсақалдарға (парсыша — *риш-и сафидан*) да айрықша орын берілген.

Ақсақалдар жайлы сөз қозғаған соң, менің ойымша, адамның бүкіл өмірін жас мөлшерлік кезеңдерге бөлу және бөліп атау туралы ортағасырлық түркі әдеби ескерткіштерінен алынған деректерді де айта кету ләзім. Оларда адам өмірін жас мөлшеріне қарай негізінен жетіге бөледі. Олардың алтауы адамның балалық, жігіттік және ересек кезін білдіреді және бала, жігіт деген негізгі екі атпен аталады. Мысалы, *емшектегі бала, кішкентай бала (сәби), бозбала, жас жігіт, жігіт, жігіт ағасы, ақсақал немесе қарт адам, қария, шал* болып кете береді.

Адам өмірінің ең қысқа кезеңі — емшектегі кез, ол небары он-он екі айға созылады. Харамханадағы ер балаларды анасының бауырынан тек жеті-сегіз жасында айыратынын ескерсек, бозбала дәуір де сол шамадан кейін басталатын болуы керек. Жас жігіт ретінде көмелетке толған соң, егер ол Шыңғыс хан тұқымынан болса, Хиуа ханы — тарихшы Әбілғазының (1603—1664) айтуынша, оған өз алдына уалаят-иелік, ел бөліп беріп, алдына мал салған. Деректердің материалдарына қарап пікір түйер болсақ, көмелеттік жас — адам жасының он алты-он сегізге толған шағы. Жиырмадан кейін — жігіт жасы, болып-толған жас, қырыққа таяу — орта жас деп есептелген.

Елудегілерді негізінен жігіт ағасы атайтынын ескерсек, келесі кезең — ақсақалдық алпыстан кейін басталатын болуы керек. Бұл жерде дәл осылай деп шектеу қойған ешкім жоқ, бәрі де мөлшермен айтылады.

Адам ғұмырының ұзақтығы да әр түрлі болған. Әлеуметтік жағдайына орай, қоғамның төменгі сатысындағылардың ғұмыры қысқарақ болды. Сөйте тұра, ортағасырлық жазба ескерткіштерінде жетпіс, сексен, тіпті жүз жасаған адамдар жайлы деректер аз емес.

Ортағасырлық авторлардың бәрі де адамды алды-артына қаратпайтын есер шақ — жастық жайлы шабыттана жазады, жас кезінде махаббат та, ғадауат та, өкініш те, өкпе де, үміт те, күдік те, қауіп те, қатер де — бәрі де керемет. Жас ұлғая келе бәрі көрген түстей жоғалып, көзден бір-бір ұшатыны жаман.

Бірақ жас ұлғайған сайын, дейді олар, ақыл-тәжірибе көбейе түседі. Саманидтер дәуірінің өзінде (875—999) Низам әл-Мүлктің айтуынша, облыстар наместниктігіне отыз бес жасқа толмаған адам тағайындалмайтын. Бұл жерде ден қоярлығы: сол бірінші мыңжылдықтың аяғында да отыз бес жас жастықтың соңы болып есептелген.

Көне деректерге сүйенсек, ақсақалдар елдің саяси өмірінде көбіне маңызды рөл атқарған, олар араз ағайындар арасын дәнекерлеуші,


аталы сөзімен бітім айтушы ретінде құрметке бөленіп, ел-жұртқа қызмет еткен.


В. В. Бартольдтың айтуынша, *ақсақал* — қолында өкілетті билігі жоқ, бірақ бұрыннан сіңген еңбегі бар, мол тәжірибе, парасатымен үлкен-кішіні аузына қаратқан құрметті адам.

Оң жақтан және сол жақтан орын алып жайғасу ережесі бойынша, «*Бахр әл-асрар*» авторы Махмуд ибн Уәлидің сөздеріне жүгінсек, XVII ғасырда Аштархандықтар сарайында *ақсақалдар* (қарттар) төрдің сол жағын ала жайғасатын болған. Қазақта да солай, құрметті орын қарттардікі.

Сонымен, қазақ қоғамы бір-бірімен тығыз және әркелкі байланыстағы топтар мен жіктердің иерархиялық түрде ұйымдасқан әлеуметтік құрылымы болды.

«Ақсүйек» және «қарасүйек» адамдар туралы ілгеріде сипатталғанның бәрі бірдей бүгінгі өмірде жойылған деуге келмейді. Текке, жүз бен руға қатысты ескі нанымдар қайсыбірде қазір де қылаң беріп қалады. Бірақ әр дәуірдің өз жаңалығы бар. Сондықтан қазақ қоғамы да жаңарып, жасара беретіні сөзсіз.





ҰЛЫСТАР
МЕН ЖҮЗДЕР

Мемлекетте жоғарғы билік ханның қолында шоғырланғанымен, жоғарғы билік бір болғанда ел басқару жүйесінде біртұтастық болмады.

Ұлыстар. Барша көшпенділер мемлекеттеріндегідей, үлкенді-кішілі иеліктерден — ұлыстардан тұратын Қазақ хандығы да бүкіл билеуші әулеттің меншігі деп қаралды. Ұлыс XV—XVI ғасырлардағы көшпелі қазақтардың әкімшілік-саяси ұйымының негізгі нысаны болды. Шыңғыс хан ұрпағынан құлға дейінгі барлық әлеуметтік топтар мен санаттар ұлыс арқылы қауымдасты. Ұлыстың алғашқы әлеуметтік ұясы отбасы мүшелерімен қоса жалшылары мен құлдары да кіретін *шаңырақ* (түпнұсқада — *ханеуар*) еді. Сондай бірнеше шаңырақ жиылып *ата* (түпнұсқада — *фирке*), бірнеше атадан барып *ру* немесе *тайпа* (түпнұсқада — *тайфа*) құралды да, бұлардың бірлестігі ұлыс халқы болды.

Бүкіл ұлыстың барлық адамдарын білдіру үшін ел деген түркі термині қолданылды. Ұлыс негізі де сол ел. Елден айырылған ұлыста да береке болмай, құрып тынған.

Ұлыстың өз аумағы болып, ол да түркі сөзімен *жұрт* деп аталды. Деректерге сүйенсек, ұлыстардың аумақтары біршама тұрақты болған және, тегінде, Қазақ хандығынан тысқары жерлерде жақсы мәлім болса керек.

«Әрбір белгілі ұлыстың Шыңғыс әулетінен шыққан толық билікті сұлтаны бар» — делінеді деректерде.

Елді — халықты билеуші сұлтан өкімі сол *жұрттың* барлық аумағына бірдей жүрген.


Сөйтіп, қазақ ұлыстары сол кезгі көшпелі жағдайға бейімделген, автономиялы саяси-әкімшілік бірлік болды. Өзінің өзгермес *жұрты* (аумағы) болуы ұлыстың аумақтық-географиялық орнықтылығын сақтап, сұлтандардың «толық билігі» оған саяси мазмұн берді, ал ұлыстың елі болған, белгілі бір өңірде орналасқан рулар мен тайпалар саяси өкіметтің объектісі, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың субъектісі, сондай-ақ ұлыстың қарулы қорғаны болды.

Әрбір ұлыстың құрамында он мыңға жуық шаңырақ болды, ол алпыс мыңға тарта адам деген сөз. Сөйте тұра ел мен *жұртты* сыртқы жаулардан мол күш қана қорғай алатын жағдайда, бұл халық саны аз саяси-экономикалық бірліктің жеке дара өмір сүруі өте қиын немесе мүлдем мүмкін емес еді. Сондықтан он мың шаңырақтан тұратын ұлыстар басқалармен қосылып, іріленіп отырды.

Мұндай бірігу де билеуші сұлтандардың туыстығына негізделетін. Бір атадан тарайтын сұлтандардың ұлыстары ұлыстар бірлестігін құрап, оны жасы үлкен сұлтан басқарды. Кішігірім ұлыстардың сұлтандары







жасы үлкен сұлтандары өлген соң ірілеріне барып қосылып отырды. Бірігудің бұдан басқа да принциптері болған болуы мүмкін.

Ұлыс бірлестіктерінің өзінің айрықша аты болмады, жазба деректерде олар ірі ұлыс сұлтанының есімімен аталады. Әрбір іріленген ұлыс халқының саны шамамен үш жүз-төрт жүз мың адам болса, осындай бір ұлыс әскерінің саны да отыздан елу мыңға дейін жететін еді. XVI ғасырда Қазақ хандығының құрамында жиырмаға тарта жай, немесе үш ірілендірілген ұлыс болды.

Ж ү з д е р. Ұлыстық жүйе қазақ қоғамын құрайтын бірден-бір нысан болған жоқ. XVII ғасырдың басынан бастап қазақтың барлық рулары мен тайпалары Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз атты үш топқа біріккен болатын. Қазан революциясына дейінгі тарихи әдебиеттің бәрінен жүз терминінің орнына орыс тіліне ежелгі уақытта кірген орда термині қолданылды.

Жүздер аты оған қамтылған көшпенділердің санына қарай емес (Кіші жүз халқы бәрінен көп), олардың құрамына кірген рулардың үлкенді-кішілігіне қарап қойылса керек. Бұл орайда рулар мен жүздер арасындағы үлкендік тура жолмен белгіленді: Ұлы жүздің «ең соңғы руының», Орта жүздің «ең үлкен руының» алдында артықшылығы болғаны сияқты және басқалар. Ол бір ғана – атасы үлкен сөзімен ақталып отырған. Этнографиялық байқауларға сүйенсек, аға сыйлау дәстүрі әскери тәртіпте де, олжа бөлісу кезінде, үйге кіру және орынға қарай орналасу, салтанатты бастау, той-томалақта, қонаққа табақ тарту рәсімдерінде сақталып отырған.

Біздің қолымызда қазақ жүздерінің қашан және нақ қалай құрылғаны жайлы дәл мәлімет жоқ. Шығыс Дешті Қыпшақтағы XVI ғасырдағы — XVII ғасырдың басындағы жағдай жайында жазылған деректердің көпшілігінде әскери-саяси және мәдени өмір жайындағы дерек молдығына қарамастан, қазақ жүздері жайлы ешнәрсе айтылмайды. Иран тілдес және түркі тілдес шығармалардан біз хандардың есімдері, олардың қарым-қатынасы, шапқыншылықтар мен соғыстар, көші-қон, тіпті тері илеу технологиясы жайлы мәлімет аламыз. Бірақ Қазақ хандығының аумақтық-әкімшілік құрылымдары жайлы сөз бола қалса, тек ұлыс — үлес-иелік, сондай-ақ мемлекет термині ғана айтылады.

Арнайы әдебиетте қазақ жүздерінің шығу уақыты жөнінде бірыңғай пікір жоқ. В. В. Вельяминов-Зернов (1830—1904) және басқа бірқатар авторлар XVI ғасырдың аяғында — XVII ғасырдың басында үш ордаға (жүзге) бөлініп кеткен алғашқы біртұтас қазақ иелігі болғанын тілге тиек етеді.

Жүздердің XV—XVI ғасырларда қалыптасқаны жөніндегі жорамалды Қазақстанның аға буын кейбір ғалымдары теріске шығарған болатын. Мәселен, С.А.Аманжолов, Х. М. Әділгереевтер қазақ тайпаларының үш жүзге бөлінуі VII ғасырда басталып (солай!) X ғасырда аяқталған (солай!) деп болжайды.

Қазақтың үш жүзінің құрылған уақытын VII—X ғасырларға жатқызу X ғасырдағы араб географы әл-Масуди шығармасындағы бір үзіндіге негізделген.

Арал және Сыр бойы түркі тайпалары туралы жаза келіп, ол:

«Бұл жердегі түркілер арасында ғұздар, (біразы) көшпенділер, (біразы) отырықшылар басым. Бұл түркі тайпасы, олар үш топқа: төменгі, жоғарғы, орта ғұздарға бөлінеді...» дейді.

Бұл үзіндінің француз тіліне XIX ғасырда аударылған ескірген нұскасында және П. Лерхтың еркін аудармасында арабша түпнұсқада **жоқ** «үш ордаға бөлінеді: Ұлы, Кіші және Орта» деген тіркес қолданылған.

Мәтіннің осы интерпретациясы қазақ жүздері X ғасырда-ақ болған деген қате пайымдауға негіз болған. Өз кезегінде, жүздер (ордалар) VII—X ғасырларда болған деушілік аталған авторлардың жүздер қазақ халқының әлеуметтік-саяси ұйымдасуындағы тән сипатты нысан деп, бұл халық бұрын келтіріліп жүрген жазба деректерде айтылғандағыдан мың жыл бұрын қалыптасқан деп пайымдауына мүмкіндік берді.

Қазақ халқының тарихында жүздер деп **біртұтас** қазақ ұлтының құрамды бөлігі екенін ұғынатын, жалпықазақ аумағының дәстүрмен бекіген бір бөлігін мекендеп отырған белгілі бір тайпалар одағын айтады. «Жүз» терминінің осы ұғымы әбден орныққан. Сөйте тұра, әл-Масуди шығармасындағы үзіндіні қате түсіндіруді есепке алмасақ, «қазақ» аталатын белгілі бір тайпалар тобының шығуы Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындарының өзара өзбек, ноғай (маңғыт), қазақ болып этностық-аумақтық бөлінуіне орайлас, ал бұлайша бөліну XVI ғасырдың 10-шы жылдарынан ерте болған жоқ.

Сондықтан қазақ жүздерінің бірінің аты аталған құжат 1616 жылмен белгіленуі де әбден заңды. Бұл жерде сөз қырғыз бірлестігімен бірге қазақтардың «Үлкен ордасы» жайында да айтылатын «Қызмет адамдары Г. Петров пен Н. Куницынның Қалмақ жеріне барғаны жайлы елшілік приказындағы сұрақ сөздері» деген еңбек жайлы болып отыр.

«Бір байқағанымыз, — делінген сол құжатта, — Қалмақ жерінде олардың боданы болып және соларға бағынған **Қазақтың Үлкен ордасы** мен Қырғыз ордасы бар, сол екі ордадан қалмақ күштірек».



Бұл жерде «Қазақтың Үлкен ордасы» аталғанда, қазақстандық оқымысты В. П. Юдин әділ атап көрсеткендей, бізге кейінгі құжаттардан «Қазақтың Кіші ордасы» ретінде белгілі басқа бірлестіктің бар екендігі жанамалап нұсқалып тұрғанын аңғарамыз.

Қазақ мемлекетін 1652 жылдан кейін билеп, 1715—1717 жылдар аралығында қайтыс болған Тәуке хан тұсында, А. Левшиннің материалдары бойынша, үш жүзді басқару үшін «жеке үш басшы сайланып, олардың ханға тікелей бағыныста болғаны» айтылған. Олар: Ұлы жүзде — Төле би, Орта жүзде — Қазыбек би, Кіші жүзде — Әйтеке би еді.

Қазақ ұлыстарының басында қалайда сұлтандар (XV—XVI ғасырлар) тұрса, ал қазақ жүздерінің басында (XVII—XVIII ғасырдың басы) билер отырғанына көңіл аудармай болмайды.

Бұл жерде біз қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси тұрғыдан ұйымдасуының әр түрлі екі нысанын көреміз. Осының өзінде ұлыстар жүздерден бұрын болған. XVI—XVII ғасырлар тоғысында құрылым түзетін бұл екі нысанның екеуі де — ұлыстар мен жүздер — Қазақ хандығының аумағында қатар болған. 1612 жылы қазақ сұлтаны болашақ аға хан Мұхаммед Тұрсын өз ұлысына қырғыз бен қалмақтың бірлесіп шабуыл жасайтынын айтып шағынса, орыс деректерінде сол 1616 жылы қазақ жүздері болғаны еске алынады. Бұдан ілгеріректе «Қазақтың Үлкен ордасы» аталған құжаттан үзінді келтірілген болатын.

Өз қорытындысының сөзсіз растығын дәлелдейтін фактілері болмаса да, осы жолдардың авторы соған қарамастан, бұл жерде қазақ қоғамындағы бір құрылымның бірте-бірте екінші құрылымға, яғни ұлыс жүйесінің жүзге алмасуы туралы айтылып отыр деп есептейді. Құрылымдардың бұлайша ауысу себебі бізге оншалық мәлім емес, бірақ тарихи тұрғыдан XVI—XVII ғасырлар тоғысында болуы мүмкін және, тегінде, XVII ғасыр бойында орныққан болуы керек; бұған осы кезде Түркістан қалалары мен қамалдарының көбінің қазақ билеушілерінің иелігіне өтуі едәуір жағдайласқан болатын. Деректерге қарағанда, ұзын саны жиырмаға жуық ол қалалардың басында қазақ сұлтандары отырған.

Бұл жағдайда XVII ғасырда қала басы-сұлтанның мәртебесі, тегінде, XV—XVI ғасырлардағы ұлыс сұлтанымен дәрежелес болған. Бұл ретте жүздердің де өзгеріске ұшырағанын айта кету керек. XVIII ғасырдың 20-шы жылдарына қарай барлық үш жүзді билердің орнына Шыңғыс әулеті өз хандары басқарды. Сол кезден бастап жүздердің өзі дербес хандықтарға айналды.

Кіші жүз қазіргі Батыс Қазақстан аумағын жайлады. Олардың қонысы Үстірт жазығы, Ор, Жайық, Елек, Жем өзендерінің салалары, Мұғал-жар тауларына қарай созылып жатты. Қыстаулары Ырғыз өзенінің бойы, Сырдың төменгі сағасы, Арал теңізінің батысынан Маңғыстау түбегіне қарай, Каспий ойпатының шығыс бөлігін құрайтын болған.

Орта жүз Орталық, Солтүстік және Шығыс Қазақстан аумағын жайлады. Олардың жаз жайлауы мен қыс қыстауы Сарысу өзенінен басталып, Есілдің жоғары жағы, Тобыл, Торғай өзендеріне дейін, Ұлытау маңынан, оған жалғас көлдер өңірінен әрі асып жатты.

Ұлы жүз Қазақстанның оңтүстік-шығысын жайлады.

Жүздік құрылымның төрт ғасырға созылған тарихы қазақ халқының этностық санасына әсер етуінің күштілігі сондай, күні бүгінге дейін ол әрбір қазақ шаңырағының жадында сақталып отырғанын былай қойғанда, қазақтардың күн сайынғы тірлігіне де әсерін тигізуде. Сөйтсе де руға, жүзге бөлінудің таяудағы болашақта өткен тарих үлесіне қалып, жалпыұлттық мүдденің жетекші рөл атқаратыны күмәнсыз.





ЭПИЛОГ



Хижраның 875 жылы (1470—1471) қазіргі Қазақстан аумағында жаңа мемлекеттік құрылым пайда болды. Оны Керей мен Жәнібек сұлтандар басқарды. Ұлы Дала (Дешті Қыпшақ) көшпенділерінің оларға қосылған бөлігі *қазақтар* деп аталды. Жаңадан пайда болған этностық-саяси қауымдастық — қазақ халқын үш жүз елу жылдан астам уақыт билеген Шыңғыс әулетінің жаңа тармағы қалыптасты.

Отандық тарих ғылымында қазақ мемлекеттілігі проблемасы жуырдағы уақытқа дейін, тіпті пікір таластырарлық проблема деп есептелмеді, қазақ қоғамы саяси тарихының басқа оқиғаларымен бір қатарға қойып, ол жалпы алғанда бөліп көрсетілмеді.

Солай бола тұрса да, нақ осы датаны қазақ халқының саяси тарихындағы ғана емес, сонымен бірге этностық тарихындағы да бетбұрыс деп есептеу керек, өйткені ол қазақтың ұлттық мемлекеттілігінің дүниеге келген уақытын көрсетеді. Халықтың тарихи жады берік сақталмайынша ұлттың қалыптасуы және өсіп-өркендеуі мүмкін емес, ал қай заманда, қай жерде болмасын халықтың өткен тарихындағы ең маңызды кезең ұлттық мемлекеттілігінің құрылуы болып есептеледі, бұл мемлекеттіліктің әлеуметтік кейпі қандай болғаны және ол уақыттарда мемлекеттіліктің қандай нысаны қолайлы және мүмкін болғаны басқа әңгіме.

2005—2006 жылдары Тұңғыш Қазақ мемлекеті — Қазақ хандығының құрылғанына 535 жыл толады. Алда келе жатқан сол датаның аса зор саяси және қоғамдық мәні бар, өйткені 1470—1471 жылдары құрылған Қазақ хандығы, уақыт тұрғысынан Орта Азиядағы бұрын сол жерді жайлаған арғы тегі немесе тарихи ата-бабалары емес, қазіргі бар халықтың өзі құрған **ең алғашқы** ұлттық мемлекет.

Санкт-Петербург
2002 жыл, мамыр.

Тұрсын Сұлтанов

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ	7
Қыпшақ даласы	10
Алтын Орда және оның ыдырауы	12
Алғашқы Қазақ мемлекетінің алғашқы тарихшысы	26
Қазақ хандығының құрылу кезеңі мен жағдайы	36
«Қазақ» термині	48
Қазақ хандығының негізін қалағандар	58
Қазақ хандығының нығаюы кезіндегі билеушілер	64
Қазақтардың XVI ғасырдағы саяси тарихы	74
Қазақ хандығы XVII ғасыр мен	
XVIII ғасырдың басында	84
Ресей және қазақтар	92
 ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ	 117
«Ақсүйек» адамдар	120
«Қарасүйек» адамдар	128
Ұлыстар мен жүздер	148
 ЭПИЛОГ	 156

Ғылыми-көпшілік басылым
«Жетінші сөз» сериясы

**Тұрсын Икрамұлы
СҰЛТАНОВ**

КАЗАК
МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ
ҚҰРЫЛУЫ.
КАЗАК
ХАНДЫҒЫНЫҢ
ТАРИХЫ

Безендіруші **Кадыр Каметов**
Серияны көркемдеген **Андрей Таловиков**
Аударған **С. Иманасов**

Редакторы **Р. Шаймерденов**,
Корректоры **Р. Көшкінова**
Көркемдеуші редакторы **Ж. Болатев**
Техникалық редакторы **А. Соколова**
Макетін жасап, беттеген **Е. Корешков**,
Л. Корешкова

ИБ N° 8636
Теруге 06. 02. 2003 тапсырылды.
Басуға 29. 04. 2003 қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/16. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Қаріп түрі Gill Sans.
Шартты баспа табағы 16,8 + 0,64 қосарбет.
Шартты бояулы беттаңбасы 70,29.
Есептік баспа табағы 13,0 + 1,0 қосарбет.
N° 421 тапсырыс.
Таралымы 1000 дана.

«Мектеп» баспасы» ЖАҚ-ы, 480009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143
Кітап тарату бөлімінің телефоны: (3272) 42-19-68

«Атамұра» корпорациясының
полиграфкомбинаты
480002, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41

ББК 63.3(5Қаз)

С 89

С 89 СҰЛТАНОВ Т.И.

Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы. Қазақ хандығының тарихы — («Жетінші сөз» сериясы). Алматы: Мектеп, 2003. — 160 бет.

ISBN 9965-16-506-8

«Жетінші сөз» сериясы белгілі шығыстанушы тарихшы, Санкт-Петербург университетінің профессоры Т.И. Сұлтановтың кітабын ұсынып отыр. Ғалым түркі және парсы деректемелерін талай жыл сарылып зерттеген. Автордың «Мектеп» баспасына арнап дайындаған Қазақ мемлекетінің тарихы мен алғы тарихы жайлы төрт кітабы осы деректемелер негізінде жазылған, бұл кітаптары: «Шыңғыс хан және оның ұрпақтары», «Алтын Орда. Еуразия даласындағы Шыңғыс әулеттері мемлекеті», «Темір және оның империясы», «Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы. Қазақ хандығының тарихы».

Баспа бұл тақырыпты әншейін оқырманның ойынан шығайын деп колға алып отырған жоқ. Осы серияның басқа кітаптарының шығарылуы да оқырманның білмекке құмарлығына орайласпақ ниеттен емес. Оқырманның өз халқының өткенін ыждағатпен зерделеуіне, көшпенді қазақтардың төлтума мәдениетін ұғынып бағалауына жағдайласу көзделеді.

Т.И. Сұлтанов қазақ халқының тәуелсіздікке жетудегі күрделі тарихи жолы туралы кітабын «Халықтың тарихи жады берік сақталмайынша ұлттың қалыптасуы және өсіп-өркендеуі мүмкін емес» деген сөздермен қорытындылайды.

«Жетінші сөз» сериясындағы әрбір басылым осы қорытындының діттелуі деуге болады.

С 0503020905 – 154 Қос шешім – 03
404(05)–03

ББК 63.3(5Қаз)

Басылымның мүліктік құқығына
«Мектеп» баспасы» ЖАҚ-ы ие

© Сұлтанов Т.И., 2003

© Каметов М., безендірілуі, 2003


© Иманасов С., аударған, 2003

© Гусакова С., серияның идеясы мен дайындалуы, 2002

© Таловиков А., серияның көркемделуі мен белгісі, 2002

ISBN 9965-16-506-8





00-00



ЖЕТІНШІ СӨЗ

Қазақ халқының тарихы мен
мәдениеті жөніндегі
ғылыми-көпшілік кітаптар сериясы